This article provides for the correct selection ratio of raw materials for the production of fermented milk product using a secondary series multiplying I kind of assortments of safe, high-quality to human life that increases the immune activity of the organism. Now the branch of production and expanding assortment of dairy products in development. Dopolnitelnye dobavlyayetsya raw material in dairy product as a result of the special study identifies a number of vitamins and mineral substances. Defined organoleptic characteristics and fiziko-chemical characteristics of fermented milk product obtained dobavlenii leaven in the mixture ratio of cow's whole milk and vtovichnogo of raw milk buttermilk. This paper shows the possibility of obtaining a fermented milk product when you add the yeast to the mixture derived from whole milk and buttermilk.

МРНТИ: 68.05.41

А.С. Сапаров¹, Т.Д. Джаланкузов¹, К.М. Тыныбаева²

¹Каз НИИ почвоведения и агрохимии им. У.У. Успанова, г. Алматы

²Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы

ВЛИЯНИЕ РЕСУРСОСБЕРЕГАЮЩИХ ТЕХНОЛОГИИ ОБРАБОТОК ПОЧВ НА АГРОФИЗИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА ЧЕРНОЗЕМА ЮЖНОГО

Аннотация: В статье рассматривается влияния ресурсосберегающих технологии обработок (нулевая, минимальная и традиционная) почв на морфологические признаки, агрофизические свойства, урожайность яровой пшеницы. Ресурсосберегающие технологии являются ведущим направлением при возделывании зерновых культур. Целью данного исследования является разработка теоретических основ улучшения агрофизических свойств почв, сохранения и повышения почвенного плодородия при уменьшении обработок почв (минимализация) в целях эффективного влагонакопления и повышения урожая. По морфологическому признаку почвенные разрезы представляют собой черноземы южные легкосуглинистые и близкие к среднесуглинистым. При нулевой и минимальной обработке наблюдаются преимущественные значения по плотности и остальным физическим свойствам. Плотность почвы во всех способах обработок 2015 году не превысило оптимальный уровень (1,2 - 1,3 г/см³), а в 2016 году при традиционной обработке была выше этого уровня. Между плотностью почвы и пористостью существует обратная зависимость. Чем больше пористость, тем меньше плотность почвы. Эта закономерность подтверждено и нашими исследованиями. По общей пористости данные относятся к отличной категории. Данные по воздухообеспеченности почвы весной соответствовали оптимальному уровню (20-25%). А также на нулевой обработке прибавка урожая по сравнению с минимальной обработкой была больше.

Ключевые слова: нулевая обработка, минимальная обработка, плотность почвы, пористость почвы, воздухообеспеченность, морфологические признаки почв.

Введение. Роль обработки почвы как фактора регуляции условий роста и развития зерновых культур следует оценивать в связи с другими факторами интенсификации земледелия. Обработка почвы решает многие задачи, такие как регулирование водного баланса, плотности, органического вещества и т.д. Обработка почвы - очень мощное средство воздействия на ее свойства и, как следствие, на состояние агрофитоценозов [1].

Особое внимание в последние годы уделяется вопросам ресурсосберегающих технологии возделывания сельскохозяйственных культур, то есть минимализации обработки почвы под зерновые культуры. Минимальная обработка почвы включает одну или ряд мелких обработок почвы культиваторами и или бородами при этом солома и стерня находится в виде мульчи в верхнем слое почвы (мульчирующий слой) [2]. Система нулевой обработки почвы (также известная как) — современная система земледелия, при которой почва не пашется, а поверхность почвы укрывается пластом специально измельченных остатков растений — мульчей. Поскольку верхний пласт почвы не повреждается, такая система земледелия предотвращает водную и ветровую эрозию почвы, а также значительно лучше сохраняет воду [3].

Уменьшение числа и глубины механических обработок почвы, как одно из направлений минимизации, получило широкое распространения в странах с интенсивным земледелием: США, Германия, Англия, Франция, Румыния и т.д. Лидером по применению ресурсосберегающих технологии является США, где под технологиями с нулевой обработкой почвы занято 25,39 млн.га [4,5, 6].

В Казахстане накоплен также большой экспериментальный материал по минимализации обработки почвы. Многими научно-исследовательскими учреждениями установлена высокая эффективность замены механических обработок [7,8,9,10,11].

Агрофизические свойства почвы есть управляющий орган всей жизнедеятельности возделываемых растений [12]. Плотность сложения почвы является одним из основных показателей агрофизических свойств почвы, и ее изменение существенно влияет на водно-воздушный режим почвы, а, следовательно, на рост и развитие растений полевых культур. Плотность почвы во многом определяет урожай растений. Она оказывает влияние на рост корневой системы растений, так как уплотненная почва является существенной преградой для проникновения корней. В уплотненной почве, при высокой величине γ_b низка порозность почвы [13].

Порозность определяет степень содержания воздуха в почве, а это одно из условий роста и развития растений. Агрономически наиболее благоприятно, когда поры почвы, занятые водой и воздухом, имеют отношение 1:1. Такое соотношение отражает благоприятный водный и воздушный режим в почве, способствует биологической активности. По величине порозности можно судить о некоторых биологических и химических процессах происходящих в почве [14].

Объекты и методы исследований. Исследования были проведены в 2015-2016 гг. в зерновом севообороте на опытных полях Костанайского НИИ. Объект исследования – черноземы южные среднemosные, легкосуглинистого гранулометрического состава.

Оценку действия различных систем обработки проводили в производственном опыте по следующей схеме: 2015 - 2016 гг. – традиционная (послеуборочное рыхление глубокорыхлителем ПГ – 3-5 на 22-25 см, ранневесеннее боронование БМШ -15, предпосевная культивация ОП – 8), минимальная обработка (рыхление дисковыми культиваторами осенью на 0-12 см) и нулевая обработка (механические обработки были исключены, прямой посев по стерне). Органические и минеральные удобрения в почву не вносили. В годы проведения опытов возделывали яровую пшеницу сорта Омская – 18. Площадь учетной делянки 60 м². Повторность отбора образцов и аналитических определений 3-кратная. Почвенные образцы отбирали в слое 0-50 см в мае и осенью.

В образцах почвы определяли водно-физические свойства почв:

- плотность почвы – режущим цилиндром;
- удельная масса – по В.Файнциммеру;
- общая пористость – путем расчета данных ОМ и УМ;
- воздухообеспеченность - по разности между объемом общей пористости и объемом воды в почве;

Учет урожая яровой пшеницы проводился на ключевой площадке (в трехкратной повторности) размером 1x1 метров. Результаты аналитических определений обрабатывались статистическими методами [15,16].

Результаты исследований и их обсуждение.

1) *Морфологические признаки.* В 2015 - 2016 гг. для определения морфогенетических изменений в профиле черноземов южных были заложены ключевые разрезы (рис. 1. Нулевая обработка – А, Минимальная обработка – Б, Традиционная обработка – В. Практически эти разрезы представляют собой черноземы южные легкосуглинистые и близкие к среднесуглинистым. Рассмотренные черноземы южные легкосуглинистые относятся к удовлетворительным пахотнопригодным почвам, но в большинстве случаев подвержены ветровой эрозии и при использовании их необходимо применение комплекса противоэрозионных мероприятий для их улучшения.

2) *Физические свойства чернозема.* Многочисленными исследованиями, проведенными в разных зонах, установлено, что как очень рыхлое, так и очень плотное сложение почвы ухудшает условия жизни растений и ход биологических процессов в почве [17].

В наших исследованиях *плотность* почвы при нулевой обработке колеблется в мае 0,98 - 1,11 г/см³, в августе 0,96 - 1,18 г/см³ (2015 г.). А в 2016 году плотность почвы колеблется в мае 0,83 - 1,15 г/см³ и 1,04 - 1,28 г/см³ в августе (таблица 1).

При минимальной обработке плотность почвы в мае находился в пределах 1,01 - 1,37 г/см³, в августе 1,10 - 1,39 г/см³ (2015 г.) и 2016 году в мае 0,05 - 1,23 г/см³, в августе 1,11 - 1,36 г/см³. При традиционной обработке 2015 году в мае плотность почвы была в пределах 1,05 - 1,16 г/см³, в августе 1,09 - 1,17 г/см³, 2016 году в мае 1,16-1,44 г/см³, в августе 1,22 - 1,46 г/см³.

А - Нулевая обработка

В - минимальная обработка

В - Традиционная обработка




Рисунок 1 – Черноземы южные легкосуглинистые при минимальной (А) , нулевой (Б) и традиционной обработках (В)

Из таблицы 1 видно, что при нулевой и минимальной обработках плотность почвы повышается с глубиной за исключением традиционной обработки в 2016 году. При традиционной обработке плотность почвы в верхних горизонтах выше чем в нижних. Возможно, это связано с чрезмерным переворачиванием пласта почвы в этой системе обработки. Осенью на всех вариантах наблюдается некоторое повышение плотности почвы за счет естественного уплотнения. Данные по плотности почвы при разных способах обработок представлены ниже (табл. 1).

Таблица 1 – Изменение плотности полуметрового слоя почвы в зависимости от способов обработки, г/см³

Слой почвы, см	2015г.		2016г.	
	Май	Август	май	Август
Нулевая				
0-10	0,98	0,96	0,83	1,04
10-20	1,09	1,09	1,14	1,20
20-30	1,09	1,21	1,10	1,21
30-40	1,04	1,13	1,15	1,29
40-50	1,11	1,18	1,15	1,28
Минимальная				
0-10	1,01	1,10	1,05	1,11
10-20	1,31	1,39	1,08	1,18
20-30	1,35	1,38	1,14	1,32
30-40	1,37	1,37	1,19	1,36
40-50	1,32	1,36	1,23	1,26
Традиционная				
0-10	1,08	1,09	1,38	1,38
10-20	1,05	1,15	1,44	1,46
20-30	1,05	1,15	1,22	1,24
30-40	1,12	1,17	1,21	1,24
40-50	1,16	1,17	1,16	1,22

Известно, что для каждого вида растений существует оптимальная плотность почвы. Для большинства зерновых культур она составляет 1,2 - 1,3 г/см³ [18]. В наших исследованиях в 2015 году

при всех вариантах обработок величины по плотности не выходили из оптимального уровня. А в 2016 году при традиционной обработке плотность превышает этот уровень.

Плотность почвы сильно влияет на другие физические и водные свойства почвы, меняя их в положительную или отрицательную сторону для сельскохозяйственных культур.

По *общей пористости* перед посевом результаты были следующими: при нулевой обработке 2015 году 60 %, а в 2016 году 57,4 %; при минимальной обработке 50,2 % и 52 %; при традиционной обработке 58,6 % и 48,8 % соответственно (табл. 2).

В агрономическом отношении важно, чтобы почвы располагали большим объемом капиллярных пор, но при этом некапиллярная пористость (воздухообеспеченность) должна составлять не менее 20-25% общей пористости [19, 20]. При этом *воздухообеспеченность* при нулевой обработке 2015 году была 27,6 %, в 2016 году 34,6 %. При минимальной обработке 19,2% и 28,7 %; при традиционной обработке 21,5% и 37,6 % соответственно (табл. 2). 2016 году во всех способах обработок воздухообеспеченность превышает эту шкалу.

В связи с низкой влажностью почвы осенью (перед уборкой) и соответственно небольшим объемом воды в порах, воздухообеспеченность к осени повышалась при нулевой обработке до 52,1 % (2015 г.) и до 47,9% (2016г.), минимальном обработке до 51,4% и 47,4%, традиционном обработке до 46,3% и 47,8 % соответственно.

Между плотностью почвы и пористостью существует обратная зависимость. Чем больше пористость, тем меньше плотность почвы. Эта закономерность подтверждено и нашими исследованиями.

Таблица 2 – Изменение строения полуметрового слоя чернозема южного при различных способах обработок

Глубина почвы, см	2015г.					2016г.				
	Удельный вес, г/см ³	Общая пористость, %		Воздухообеспеченность, %		Удельный вес, г/см ³	Общая пористость, %		Воздухообеспеченность, %	
	май	май	август	май	август	май	май	август	Май	август
Нулевая										
0-10	2,54	63	63	21,8	52,1	2,59	67	58	33,5	47,9
10-20	2,38	59	58	29,5	43,6	2,29	54	50	32,1	37,0
20-30	2,37	59	54	31,3	36,3	2,76	56	48	36,1	34,2
30-40	2,23	61	58	28,1	41,9	2,45	54	48	34,4	29,0
40-50	2,47	58	56	27,3	46,6	2,69	56	49	37,1	35,7
Минимальная										
0-10	2,6	50	61	16,2	51,4	2,54	50	56	27,2	46,8
10-20	2,33	50	48	21,9	37,3	2,52	53	57	29,1	47,4
20-30	2,38	49	51	20,4	42,2	2,59	54	47	29,7	34,7
30-40	2,57	48	52	19,0	43,0	2,87	52	46	29,0	32,8
40-50	2,44	54	49	18,5	40,0	2,63	51	52	28,7	40,0
Традиционная										
0-10	2,38	59	60	16,5	46,3	2,56	45	54	38,6	47,8
10-20	2,16	60	56	21,7	32,8	2,30	42	49	29,6	30,7
20-30	2,52	60	57	23,3	32,9	2,42	51	50	38,9	31,5
30-40	2,31	58	56	21,8	33,2	2,61	52	50	39,2	31,4
40-50	2,43	56	48	22,7	25,7	2,53	54	51	42,0	32,8

Наиболее ценным свойством минимизации обработки почвы в зоне засушливого земледелия является сравнительно высокий урожай, особенно в сильно засушливые годы.

Ресурсосберегающие технологии обработки почв способствуют наибольшему накоплению влаги в почве и позволяют растениям более рационально использовать почвенную влагу и стабилизировать урожай сельскохозяйственных культур. Так, в варианте с нулевой обработкой была сравнительно высокая урожайность 37,3 т/га (2015 г.) и 21,49 т/га (2016 г.). На минимальной обработке почвы урожайность 30,8 т/га и 16,95 т/га соответственно (табл. 3). На нулевой обработке прибавка урожая по сравнению с минимальной обработкой 6,5 т/га (2015 г.) и 4,54 т/га (2016 г.).

Таблица 3 – Урожайность яровой пшеницы (Омская – 18) в зависимости от способов обработок, т/га

Виды обработок	Урожайность т/га		За два года	Прибавка урожая при нулевой обработке
	2015 г.	2016 г.		
Нулевая	37,3	21,49	29,38	6,5 (2015г.)
Минимальная	30,8	16,95	23,87	4,54 (2016г.)
Традиционная	Пар	Пар	-	-

Выводы. По *морфологическому* признаку разрезы представляют собой черноземы южные легкосуглинистые и близкие к среднесуглинистым. Относятся к удовлетворительным пахотнопригодным почвам, но в большинстве случаев подвержены ветровой эрозии и требуют необходимости применения комплекса противоэрозионных мероприятий.

Плотность почвы во всех способах обработок 2015 году не превышает оптимальный уровень (1,2 – 1,3 г/см³), а в 2016 году при традиционной обработке выше этой нормы. По *общей пористости* данные относятся к отличной категории. *Воздухообеспеченность* почвы в мае соответствует оптимальному уровню (20-25%), в августе выше. Возможно, это связано с низкой влажностью почвы осенью (перед уборкой) и соответственно небольшим объемом воды в порах воздухообеспеченность к осени повышалась. На нулевой обработке прибавка урожая по сравнению с минимальной обработкой 6,5 т/га (2015 г.) и 4,54 т/га (2016 г.).

Литература

1. Пыхтин И.Г. Систематические отвальные и безотвальные обработки в севообороте и бессменных посевах / И.Г. Пыхтин, Е.В. Шутов // Земледелие. – 2004. – № 3. – С. 18-19
2. Ларюшин Н.П., Шуков А.В. Актуальность ресурсосберегающей технологии посева зерновых культур // Современные наукоемкие технологии. – 2009. – № 6 – С. 18-20
3. Baker C.J., Saxton K.E. No-tillage Seeding in Conservation Agriculture, 2nd edn., eds. / FAO and CAB International – 2007. – p. 317
4. Данкверт С.А., Орлова Л.В. Внедрение ресурсосберегающих технологий - стратегия развития зернового хозяйства // Земледелие. – 2003. – № 1. – С.4. [in Russian]
5. Fenster C.R. Potential and problems of ecofarming in drier environments. - Proceedings of Great Plains Agricultural Council, Nebraska, 1982. – p. 55-58
6. Derpsch, R., Critical steps to no-till adoption. / No-till Farming Systems. World Assoc. Soil Water Conserv. – 2008. – pp. 479–495
7. Галевич С.И., Тулаев Ю.В., Аксагов Т.М. Владо-ресурсосберегающие технологии на севере Казахстана. 2010. – № 9 – С. 36-40. [in Russian]
8. Джаланкузов Т.Д. Нулевая технология обработки почв, применяемая в северном Казахстане и ее основные результаты // AgriTek conference. Казахская международная научно-практическая конференция "Последние достижения обработки почвы в условиях неполивного земледелия: техника и технологии" / Астана. – С. 14-15. [in Russian]
9. Джаланкузов Т.Д., Ошакбаева Ж.О. Почвенно-экологическая характеристика черноземов обыкновенных и южных Костанайской области / Известия Национальной Академии наук Республики Казахстан. – 2012. – № 1. – С. 58-60. [in Russian]
10. Джаланкузов Т.Д., Сапаров А.С. Мониторинговые исследования основных параметров черноземных почв при нулевой и минимальной обработках. // Сб. трудов международной конференции «No-Till и плодосмен – основа аграрной политики поддержки ресурсосберегающего земледелия для интенсификации устойчивого производства» — Астана, Шортанды, 2009. – С.96-104. [in Russian]
11. Карипов Р.Х. Возделывание зернобобовых культур с применением сберегающей технологии обработки темно-каштановой почвы. // Вестник науки Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина (междисциплинарный). – 2015. – № 1(84). – С.83-90. [in Russian]
12. Тимонов В.Ю., Чернышева Н.М., Балабанов С.С., Картамышев Н.И.. Механическая обработка и агрофизические свойства почвы. Вестник Курской государственной с.-х. академии. – 2009. – № 6 – С. 53-57
13. Ковриго В. П. Почвоведение с основами геологии: учебник / В. П. Ковриго, И. С. Кауричев, Л. М. Буракова. – 2-е изд., доп. и перераб. – М.: Колос, 2008. – 439 с.
14. Растворова О.Г. Физика почв. Практическое руководство. – Л., 1983. – С.39-53
15. Дмитриев Е.А. Математическая статистика в почвоведении. – М.: Изд-во МГУ, 1995. – 319 с

16. Доспехов Б.А. Методика полевого опыта. – М.: Агропромиздат, 1985. – 351с.
17. Шеин Е.В. Агрофизика / Е.В. Шеин, В.М. Гончаров. – Ростов н/Д.: Феникс, 2006. – 400с. Ил. (Высшее образование)
18. Ревут И.Б., Физикапочв, Л.: Колос, 1971
19. Качинский Н.А. Оценка основных физических свойств почв в агрономических целях и природного плодородия их по механическому составу, Почвоведение, 1958. – № 5
20. Вериго С.А., Разумова А.А. Почвенная влага. – Л.: Гидрометеоиздат, 1973

ТОПЫРАҚТЫ ӨНДЕУДІҢ РЕСУРСҮНЕМДЕУШІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ОҢТҮСТІКТІК ҚАРА ТОПЫРАҚТЫҢ АГРОФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІНЕ ӘСЕРІ

А.С. Сапаров, Т.Д. Джаланкузов, К.М. Тыныбаева

Мақалада топырақ өңдеудің ресурсүнемдеуші технологияларының (нөлдік, минималды және дәстүрлі) топырақтың морфологиялық белгілеріне, агро-физикалық қасиеттеріне, жаздық бидай өнімділігіне әсері қарастырылады. Ресурс үнемдейтін технологиялар дәнді дақылдарды өсіруде жетекші бағыт болып табылады. Бұл зерттеудің мақсаты топырақ қасиеттерін жақсарту және тиімді ылғал жинау және құнарлылығын арттыру болып табылады. Морфологиялық ерекшеліктерге сәйкес, топырақ кескіндері оңтүстіктік жеңілсаздақ. Нөлдік және минималды өңдеу кезінде тығыздық және басқа да физикалық көрсеткіштер бойынша оңтайлы нәтиже байқалады. Топырақ өңдеудің барлық әдістерінде топырақтың тығыздығы 2015ж. оңтайлы деңгейден аспады (1.2 - 1.3 г / см³), және 2016 жылы, дәстүрлі өңдеуде бұл деңгейден жоғары болды. Топырақ тығыздығы мен кеуектілігі арасындағы кері байланыс бар. Топырақтың тығыздығы төменірек болса, кеуектілігі соғұрлым жоғары болады. Бұл үлгі біздің зерттеулердеде расталды. Жалпы кеуектілігі бойынша нәтижелер өте жақсы санатқа жатады. Көктемде топырақтың ауамен қамтылуы нәтижелері оңтайлы деңгейге (20-25%) сәйкес келеді. Сондай-ақ, нөлдік өңдеу кезінде ең минималды өңдеуге қарағанда өнім кірісінің жоғарылауы артты.

INFLUENCE OF SOIL RESOURCE TECHNOLOGIES PROCESSES ON PROPERTIES AGROPHYSICAL CHERNOZEM SOUTH

К.М. Тыныбаева

The influence of resource-saving processing technologies (zero, minimal and traditional) of soils on morphological features, agrophysical properties, yield of spring wheat is considered in the article. Resource-saving technologies are the leading direction in the cultivation of grain crops. The purpose of this study is to develop theoretical foundations for improving the agrophysical properties of soils, preserving and improving soil fertility, while reducing soil treatments (minimization) in the areas of effective moisture accumulation and increasing the yield. According to the morphological feature, the soil sections are southern chernozems, loamy and close to medium loams. With zero and minimal processing, the predominant density and other physical properties are observed. The density of soil in all methods of treatment in 2015 did not exceed the optimal level (1.2 - 1.3 g / cm³), and in 2016, with traditional processing was higher than this level. There is an inverse relationship between soil density and porosity. The greater the porosity, the lower the density of the soil. This pattern is confirmed by our studies. According to the general porosity, the data refer to an excellent category. Data on the air availability of the soil in spring corresponded to the optimal level (20-25%). And also at zero processing, the yield increase compared to the minimum treatment was greater.

FTAXP: 68.41.47

Т.С. Хамитова, М.Ф. Қуанышбаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

АБАЙ ӨҢІРІНІҢ ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ ГЕЛЬМИНТТЕРІ

Аңдатпа: Ұсынылып отырған мақалада Абай өңірінің ауылшаруашылық жануарларының паразиттерінің биологиясы және түрлік құрамы бойынша зерттеу нәтижелері келтірілді. Ғылыми зерттеу жұмыстарына материалдар 2016-2017 жылдардың күз – көктем айларында Абай ауданындағы «Ақбиік» атты жеке меншік шаруа қожалықтарында жинастырылды. Зерттеу

барысында жылқы, ірі қара, қой жануарлары зерттеуге алынды. Зерттеу нәтижелері бойынша Абай өңірінде үй жануарларының гельминттерінің 4 түрі анықталды. Оларға *Parascaris equorum*, *Echinococcus granulosus*, *Moniezia expansa*, *Setaria labiatopapillosa*. *Parascaris equorum*, *Moniezia expansa* паразиттік құрттары жылқының, қойдың ащы ішегінен, *Echinococcus granulosus* қойдың бауырынан және өкпесінен алынды. Гельминт *Setaria labiatopapillosa* ірі қараның құрсақ қуысынан алынды. Жинап алынған құрттар арнайы фиксаторларға, сұйықтықтарға салынды. Осы анықталған гельминттердің экологиялық ерекшеліктеріне сипаттамалар берілді.

Кілттік сөздер: паразиттер, берішімек (капсула), параскаридоз, эхинококк, сетария.

Ауыл шаруашылығының мал өнімдерін өндіру үшін мал өсірумен айналысатын саласы – мал шаруашылығы. Ауыл шаруашылығының бұл түрі халықты азық-түлікпен (сүт, май, ет және т.б.) жеңіл тамақ өнеркәсіптерін шикізатпен (жүн, тері, ет өнімдері қалдықтары және т.б.), ауыл шаруашылығы өндірісін күш-көлік және тыңайтқышпен қамтамасыз етеді. Мал шаруашылығы өнімдері мен оның қалдықтарынан мал азықтары (майы алынған сүт, ет-сүйек және сүйек ұндары), дәрі-дәрмектермен биологиялық белсенді заттар (емдік сарысулар, гормонды қосылыстар) алынады [1]. Мал шаруашылығы салаларына ірі қара, қой, жылқы шаруашылықтары жатады.

Мал шаруашылығының қарқынды дамуын тежейтін де факторлар көп. Солардың біріне үй жануарларында кездесетін әртүрлі паразиттердің рөлі үлкен.

Зерттеу жұмысының мақсаты – Абай өңірінде кездесетін ауылшаруашылық жануарларының паразиттерінің түрлік құрамын анықтап, олардың экологиялық ерекшеліктеріне сипаттама жасау.

Ғылыми зерттеу жұмыстарына материалдар 2016-2017 жылдардың күз – көктем айларында Абай ауданындағы «Ақбиік» атты жеке меншік шаруа қожалықтарында жинастырылды. «Ақбиік» шаруашылығы таулы аймақта орналасқан. Таулы аймақтың жалпы климаты ауыспалы болып келеді. Жазы ыстық 30-35 градус. Жауын-шашын көп мөлшерде жауады. Кейбір жылдары құрғақшылық пен қуаңшылық болып тұрады. Шабындық пен жайылымдық жерлері мол. Жалпы жер көлемі 3500 гектар болса, оның 3000 гектар жайылымдық, 500 гектары шабындық жер. Малдар үшін құрғақ, топырағы тығыз, таулы жерлердегі жайылымдарды пайдаланады. Малдарды жазғы кездері құдықтан суғарады. Зерттеу барысында жылқы, ірі қара, қой жануарлары зерттеуге алынды.

Жинап алынған гельминттер арнайы фиксаторларға, сұйықтарға салынды. Жалпақ құрттарды сумен, жұмырларын су немесе ас тұзының физиологиялық ерітіндісімен жуып, жабысқан кілегейлі шырыш, шөп-шалаңнан тазартып, өздеріне лайықты бекіткіштерге орнықтырады. Сорғыштар мен таспа құрттарды 1%-тік формалин ерітіндісіне немесе 70 градустық шарап спиртіне, нематодалар мен тікенбастыларды Барбагалло сұйығына (ас тұзының физиологиялық ерітіндісіне сұйығына (ас тұзының физиологиялық ерітіндісіне 3%-тік мөлшерде болатындай етіп формалин қосып дайындайды). Таспа құрттардың ларвоцисталарын: бүдірленген ұсақ ларвоцисталарын (цистицерк), көпіршіктерін (ценур), беріштерін (эхинококк) және т.б. осы сұйықта сақтайды. Құрттарды бекіткішке орналастырған соң жұмсақ қара қарындашпен ағзалардан жиналған гельминттердің табылған күнін, малдың түрін, жасын, жынысын, ақ қа ғазға жазып, ыдысқа жапсырады.

Омыртқасыз жануарлардың түрлерін анықтау үшін бірнеше ғылыми еңбектер пайдаланылды [1-10].

Жылқы малы – қазақ халқының қастерлейтін, қадірлі төрт түлігінің бірі. Кез-келген дәуірдің тұсында жылқы «мінсе-көлік, сойса-соғым, сауса-қымыз берген», сонымен бірге жорықта болсын, жолда болсын шалғай мен жақынның уақытын қысқартқан мал түлігі. Жылқы малында да әртүрлі гельминттер де кездеседі. Жылқының ең қауіпті гельминтоздарының бірі жылқы параскаридозы *Parascaris equorum* болып табылады. Ол жылқының ащы ішегінде мекендейді, ал кейде олар жылжып қарынға, не қартаға да жалғасады, тіпті өт жолымен ұйқы безіне еніп жаралап теседі.

Сондай-ақ қойлардың паразитоздары Қазақстанның барлық аймақтарында кездесіп, қой шаруашылығының дамуына үлкен зиян келтіреді [6]. Зерттеу аймағында тіркелген паразиттік құрттардың тізімі 1 кестеде келтірілген.

Жылқы параскаридозы *Parascaris equorum* ақ түсті жұмыр құрт. Қоңы төмен, арық, күтімі жеткіліксіз 1 жасқа толмаған жылқы малының ащы ішегінен алынды (сурет 1). Жылқы гельминт жұмыртқаларын топырақ араласқан шөп, оттықтағы қалдық жеммен бірге жеп, жұқтырады. Бір жылқыда аскариданың 3 экземплярлары кездеседі. 1 жыл бойында 22 жылқы қарастырылды. Олардың 11-де паразит құрттар тіркелді.


Кестел – Абай өңірінде кездесетін үй жануарларыныңгельминттерінің тізімі

Типі	Класы	Тұқымдасы	Түрі	Кездесетін үй жануары	Экземпляр саны
Жалпаққұрттар Plathelminthes	Цестодалар Cestoidea	Anoplocephalidae	Moniezia expansa	қой	1 қойда 18-20
		Taeniidae	Echinococcus granulosus	қой	Өкпе, бауырдағы көпіршіктер
Жұмыр құрттар Nemathelminthes	Nematoda	Ascarididae	Parascaris equorum	Жылқы	1 малда 3-денкездесті
		Setaridae	Setaria labiotopapillosa	Ірі қара	1 малда 6-дан кездесті



Сурет 1 – Жылқы параскаридозы *Parascaris equorum*

Эхинококк *Echinococcus granulosus* – қойдың бауырында, өкпесінде паразиттік тіршілік ететін жалпақ құрт. Бершімектердің (капсула) көлемі бұршақ тәрізді, ішінде мөлдір сұйығы бар (сурет-2). Бауырдағы капсуланың диаметрі 2,5 см. Оның ішінде орасан көп таспа құрттың протосколекстері мекендейді. Әр 17-20 қойдың ішінде 2-де кезікті (бауырда). Қойдың өкпесіндегі бершімектердің (капсула) көлемі бұршақ дәніндей. Әр 20-25 қойдың ішінде 1-де кезікті (өкпеде).



Сурет 2 – Эхинококк *Echinococcus granulosus*

Мониезия *Moniezia expansa* – ұзындығы 6-10 м-ге дейін жететін таспа құрт (сурет-3). Қойдың ащы ішегінде мекендейді. Мониезия құрты малға өріске шығысымен жұға бастайды. Бір мезгілде сойылған 15 бас қойдың әрқайсынының ащы ішегінен 20-ға жуық құрттан алынды. Бұл гельминт 2-3 айлық қозыларды едәуір дәрежеде шығынға ұшырататын індет болып саналады.



Сурет 3 – Мониезия *Moniezia expansa*

Сетария *Setaria labiatopapillosa* – жіңішке, ірі қарадан алынған ақ құрт. Сойылған малдың құрсақ қуысынан алынды (сурет-4). Ірі қара организмінде гельминтоз қоздырғышы 6 ай шамасында ересек құртқа айналады.



Сурет – 4 Сетария *Setaria labiatopapillosa*

Қорытынды: Зерттеу нәтижелері бойынша гельминттердің 4 түрі тіркелді: *Parascaris equorum*, *Echinococcus granulosus*, *Moniezia expansa*, *Setaria labiatopapillosa*, яғни жылқыда 1 түрі, ірі қарада - 1, қойда - 2 кездесті. үшін ерекше орын алатыны мониезия құрты, себебі малдың түсімін төмендетеді. Осы өңірде қой малында энинококктың кездесуі, осы маңайда адамдар үшін де қауіптіліктің бар екенін көрсетеді.

Шаруашылықта малдың күтімі мен азықтандырылуы дұрыс жолға қойылған жағдайда, оларға гельминттердің өте аз жұғатыны бұрыннан дәлелденген нәрсе. Оған керісінше малдың күтімі нашар әрі азығы құнарсыз болса, онда олар әртүрлі құрттар тудыратын ауруға тез шалдығып, өнімі төмендейді. Сондықтан, гельминтоздың алдын алуда малды күтудің және құнарлы азықпен қамтамасыз етудің маңызы зор.

Әдебиеттер

1. Ақаев А, Қарамендин Ө. Малдың таспа құрт аурулары. – Алматы: Қайнар, 1972. – 61 б.
2. Бозымов Қ. Жылқы және түйе шаруашылығы. – Алматы: Қайнар: 1993.- 360 бет
3. Диков Г. И., Дементьев И.С. Мал гельминтоздарының анықтамалығы: ауруды анықтау, одан сақтану әдістері. – Алматы. «Қайнар», 1979. – 159 бет
4. Ерболатов К.М. Мал гельминтоздары. – Алматы: Қайнар, 1984. – 154 б.
5. Есімбеков Ж.М., Ысқақов М.М., Дүйсенбаев С.Т. Жануарлардың инвазиялық ауруының анықтау практикумы – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының баспа кабинеті, 2000. – Б 37 – 42
6. Қарамендин Ө.С. Малды гельминттерден сақтандыру жолдары. – Алматы. «Қайнар», 1969.-250бет.
7. Исақов М.М. Эймериоз сельскохозяйственных животных. Алматы-2006. – 220 бет
8. Сабаншиев М.С. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 480 бет
9. Сабаншиев М., Сүлейменов Т., Қарамендин Ө., Шабдарбаева Г., Жантөре М. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары. – Алматы, ҚазҰлтағру, 2003. – 460 бет
10. Сабаншиев М.С. Ветеринарлық паразитология практикумы: оқу құралы.-Алматы, ҚазҰАУ. – 2013. – 232 бет

ГЕЛЬМИНТЫ ДОМАШНИХ ЖИВОТНЫХ АБАЙСКОГО РАЙОНА

Т.С. Хамитова, М.Г. Қуанышбаева

В статье приведены результаты по видовому составу и биологии паразитов сельскохозяйственных животных Абайского района. Материалы для исследовательской работы были собраны в осенне-летнее время 2016-2017 г. в частном крестьянском хозяйстве «Акбиш» Абайского района. Были исследованы домашние животные – крупно рогатый скот, лошади и овцы. В результате исследований сельскохозяйственных животных Абайского района выявлено 4 вида гельминтов: *Parascaris equorum*, *Echinococcus granulosus*, *Moniezia expansa*, *Setaria labiatopapillosa*.

Parascaris equorum и *Moniezia expansa* были найдены в кишечниках лошадей и овец, *Echinococcus granulosus* обнаружен в печени и легких овец. Гельминт *Setaria labiatopapillosa* обнаружен в полости крупно рогатого скота. Собранные паразитические черви были фиксированы. Также в статье дается краткая экологическая характеристика данных гельминтов.

HELMINTS OF PETS IN THE ABAY DISTRICT

T. S. Khamitova, M.G. Kuanyshbaeva

The article presents the results of the species composition and biology of parasites of agricultural animals in the Abai region. Materials for research were collected in the autumn-summer period 2016-2017. in the private peasant farm "Akbiik" of the Abai district. Bylia investigated domestic animals - cattle, horses and sheep. As a result of studies of agricultural animals in the Abai region, four species of helminths were identified: *Parascaris equorum*, *Echinococcus granulosus*, *Moniezia expansa*, *Setaria labiatopapillosa*. *Parascaris equorum* and *Moniezia expansa* have been found in the intestines of horses and sheep, *Echinococcus granulosus* is found in the liver and lungs of sheep. Helminth *Setaria labiatopapillosa* is found in the cavity of cattle. The collected parasitic worms were fixed. Also, the article gives a brief ecological description of these helminths.

ГТАХР: 34.01.45

Р.А. Садыкова, Л.Н. Бекбосынова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа: Бұл мақала оқу үрдісінің жаңа әдістерін әзірлеуге арналған. Атап айтқанда виртуалды зертханалық сабақты білім беру жүйесінде қолдану. Онда тұжырымдалған міндеттер, мақсаттар, құрылымы ашық көрсетіледі. Ерекше назар аударылады мұғалімнің білім беру қызметіне және оқу процесін басқару тиімділігіне. Ерекшелігі виртуалды зертханалық сабақты биологияда пайдалану мүмкіндігі болып табылады, білім беру процесінде, көрнекілікті, қол жетімділікті, қауіпсіздікті сабақтарда қамтамасыз ету. Оқушылардың биологияға деген қызығушылығын дамыту үшін зертханалық сабақтардың маңызы орасан зор. Зертханалық сабақ кезінде оқушылар бұрын сабақта алған білімдерін практикада өз бетімен жұмыс жасау кезінде ұштастырып, білім деңгейін кеңейте алады. Сондықтан шағын жинақты мектептерде биология пәнінен өткізілетін зертханалық сабақтар өз мәнінде өткізіліп, оқушылардың ойлау қабілетін арттыру, білімге деген құштарлығын ұштау қажет. Биология пәнінен зертханалық сабақтарды ұйымдастыру – өсіп келе жатқан ұрпаққа тіршілікті, өмірді аса үлкен зор құндылық деп түсінуді қалыптастырады.

Түйін сөздер: Виртуалды зертханалық сабақ, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, оқыту әдістемесі.

Қазақстанның орта мектептерінде электронды оқытуды жүзеге асыру тұрғысынан АКТ пайдалану аса маңызды мәселе болып отыр және биология сыныпта интернет-ресурстарын пайдалану. Бүгінгі сабақтар оқытудың формалары мен әдістерін өте әр түрлі алуан болып табылады. Бүгін күні басты назар аударған мәселе виртуалды зертханалық жұмыстар биология сабағында қалай қолданатыны. Сондықтан, биология мұғалімдерінің басты міндеті сыныпта көрнекі оқыту құралдары ақылға қонымды пайдалану болып табылады [1].

Соңғы жылдары кәсіби білім беру жүйесінде белгілі компьютерлік техниканың және оқу үрдісі күшейді. Алайда, кейбір орта мектептер әлі күнге дейін бар дәстүрлі нысандары мен әдістері зертханалық жұмыстарды жүргізуде. Атап айтқанда, пайдаланылады нақты стендтер, макеттер және басқа да жабдықтар. Олар жеткілікті қарапайым болып табылады, бірақ негізгі кемшілігі, осындай оқу құралдарын, жабдықтар күшіне технологияларды дамыту, өкінішке орай, моральдық тұрғыдан ескіреді, ал жаңарту зертхананы уақытпен сай айтарлықтай қымбат және қиын. [2].

Бүгінгі таңда білім беру саласында, көптеген мектептерде инновациялық технологиялар пайдаланылады оның ішінде виртуалды зертханалық сабақты физика, химия, биология, пәндерінде қолдану. Өйткені көптеген құбылыстар мен тәжірибелер, өткізу жағдайы оқу орындарында өте қиын

және ретсіз. Тиімді қолдану, интерактивті құралдарды, білім беру процесінде тиімді ғана емес, білім беру сапасын арттырып, және қаржы ресурстарын үнемдеу болып табылады. Қызықты интерактивті сабақтар және зертханалық жұмыстарды балаға үй жағдайында жүргізуге болады әр түрлі пәндерді: физика, биология, химияны [3].

Қалыпты жағдайларда, біз әрқашан кейбір биологиялық құбылыстарды (мысалы, фотосинтез, ақуыз синтезі, репликация, т.б.) байқауға мүмкін емес және т.б. белгілі бір сынақтан (инфузорияны және мониторинг) көру мүмкіндіктері шектеулі. Мұғалімдер мен оқушыларға виртуалды лабораториялық жұмыстар, пайдалану өте ыңғайлы. Интернет немесе алдын-ала дайындалған бағдарламалар мен жұмыс істеу ғана мүмкін емес нысаны, сонымен қатар оқушылардың білім, шеберлігі мен дағдыларын бекіту үшін [4].

Диссертациялық жұмыстың басты мақсаттарының бірі: Биологияны оқыту әдістемесінің виртуалды зертханалық әдістерін зерттеу болып табылады. Мұғалім сабаққа кіргенде зертханалық жұмысқа дайындалу тиіс. Зертханалық сабақтың, көлемі және мазмұны, нені анықтау керек, анықтамалар, теориялар, оқушы сабақ барысында қандай білімдерін тереңдету және кеңейту керек. Бұл ретте шешуге қай кезеңінде оқыту даярлауға зертханалық жұмысты орындауға қалай қол жеткізуге танымдық қызметін белсендіру, білім алушылардың. Мұғалімнің міндеті зертханалық жұмысқа қойылған талапты сапалы түрде дайындалып және оны өткізу.


Әдістемелік материалдарда көрсетілетін оқу сұрақтары, мен қысқаша мәлімет теориясы бойынша, бағдарламаны орындау. Оларға сондай-ақ міндеттер қойылады, оқушы міндетті шешуге тиісті. Жұмыс барысында, сандық және графикалық материал салыстыру, алынған нәтижелерді есептеу және бағалау қателіктер бойынша тұжырымдама қорытынды шығару.

Зерттеудің бірінші деңгейінде: Семей қаласындағы №42 жанында интернаты бар жалпы орта білім беретін мектеп, және №21 жалпы орта білім беретін мектеп арасында тестілеу жүргізілді. Бұл тестілеуге химия және биология пәндерінің мұғалімдері мен 8-9 сынып аралығындағы оқушылар қатысты.

Екінші деңгейде: Тестілеуде қойылған сұрақтар ақпараттық коммуникациялық технологиялар, мен виртуалды зертханалық сабақтың өтуі жайында. Зертханалық сабақтың, көлемі және мазмұны, нені анықтау керек, анықтамалар, теориялар, оқушы сабақ барысында қандай білімдерін тереңдету және кеңейту керек. Бұл ретте шешуге қай кезеңінде оқыту даярлауға зертханалық жұмысты орындауға қалай қол жеткізуге танымдық қызметін белсендіру, білім алушылардың. Мұғалімнің міндеті зертханалық жұмысқа қойылған талапты сапалы түрде дайындалып және оны қалай өткізетіні.

Зерттеудің нәтижесі бойынша: Мұғалімдерге 15 сұрақ қойылды, оқушылардан 10 сұрақтан тұратын тестілеу алынды. Ұсынылған жұмыста әдеби шолу, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді қолдану туралы виртуалды құралдарының жүйесіндегі қазіргі заманғы білім беру. Осының негізінде анықталды ерекше маңыздылығы қолдану виртуалды зертханаларды оқу үрдісінде. Жұмыста қаралады АКТ-ны қолдану арқылы білім беру үдерісінде туралы мәселе виртуалды білім беру мүмкіндіктері туралы виртуалды зертханалық жұмыстарды зерделеу кезінде процестер мен құбылыстардың қол жетімді үйрену нақты жағдайларда.

Тестілеудің қорытындысы:



№ 42 жанында интернаты бар жалпы орта білім беретін мектеп	№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп
№42 жанында интернаты бар жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдерінің пікірінше, виртуалды зертханалық сабақты тек 50% қолданатыны көрсетілді. Мектеп оқушыларының тестілеуде пікірінше мұғалімдерінің сабақта кейде қолданатыны 50% көрсетілді.	№21 жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдерінің пікірінше, виртуалды зертханалық сабақты тек 40 % қолданатыны көрсетілді. Мектеп оқушыларының тестілеуде пікірінше мұғалімдерінің сабақта кейде қолданатыны 30% көрсетілді.

Қорыта айтатын болсақ, ақпараттық-коммуникациялық технология виртуалды зертханалық сабақ жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Биология пәнінің мұғалімі біздің қоғамдағы, әрбір адамның өмірі мен кәсібінде биологиялық білімнің ұлы күшін тереңінен сезіну керек, және білім алушылардың бойында сенімділікті тәрбиелеу үшін осы күшке сенімділікпен қарау керек. Дисертациялық жұмысымыздың басты міндеттерінің бірі виртуалды зертханалық жұмысты зерттеп, оны мектеп оқушыларына пайдалану және тиімділігін көрсету. Виртуалды зертханалық жұмыс бағдарламалық-аппараттық кешенін өткізуге мүмкіндік береді. Биология ғылымының жетістігі мен заманауи өрлеу ұштасып, адамзат жаңа ғасыр – биологияның дамыған ғасырына аяқ басып келеді. Осыған сәйкес, болашақтың білім беруші мұғалімі ең алдымен өзі виртуалды зертханалық сабақты жетік меңгеру керек. Осы талапқа сай келгенде ғана мұғалім мазмұнды сабақ беріп, оқушылар нәтижелі жақсы көрсеткіштерге жетеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев-тың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалып-тасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан. 15 желтоқсан 2012. - б. 16.
2. Мырзабаев А.Б. Биологияның оқыту әдістемесі электронды оқулық қарағанды. – 2008
3. Биология оқыту әдістемесі Қ.Қайым, Р.Әлімқұлова, Ж.Қожантаева, Р.Сәтімбеков Алматы Атамұра 2007. – 3-4 б.
4. Ясинский В.Б. Опыт создания электронных обучающих ресурсов «Использование современных информационно-коммуникационных технологий в педагогике» Караганда, 2008. – С.16-37

РОЛЬ ВИРТУАЛЬНОЙ ЛАБОРАТОРНОЙ РАБОТЫ В ПРЕПОДАВАНИИ БИОЛОГИИ

Р.А.Садыкова, Л.Н. Бекбосынова

Эта статья предназначена для разработки новых методов обучения. В частности, использование виртуальной науки в системе образования. В нем изложены задачи, задачи и структура работы. Особое внимание уделяется образовательной деятельности преподавателя и эффективности управления учебным процессом. Особенность заключается в возможности использования виртуального лабораторного урока в биологии, в учебном процессе, для обеспечения визуальной, доступной и профессиональной подготовки. Огромное значение лабораторных занятий учащихся, для развития интереса к биологии. Во время лабораторных занятий ученики могут объединить свои знания, полученные на уроке, с практикой самостоятельной занятости и повысить свои знания. Поэтому биологические занятия в небольших школах должны проводиться в подлинной манере, чтобы побудить учащихся развивать мыслительные способности и получать знания. Организация лабораторных исследований по биологии - формирует понимание жизни как большой ценности для молодого поколения.

THE ROLE OF VIRTUAL LABORATORY WORK IN THE TEACHING OF BIOLOGY

R.A. Sadykova, L.N. Bekbosynova

This article is designed to develop new teaching methods. In particular, the use of virtual science in the education system. It outlines the tasks, tasks and structure of the work. Particular attention is paid to the educational activity of the teacher and the effectiveness of the management of the learning process. The peculiarity consists in the possibility of using a virtual laboratory lesson in biology, in the educational

process, to provide visual, accessible and professional training. The enormous importance of laboratory studies of students, for the development of interest in biology. During the lab, students can combine their knowledge gained in the lesson with self-employment and improve their knowledge. Therefore, biological studies in small schools should be conducted in a genuine manner in order to encourage students to develop their thinking abilities and acquire knowledge. Organization of laboratory research in biology - forms an understanding of life as a great value for the younger generation.

ҒТАХР: 62.09.39

А.М. Ахметжанова, Р.А. Садыкова, Ж.К. Молдабаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕ ӨндіРЕЛЕТІН СҮТ ҚЫШҚЫЛДЫ ӨНІМДЕРДІҢ САПА КӨРСЕТКІШТЕРІ

***Аңдатпа:** Бұл мақалада сүт қышқылды өнімдердің тағамдық құндылығы мен ағзаға сіңімділігі және сәйкесінше пайдасы, құрамындағы микроағзалардың әсері, сонымен қатар өндірудің сандық шамасы мен салыстырмалы пайыздық көлемі келтірілген. Сүт қышқылды өнімдерді сақтау кезінде пайдалы микрофлораның сақталуы мен сүт қышқылды өнімдерді өндірудің сапалық көрсеткіштері қарастырылған. Сүт нарығы бойынша отандық өндіру көлемі мен Шығыс-Қазақстан облысының сүт саласындағы сүт қышқылды өнімдерді өндіруші кәсіпорындар көрсетілді. Шығыс Қазақстан өңірінде өндірілетін сүт қышқылды өнімдердің сапалық көрсеткіштері мен тұрғындардың тұтыну көрсеткіштері қарастырылған. Дайын сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы және сапалы сүт өнімдерін өндіруге байланысты мәселелер айтылған. Сүт қышқылды флораның адам ішек-қарын жолдарына әсері, биологиялық артықшылығы сонымен қатар сүт қышқылды өнімдерінің өндірістік көрсеткіші қарастырылған.*

***Түйін сөздер:** сүт қышқылды өнімдер, микрофлора, микроағзалар, азық-түлік өндірісі, сапа көрсеткіштері.*

Қазіргі таңда әр түрлі ауруға шалдығудың алдын алатын және медициналық жағынан пайдалы өнімдерді өндірудің көлемін арттырудың жылдам қарқыны жалпы әлемдік үрдіс болып табылады. Биологияның тағам өндірісімен байланысқан саласында асқазан-ішек жолдарының күйін жақсартатын, иммундық жүйе мен жүрек-қантамырлар қызметін, дене салмағын реттейтін тұрақтандыратын жаңа өнімдердің бірегей технологияларын құру негізгі басты міндет болып саналады.

Бұндай өнімдер қызметтік қасиеттерімен, органолептикалық сипаттамаларымен ғана емес барлық сапалы көрсеткіштерге ие болуы керек.

Нарықтағы функционалдық өнімдердің басым үлесі қышқыл сүт өнімдерінің еншісінде. Дегенмен, бұндай өнімдердің де өзіндік кемшіл тұстары болады, мысалы: сақтау мерзімі, консистенция тұрақсыздығы, қышқылдану.

Қышқыл сүт өнімдерін өндіру тікелей ауыл шаруашылығындағы кәсіпорындардың негізгі саласы. Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2017 жылғы халыққа жолдауында: «... Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор.


Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс...» деп тамақ өнеркәсібінің табиғи әрі пайдалы өнімділігін арттыруды атап көрсеткен болатын [1].

Тек дені сау ұлт қана бәсекеге қабілетті бола алады. Дұрыс тамақтану – ұлт денсаулығының кепілі болмақ. Қазіргі кезде еліміздегі ірі өнеркәсіптердің ішіне кіретін сүт өнеркәсіптерінің халық шаруашылық саласындағы және күнделікті өмірде адам үшін, халық үшін атқаратын рөлі өте жоғары, өйткені сүт өнеркәсібі жоғары сапалы өніммен елді қамтамасыз етуде. Жалпы сүт өнімдері халықтың арасында кең таралуда. Оған себеп сүттен жасалған, өндірілген өнімдердің биологиялық құндылығының жоғары болуы. Сүт өнімдерінің, әсіресе, сүт қышқылды өнімдердің басты артықшылығы – біздің ағзамызға сүт қышқылды флораны және оның тіршілік әрекетін жеткізе алу қабілеті. Осы сүт қышқылды флора адамның ішек-қарын жолына түсіп, ең алдымен асқазанның

микробтық пейзажын қалыпқа келтіруге септігін тигізеді. Сүт өнімдерінің сапасы аса назар аударуды қажет ететін мәселе [2].

Қазақстанның сүт өндірісі республика нарығында қарқынды дамып келе жатқан және бәсекелесе алатындардың бірі болып отыр. Қазақстан халқының сүт өнімдерін тұтынуы жылына 278,7кг құрайды, яғни ғылыми негізделген 405 кг тұтыну нормасынан 68,8% құрайды. Қазақстанда сүтті өңдеу құрылымы да ұсынылатын нормаларды ескеріп қайта қаралуы қажет. Халық сүт және сұйық сүт өнімдерімен нормадан 8,8%-ға қамтамасыз етілген [3].

ҚР Статистика бойынша Агенттіктің мәліметі бойынша сүт өнімдерін өндіру деректерінде Шығыс Қазақстан облысы алғашқы үштіктің арасында көрінді, өндірудің үлес салмағы жақсы көрсеткіштерді қамтыған [4].



1-диаграмма – ҚР экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің сүт өнімдерін өндіру көлемі

Қазақстанның сүт нарығы дәстүрлі түрде отандық өндірушілердің өнімдерімен қаныққан. Өткен жылдың статистикасы бойынша жергілікті өндірушілер барлық сұраныстың 83,9%-ын толықтырған. Қазақстандық сүт және кілегей өндірісі елдегі сұраныстың 94,2 %-ын қамтыды, сүтқышқылды өнімдердің өндірісі 86,7%-ын, балмұздақтың өндірісі – 71,3%-ын, сары майдың өндірісі - 65%-ын, ірімшік және сүзбенің өндірісі - 57,9%-ын, қойылтылған сүт өндірісі сұраныстың 28,2%-ын қамтамасыз етті. Бұл нәтиже Ұлт Жоспарының «100 нақты қадамы» бағдарламасының 60-шы қадамының орындалу барысының көрсеткіші болып саналады (1-диаграмма) [6,7].



2-диаграмма – 2016 жылдың статистикасы бойынша жергілікті өндірушілердің елдегі сұранысты қамтамасыз ету көрсеткіші

2-диаграммада көрсетілгендей, сүт қышқылды өнімдердің сұранысы және қамтамасыз ету үлесі жоғары. Себебі, сүт қышқылды өнімдердің ағзаға сіңімділігі және сәйкесінше пайдасы құрамындағы микроағзалардың әсерінен әлдеқайда жоғары болып табылады және олардың қоректік мәнімен қатар диеталық және емдік әсері бар. Өйткені, ашыту барысында сүттегі сүт белоктарының қасиеттері өзгеріп, өңдеуге ұшырамаған кәдімгі сүтпен салыстырғанда тез және жақсы сіңетін жағдайға жетеді. Медициналық деректеріне жүгінсек, сүт қышқылды өнімдері құрамындағы сүт қышқылы адамның тәбетін ашып, шөлін қандырады, ас қорыту жүйесі мен бүйректерінің жұмысын жақсартады [4].

Тағам өнімдерінің сапасына олардың микрофлорасы белсенді әсер етеді. Ол әдетте күрделі биологиялық жүйені құрайды, онда спецификалық тепе-теңдіктің бұзылуы немесе әр түрлі микроағзалардың қандай да бір түрі немесе топтары тұтынушы үшін жағымсыз және тіпті қауіпті болып келетін микрофлоралық өзгерістерге ұшыраған түрде болуы мүмкін. Сүтке және сүт өнімдеріне қолайлы жағдай пайда бола қалған жағдайда аурутудырушы микроағзалар түсуі мүмкін, ал бұндай өнімдер қауіпті ауруға себепкер болады.

Сүт – өндірістік өңдеу үшін қиын шикізат болып есептеледі, өйткені ол көптеген себептерден бұзылуға тез ұшырайды және қауіпті аурулардың бастамасы болуы мүмкін. Сондықтан шикізатты қабылдау, өңдеу, сақтау процестерінде барлық талаптарға сай сараптамалар жүргізілуі керек.

Сақтау мерзімі аралығында пайдалы микрофлораның сақталуы сүт қышқылды өнімдерді өндірудің негізгі сапалық көрсеткіші болып табылады. Сүт қышқылды өнімдердің орташа сақталу мерзімі 8°C температурадан аспайтын жағдайда: простокваша, ряженка, кефир (айран), сүзбе үшін 36 сағат, қаймақ үшін —72 сағат аралығында.

Шығыс-Қазақстан облысының сүт саласындағы сүт қышқылды өнімдерді өндіруші кәсіпорындарына Семей қаласындағы «Қалиханұлы», Өскемен қаласының «Шығыс-сүт», Шемонаихадағы «Исток», ЖШС «Эмиль», ЖШС «Поливид Продукт», Камышенкалық сүт өнеркәсібі, «Зайсан-сүт» өндірістік компаниясы, Науалы ауылындағы «Ақберлі», Бесқарағай ауданына қарасты «Бекарыс» ФШ және басқа сүт зауыттары мен шағын цехтар кіреді.

Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында сүт қышқылды өнімдердің сақтау мерзімі аралығында пайдалы микрофлораның сақталуын, қолданылатын сүт шикізаты мен бактериалды препараттардың сапасын анықтау жоспарланып отыр.

Сондықтан тексерудің басты міндеті шартты-патогенді және патогенді микроағзаларды анықтау болып табылады. Сүт өнеркәсібіндегі өнімді бақылау әдістері олардың жалпы микроағзалармен тұқымдануы туралы, ішек таяқшалары топтары мен патогенді микроағзалар топтарының болуы туралы көрініс береді.

Осы жоғарыда келтірілген мәліметтерге назар аударсақ, «біз тұтынып жүрген өнімдердің сапасы қандай?» деген сұраққа келеміз. Сапалы сүт өнімдерін өндіруге байланысты сұрақтар тұтынуға арналған дайын сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы кепілдік беретіндіктен маңызды болып саналады. Сондықтан, өндірілген дайын өнімді зерттеуден өткізіп, пайдалы қасиеттерінің сақталғанына көз жеткізу зерттеу жұмысының негізгі міндеттерінің бірі болмақ.

Әдебиеттер

1. <http://www.akorda.kz/> ресми сайты
2. С. В. Бельмер, Кисломолочные продукты: современные тенденции. [Электронды ресурс] – <https://www.lvrach.ru/2007/06/4535328/>
3. Ж.Г.Жұмағалиева «Сүт және сүт өнімдерінің сапасын жақсарту мәселелері». - //«Жаршы»; № 5, 2003. -Б 61
4. KazDATA маркетингтік анықтамасының ресми ақпараты. [Электронды ресурс] – <http://kazdata.kz/04/2014-12-kazakhstan-production-molochnaya-promyschlenost.html>
Аңдатпа: Қой шаруашылығы Қазақстан мал шаруашылығының салаларының бірі. Оған басты себеп – елімізде табиғи жайылымдардың кеңдігі және де басқа азықтардың молдылығы. Берілген мақалада қой организмінде трематода класына жататын паразиттік тіршілік етуші фасциола және дикроцелий құрттарының әсерінен болатын биохимиялық және гематологиялық көрсеткіштер өзгерісі баяндалған. Зерттеу жұмыстарында Ұлан ауданында фасциоз бен дикроцелиоздің аралас формасына,гельминтоздардың таралуына сипаттама берілді. Сонымен қатар бұндай зерттеулердің Ұлан ауданында жүргізілуі және гематологиялық талдау жасалуы ғылыми жаңашылдық болып табылады. Мақала трематодозға ұшыраған қойдың қан жүйесінде болатын өзгерістерге бағытталған. Гематологиялық тексеруде қан құрамындағы гемаглобулин (гемоглабинцианидті әдіспен фотоэлектрхоломеритте), эритроцит және лейкоцит көрсеткіштері анықталды Мал фасциол құртымен күшті зақымданған кезде, олар жаппай өлім-жітімге ұшырауы мүмкін немесе ұзақ ауырады, бірте-бірте арықтап, қаны төмендеп, өнімі кемиді.

Түйін сөздер: фасциоз, дикроцелиоз, гематология, биохимия, паразитоценоз.

Қой шаруашылығы Қазақстан мал шаруашылығының салаларының бірі. Оған басты себеп – елімізде табиғи жайылымдардың кеңдігі және де басқа азықтардың молдылығы. Қой шаруашылығы халқымызды етпен, сүтпен, маймен, ал өнеркәсіпті шикі затпен: жүн, тері, елтірімен қамтамасыз етеді. Қой шаруашылығында етек алып жатқан инвазиялық аурулардың ішінде ШҚО қой шаруашылығында фасциозбен дикроцелиоздың гематологиялық және биохимиялық өзгерістерін зерттедік

Бауыр сорғыш жалпақ құрттыудыратын инвазиондық ауру фасциоз – жануарларда жіті және созылмалы түрде өтетін бауыр құрт ауруы. Сүт қоректілердің 40-тан астам түрі бауыр құрттарға сезімтал келеді. Көбінесе қой, ешкі, ірі қара мал, түйе жиі ауырады, жылқы, шошқа, ал жабайы жануарлардан ұсақ күйіс қайыратындар мен қоян тәрізділер де ауырады, кейде гельминтоз адамға да қауіпті. Трематодалар малдың бауырында, анығырақ айтқанда өт жолдарында мекендейді (1).

Мал фасциол құртымен күшті зақымданған кезде, олар жаппай өлім-жітімге ұшырауы мүмкін немесе ұзақ ауырады, бірте-бірте арықтап, қаны төмендеп, өнімі кемиді. Сиырдың сүт өнімі 20-40% азаяды. Фасциоз көп тараған аймақтарда ірі қара 90%-ке дейін және қой мен ешкі 50-60%-ке дейін аталған дертке шалдығады.

Кәдімгі фасциола жапырақ тәрізді, ұзындығы 2-3 см, құрттың тұмсық жағы сәл шығыңқы келеді де көптеген тікеншелерімен жабдықталады. Ауыз бен құрсақ сорғыштарының арасы тым

жақын болады. Ішкі мүшелері: ішегі, қос жыныс ағзалары ағаштың бұтағындай көптеген тармақтар құрады. Денесінің тұтастай ортасын екі ен алады, ал сыртқы екі шетін уыздық жайлайды, ал жатыры мен басқа да аналық жыныс мүшелері сорғыштың алдыңғы жағында жалғасады.

Жұмыртқалары денесінен бөлініп, ақтық иесінің өтімен бірге ішегіне еніп, одан нәжіспен сыртқы ортаға шығады. Қоршаған ортада, яғни тұщы суда жұмыртқа ішінде балаңқұрттың алғашқы сатысы-мирацидий 7-15 күн аралығында қалып-тасады. Бұл үшін қолайлы жылылық, жарық және ауа қажет. Жұмыртқаның ұшындағы қақпақшасы ашылысымен одан кірпікші қаптаған өте ұсақ мирацидийлер сыртқа шыға бастайды. Бұлардың ендігі дамуы аралық иесінің, яғни тұщы су ұлуларының қатынасуымен байланысты. Мирацидийлер бауыраяқтылардың былпылдақ денесіне тесіп кіріп, өседі және көбейе бастайды. Ұлулардың денесінде 2-3 айдың ішінде мирацидийден, спороцист, редий және церкарий деп аталатын сатылары өрбиді. Құйрықты церкарий ұлуларды тастап біраз уақыт суда жүзіп жүреді, сонан кейін шөптің тамыр жағына немесе сабағына қонып, құйрығынан құтылып, қабықшамен қапталады, жұқпалы сатысы адолескарийларға айналады.

Жануарлар адолескарийлер мен залалданған шөп не су арқылы ауруды жұқтырады. Адам да лас суды ішкен кезде фасциолезға шалдығуы ықтимал. Денеге енісімен адолескарий ішекке барып жетеді, сыртқы қабыршағынан айырылады. Қабыршағынан босаған адолескарий ішекті тесіп, құрсақ қуысына түсіп, онан әрі жылжып бауырдың сыртқы қабығын, қантамырларын жыртып ішкі ұлпасына ауысады, жыбырлап кезіп жүріп өт жолдарына барып тұрақтайды. Ал жас құрттардың бауырға жететін тағы бір жолы қан тамырлары. Малдың бауырына жеткен фасциолалар 2-5 айдан кейін өсіп-жетіліп, ересек сорғышқа айналады да тағы да жұмыртқа сала бастайды. Жануар денесінде бұл трематодалар 5-10 жылға дейін тіршілік ете алады. Бір құрттың өзінде 45000-дай жұмыртқа болады. Фасциолездер жер шарының барлық елдерінде кең тараған, әсіресе ылғалды, батпақты және сулы жерлерде кездеседі. Қазақстанда қой және ірі қараның фасциолезі көбінесе жиі тіркеледі. Фасциолез көлшікті, сазды, ылғалды алқаптарда және жаңбырлы жылдары көп кездеседі. Әсіресе шалшық сулары мол, саз-батпақты өрістерде мал көптеп зақымданады.

Сулы мекендерде фасциола жұмыртқасы, адолескарий ұзақ мерзім өлмейді және мұндай биотоптарда сорғыштардың аралық иелері ұлулар жаз айларында тез көбейеді. Мысалы, кіші тоспа ұлуы тайыз шалшық сулар түбінде 20 см тереңдікте тіршілік етеді. Оларды бөгетті тұщы көлдің, кіші-гірім өзендердің жағасынан және осы суларға жақын жатқан жайылымдардың ылғалды топырақтарынан көптеп кездестіруге болады. Ал адолескарий болса өте төзімді келеді: суда бір жылға дейін тірі сақталады, шөпте 1,5-6 ай, сүрлемде 0,5-1 айға дейін өмір сүреді. Малдың фасциолезі кең тараған ішқұрт ауруы. *Fasciola gigantica* деп аталатын сорғыш жалпақ құрттар тудыратын фасциолез Атырау, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында байқалады. Қарапайым – *Fasciola hepatica* деп аталатын түрінің таралу аймағы өте кең тараған. Олар Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарын қамтиды. Оңтүстік – Батыс және Оңтүстік облыстарда сорғыш жалпақ құрттардың трематодтардың екі түрі де жиі кездеседі, әсіресе *Fasciola gigantica*. Фасциолез үй тұяқтыларының барлығына жұғады, бірақ бұл ауруға көбіне қой мен ірі қара шалдығады да өлім-жітімге осы түліктер ұшырайды. Бауырқұртпен барлық жастағы мал жайылымға шығысымен залалданады, әсіресе қозы, бұзау жиі шалдығады да көбінесе өлімге ұшырайды. Ал кейбір жағдайда сақа малдың да өлімі болады. Қазақстанда фасциолез жаздың соңғы айларында білінеді де, мал шығыны күзде, қыста және ерте көктемде байқалады. Республиканың Оңтүстік жылы аудандарында бұл дерт жылдың барлық маусымында кездесе береді.

Гематологияны тереңдете білу инвазиялық аурулардың жасырын жүретін патологиялық процестерін, ауруға нақты диагноз қою, асқыну бар жоғын анықтау үшін қажет. Осыған байланысты гельминтоздардың тәжірибие жүзінде қан құрамының морфологиялық диагностикасын (эритроцит, лейкоцит, гемоглабин мөлшері) тексеру [1-3].

Қой ағзасында трематодоз ауруының пайда болу әдістерін білу қажет. Қойлардың дикроцелиоз, фасциолез, гематологиялық және биохимиялық тексеру барысында 20 еркек қой (10-14 айлық) 4 топқа (5ден бөліп) тексерілді.

1-топтағы 10 айлық тоқтыларда 1 рет 80-120 фасциола адолескариймен, 100-150 дикроцелий метацеркарий азыққа қосып берілді.

2-топтағы 12 айлық тоқтыларға 160 фасциола адолескарий, 200-300 дикроцелиоз метоцеркарий жемге қосып берілді.

3-топқа 13-14 айлық тоқтыларға Фасциолез 350, дикроцеллез 400 азыққа қосып берілді.

4-топқа 11-14 айлық тоқтылар фасциолез 400, дикроцеллез 450 азыққа қосып берілді.

Гематологиялық және биохимиялық тексеру инвазиямен зақымданудан 3 күн бұрын және зақымданғаннан соң 30-60-90 тәулігіне тексерілді. Тәжірибие барысында жануарларды аурудан

зақымданбайтын жағдайда ұстады. Тәжірибиеде тоқтылардың нәжісін қайтара шаю әдісімен тексерді. Лабораториялық сынамаға тоқтылардан құлақ венасынан таңертеңгі азыққа дейін алынды. [3]

Гематологиялық тексеруде қан құрамындағы гемоглобулин (гемоглабинцианидті әдіспен фотоэлектрохоломертитте), эритроцит және лейкоцит (автоматты гематологиялық анализатор DatasceLL-16 фирма Husel-Франция) көрсеткіштері анықталды [4].

Тоқтылардың қан сарысуындағы ақуыз мөлшерін биохимиялық тексеру үшін биурет әдісі пайдаланды. Материалды статистикалық өңдеу «Биометрия» компьютерлік бағдарламасымен жүргізілді [2].

Жұмыстың мақсаты – фасциоз және дикроцелиоз қоздырғышымен әр түрлі дозада залалданған тоқты қанындағы гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштерді инвазиялық аурудың 30-60-90 тәулігінде тексеріп бақылау. Тексеріс нәтижесінде 1 рет 15 және 30 трематода жұмыртқаларының зақымданған тоқтылардың қанында гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштері төмен болды. Фасциоз дикроцелиозбен зақымданған 1, 2,3 және 4-топ тоқтылардың қан құрамындағы гемоглобин 30 тәулікте (аурудың жіті кезеңі) ену малмен сыйымдылығында 7,84 және 12,23г/л, эритроцит 0,86; және 1,11 г/л, лейкоциттер саны 3,80 және 8,32 г/л көбейген. Қан сарысуындағы жалпы ақуыз құрамы азайған, сәйкесінше топтар 11,25 және 20,42г/л, көрсеткіштер фасциоз және дикроцелиозбен аралас жұқтырған тоқты ағзасында алмасуының бұзылғанын көрсетеді. Өте жіті ауырған малдарда эритропения, гипогемоглабинемия және лейкоцитоз байқалады. Аралас инвазиялық созылмалы түрінде (60 және 90 тәулік) эритроциттер саны гемоглабин қандағы ақуыз саны көп өзгермейді, гельминтозды жануарлар көрсеткішінен өте төмен.

Кесте 1 –Қанның гематологиялық- биохимиялық көрсеткіштері

Қан элементтері	топ			
	1	2	3	4
30 тәулік				
Эритроцит. $10^{12}/л$	4,09±0,15	3,55±0,20	3,40±0,17	4,50± 0,22
Лейкоцит. $10^9/л$	12,07±0,46	14,20±0,54	18,73±0,60	10,40±0,40
Гемоглобин, г/л	65,93±3,68	60,12±3,56	55,85 ±3,38	68,11±3,50
Жалпы белок. г/л	63,21±0,63	56,50±0,51	47,36±0,41	67,78±0,59
60 тәулік				
Эритроцит. $10^{12}/л$	4,14±0,16	3,7±0,24	3,73±0,16	4,44±0,20
Лейкоцит. $10^9/л$	11,18±0,39	13,09±0,55	16,50±0,16	10,5±0,36
Гемоглобин, г/л	67,20±3,40	64,44±4,33	60,21±4,55	68,66±4,63
Жалпы белок. г/л	65,30±0,71	58,45±0,53	53,99±0,52	67,14±0,60
90 тәулік				
Эритроцит. $10^{12}/л$	4,25±0,14	3,71 ±0,20	3,46±0,18	4,4±0,23
Лейкоцит. $10^9/л$	11,88±0,46	13,75±0,54	17,66±0,23	10,53±0,37
Гемоглобин, г/л	66,80±3,68	62,50±3,73	57,39±3,50	68,30±3,55
Жалпы белок. г/л	64,10±0,70	57,81±0,56	49,64±0,45	68,55±0,63

Қорыта келгенде фасциоз және дикроцелиозбен зақымданған тоқты қанындағы гемоглобин концентрациясы сау малмен салыстырғанда 7,82 және 12,20 г/л, Эритроциттер 0,86 және 1,11 г/л, Лейкоциттер 3,80 және 8,32 г/л. Қан сарысуындағы жалпы ақуыз мөлшері кемиді, сәйкесінше топтар 11,23; және 20,40 г/л бұл көрсеткіштер қой ағзасында фасциоз дикроцелиоз аралас зақымдануынан бұзылуын көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Несіпбаев Т. Физиологические параметры гематологических показателей некоторых курдючных овец, разводимых на юго-востоке Казахстана. (Рекомендация). Алматы, 2008 – 29 б
2. Осипченкова И.М. Морфологический состав крови мелкого рогатого скота при микстинвазиях трематод, цестод и нематод // Труды междунар. конф. «Биоразнообразие Кавказа» Магас: ИГУ. – 2003. – С. 221-226

3. Шульгина В.А. Динамика лейкограммы крови при микстинвазиях трематод и нематод у овец // Труды межд. конф. «Биоразнообразие Кавказа» Магас: ИГУ, 2003. – С. 256-261. Powered by TCPDF (www.tcpdf.org)

4. Сабденов Қ.С., Жұмашев Ж.Ж., Құлатаев Б.Т., Каташева А.Ч. Қазақтың архармеринос қой тұқымы жүн өнімділігін арттыруда қанның биохимиялық көрсеткіштерін пайдалану: ұсыныстар. – Алматы, 2007

ВЛИЯНИЕ ФАСЦИОЛЕЗА И ДИКРОЦЕЛИОЗА НА ГЕМАТОЛОГИЧЕСКИЕ И БИОХИМИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ ОРГАНИЗМА ОВЕЦ

А. Кылымбек, С.Д. Тусупов

В данной статье описано влияние жизнедеятельности фасциол и дикроцелий на организм овец, и подробно показан биохимические и гематологические изменения при трематодозах овец. В статье дается полное описание изменений в кровеносной системе овец. Исследования нозоареала смешанной инвазии – фасциолеза и дикроцелиоза овец в Уланском районе и в практическом обосновании комплексной диагностики цель моей работы. Впервые установлены пути и механизмы реализации эпизоотического процесса смешанной инвазии, вызванной фасциолами и дикроцелиями с учетом вертикальной поясности региона, сезона года и возраста, породности жвачных животных. Определены дифференциально роль антропогенного и техногенного факторов на формирование очагов смешанной инвазии фасциолеза и дикроцелиоза, установлены границы биотопов трематодозных инвазий. Впервые с учетом вертикальной поясности изучен видовой состав пресноводных, наземных моллюсков и муравьев и их зараженность личинками трематод в пастбищных биотопах.

INFLUENCE OF FASCIOSIS AND DIKROCELIOSIS ON THE HEMATOLOGICAL AND BIOCHEMICAL INDICATORS OF THE ORGANISM OF SHEEP

А. Kyilymbek, S.D. Tusupov

In this article, the influence of the vital activity of fasciolae and dicroceremia on the organism of sheep is described, and biochemical and haematological changes in sheep trematodes are shown in detail. The article gives a complete description of changes in the blood system of sheep. Studies of the nosoareal of mixed infestation-fascioliasis and dicrocoliosis-sheep in the Ulan rayon and in the practical substantiation of complex diagnostics the purpose of my work. The ways and mechanisms for the realization of the epizootic process of mixed invasion caused by fasciolae and dicroceria have been established for the first time, taking into account the vertical zone of the region, the season of the year and the age, the breed of ruminants. The role of anthropogenic and technogenic factors in the formation of foci of mixed invasion of fascioliasis and dicrocelia was determined in a differential manner, and the borders of biotopes of trematode invasions were established. The species composition of freshwater, terrestrial mollusks and ants and their infestation by trematode larvae in pasture biotopes were studied for the first time, taking into account vertical zonality.

FTAMP: 03.20

А.Р. Ботабекова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

XX ҒАСЫРДЫҢ 60-70 ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ТАРИХИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа: Мақалада XX ғасырдың 60-70 жылдарындағы Кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізген әлеуметтік-экономикалық реформаларының маңызды жақтары қарастырылған. Сондай-ақ, Кеңес мемлекетінің Қазақстанда жүргізген әлеуметтік-экономикалық реформалары терең зерделенген. Мақалада КСРО-ның жалпы экономикалық жағдайының сипаттамасы берілген. Автор үкіметтің ауыл шаруашылығын өнеркәсіптік базаға көшіруіне, экономиканың барлық секторларын мамандандыруға, интенсификациялауға және маманданған колхоздар мен совхоздардың өндірісіне баса назар аударады. Зерттеу барысында осы кезеңнің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін ауыл шаруашылығының жетістіктері мен кемшіліктері қарастырылады. Сондай-ақ, осы мақалада 1965 жылдардағы реформалар ҚазКСР экономикасының аграрлық секторымен қатар, өнеркәсіптік секторларында да жүзеге асырылғандығы баяндалады.

Түйін сөздер: Экономика, реформа, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы

Қазіргі ұлттық сананың қайта жаңғыру кезеңінде еліміздің түрлі кезеңдердегі экономикалық дамуына шынайы баға беру бүгінгі тарих ғылымындағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. 60-жылдардағы Кеңес мемлекетінің Қазақстанда жүргізген әлеуметтік-экономикалық реформаларының өзіндік күрделі тарихи ерекшеліктері болды. 60-жылдардың басындағы КСРО-ның жалпы экономикалық жағдайы біршама ауыр еді және бұл үрдіс тереңдеу үстінде болды. Осы жағдайдан шығу жаңа аграрлық саясатты жүргізуді қажет етті. Сол себепті, КОКП Орталық Комитетінің 1965 жылғы наурыз Пленумы осы мәселені қарап, «КСРО ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту жөніндегі кезек күттірмес шаралар туралы» қаулысын қабылдап, жаңа аграрлық саясатты жариялады.

КОКП ОК Пленумында қабылданған шешімде қоғам өміріндегі маңызы зор салада қалыптасқан келеңсіз жағдайларды алдағы уақытта болдырмау үшін: жұмсалатын күрделі қаржының көлемін ұлғайту, ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын кеңейту, кеңшарларда шаруашылық есепті енгізу, олардың рентабельділік деңгейін көтеру сияқты және т.б. тұтас бір шаралар жүйесі белгіленді. Пленумның қарарларында Қазақстан үшін ауылшаруашылығы өнімдерін сатудың неғұрлым жоғары бағасы белгіленді. КОКП ОК наурыз (1965 ж.) Пленумы бұл бағытты ауыл шаруашылығын интенсификациялау деп атады және осы форумда «... партияның жаңа аграрлық саясатының негізі қаланды», - деп атап көрсетті [1].

Сөйтіп, 1965 жылғы шаруашылық реформасына және жаңа аграрлық саясатқа сәйкес, алдағы кезеңде ауыл шаруашылығының пайдасына ұлттық табысты қайта бөлу, селоның әлеуметтік мәселелерін неғұрлым дұрыс шешу, ауыл шаруашылық өніміне сатып алу бағаларын арттыру сияқты шаралар күн тәртібіне қойылды. Күрделі экономикалық қатынастар жағдайында шаруашылықтардың экономикасын нығайту мақсатында мемлекеттік дайындау және ауылшаруашылығы өнімдерін сатып алу сияқты тетіктерге баса көңіл аударыла бастады. Бұрын тек жылдық жоспар дайындалса, енді бірнеше жылды көздеген тұрақты дайындау жоспарларын қабылдауға бет бұрылды. Бұл өндірісті ұлғайтуға, өнім көлемін арттыруға бағытталған шараларды қабылдауға мүмкіндік берді. Жоспарлаудың жаңа тәртібі өмірге келді. Енді колхоздар мен совхоздар өндіріс көлемі, еңбек өнімділігі, өнімнің өзіндік құны сияқты және т.б. өндірістік көрсеткіштерді өздері жоспарлай алатын болды [2].

1965 жылдардағы реформалар ҚазКСР экономикасының аграрлық секторымен қатар, өнеркәсіптік секторларында да жүзеге асырылды. 1960 жылдың екінші жартысындағы реформалар нәтижесінде республиканың ұлттық шаруашылығын басқаруда әртүрлі құрылымдық өзгерістер

болды. Аталған Пленумда белгіленген шаралардың жүзеге асырылуындағы алғашқы қадамдар оң нәтижелерін берді. 1965 жылы табиғи қуаңшылыққа қарамастан, республиканың колхоздары мен совхоздары мемлекетке мал шаруашылығының өнімдерін, мақта және көкөніс өткізу жөніндегі белгіленген тапсырмаларды орындады. Көптеген шаруашылықтар бітік егін өсіріп, егіншіліктің жалпы және товарлы өнімін өндіру бойынша алға қойылған жоспарды орындап шықты.

Республика совхоздары мен колхоздары мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін, мақта және жеміс-жидек өнімдерін тапсырып отырды. Оның бір көрінісі колхоздардың ақшалай табысы болып табылады. Қазақстан колхоздарының жалпы табысы 1965 жылы 347,4 миллион сом болса, колхоздардың бөлінбейтін қорлары 784 миллион сом дәрежесіне жетті. Бөлінбейтін қорлардың молаюы өндірістік қорларды үнемі ұлғайтып отыруға мүмкіндік берді.

Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен, өңдеуші өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ететін материалдық өндірістің айрықша аймағы болып саналады. Еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін көтеру үшін және қоғамның өскелең қажеттілігін қамтамасыз етуде шаруашылықтың бұл саласы айрықша орын алады. Десек те, сол кезеңде ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуда экономикалық заңдылықтардың назарға алынбағандығын, бесжылдық жоспарда көзделген жұмыстар көлемінің ескерілмегенін, үнемі ұлғайтылған қаржының бөлініп отырғанын айтуымыз керек. Бұлай жасау партияның съездері мен пленумдарының шешімдерінде көрсетілгендей, колхоздар мен совхоздардың экономикалық базасын нығайтатын, ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық салаларын көтеретін жалғыз жол ретінде қарастырылды.

КОКП Орталық Комитетінің 1965 жылғы наурыз айында өткен пленумында айтылғандай, ауыл шаруашылығының артта қалу себептерінің бірі социалистік қоғам дамуының заңдылықтарын жеткілікті есепке алмау, қоғамдық мүдде мен жеке тұлға мүдделерін үйлестірілмеуі, ауыл еңбеккерлерін материалдық жағынан ынталандырудың жөнді ескерілмеуі және шаруашылықты интенсивті жүргізудің тәсілдерінің өндіріске баяу енгізілуінде жатты [3].

Одақ көлемінде жүргізілген жоспаршылдық саясаттың негізінде жөнді және жөнсіз берілген бұйрықтар мен ұсыныстардың зардаптары көп болды. Республиканың мал шаруашылығымен айналысатын аудандарында көтермелеудің болуына қарамастан мал шаруашылығы үнемі өскелең талаптан қалып отырды. Мал шаруашылығында мал басының аман сақталуы үшін мал қоралары мен мал сарайларының да дұрыс болуы өз әсерін тигізді. Колхоздар мен совхоздардағы мал саны мен мал қоралары, сарайларын арасындағы сәйкессіздік орын алды, мал қоралары жетіспеді. Мал қораларын салуға және жөндеуге шаруашылық басшыларының жіберген қателерінен мал қораларын салу жоспары орындалмады. 1959 жылы 1 қазанда мал қораларының салынуы мүйізді ірі қараға колхоздарда – 33,8 %, совхоздарда – 36,1 %, шошқаға қора салу колхоздарда 36,1%, совхоздарда – 12,6 %, қой қораларын салу колхоздарда – 45,8%, совхоздарда – 42,3%, құстарға колхоздарда – 21,8%, совхоздарда – 25,9% ғана орындалған. Мал қораларын салу әсіресе Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Ақтөбе облыстарында баяу жүргізілді [4].

Мал шаруашылығын дамытуға жоғарыдағы аталған жағдайлардың жеткілікті жасалмауына қарамастан ауыл-село еңбеккерлерінің алдына үлкен межелер қойылды. Жеті жылдық жоспар негізінде Қазақстанның алдына 1965 жылы мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді 1958 жылмен салыстырғанда, етті 2,5 есеге, сүт өнімдерін 1,8 есеге, жүн өндіруді 2,1 есеге арттыру міндет етіп қойылды.

Республиканың табиғи жағдайы, ресурстары бар болғанымен оны орындауда субъективті себептердің салдарынан аталған міндеттер және жеті жылдық жоспардағы мал өнімдерін өсіру тапсырмасы орындалмады. Мал шаруашылығының күрт төмендеуінің тағы да бір себебі – ауыл-село еңбеккерлерінің жеке меншік малдарын қысқарту саясатында жатты. Колхоз мүшелерінің, совхоздардың жұмысшылары мен қызметкерлеріне белгілі бір мөлшерден тыс мал ұстатпау мал санының ғана емес, мал өнімінің төмендеуіне әкелді. Жеке меншікке байланысты жүргізілген қате саясаттың нәтижесінде 1958-1964 жылдары республикадағы жеке меншіктегі мал санының шектен тыс қысқаруы орын алды. Мүйізді ірі қара 724 мыңнан 276 мың басқа, немесе 2,6 есеге, қой мен ешкі 930 мыңнан 465 мың басқа, немесе 2 есеге, шошқа 130 мыңнан 58 мың басқа, 2,2 есеге, жылқы 124 мыңнан 27 мың басқа, 4,6 есеге қысқарды [5].

Мал шаруашылығын кейбір көтермелеу жағдайы уақытша табыстарға әкелгенімен, оның жалпы даму дәрежесі төмен болды, 1960 жылдары мал шаруашылығының дамуы дағдарыстық сипат алды. Осыған байланысты республиканың Министрлер Кеңесі 1959 жылы 23 маусымда «Ауыл шаруашылық министрлігінің ірі қара мал совхоздарын етті мал өсіру бағытына қосымша көшіру туралы» арнаулы қаулы шағарды. Қаулыда республиканың жайылымдары мен шабындықтары бар

далалық шөлейт, жартылай шөлейт аудандарда қаржы мен еңбекті аз жұмсай отырып, ет өндіруді жақсарту міндеті қойылды.

Қазақстанның табиғи жағдайына байланысты ежелден белгілі бір аудандарында ірі қара мал өсірілсе, екінші бір аудандарында қой шаруашылығы басым болды. Ауыл шаруашылығын жүргізудің біржақты саясаты, басшылықтың ғылыми жүйеден гөрі, жоспаршылдыққа, әкімшіл-әміршіл басқаруға салынуы және т.б. мал шаруашылығын нақты дамытудың жолдарын дұрыс белгілеп бермеді. Көптеген колхоздар мен совхоздар жұмсалған қаржының орнын толтыра алмай, зиян шекті, содан барып артта қалған шаруашылықтарға айналды. Ауыл шаруашылық өндірісіне шамадан тыс міндеттер қойылды. Жоғарыдан берілген сол нұсқаулар жергілікті жердің шаруашылық қажеттілігінен туындамаған еді. Одақ және республика басшылары 1965 жылдың аяғына дейін республикада 75 млн. ірі қара мал, 2,6 млн шошқа, 1,8 млн. жылқы, 30 млн. құс болады деп сендірді. Ал шындығында бұл көрсеткіштер 30,1 млн. қой мен ешкіден, 6,8 млн. мүйізді ірі қара малдан, 1,7 млн. шошқадан, 1 млн. жылқыдан, 19,9 млн. құстан аса алмады [6].

Партияның XXI съезінде «Кеңес халқының алдында тұрған негізгі міндет – экономикалық жағынан елімізді дамытудың негізі коммунизмнің материалдық-техникалық базасын» – деп көрсетеді. Осындай міндеттердің негізінде 1959-1965 жылдары Одақ көлемінде жеті жылдық жоспар қабылданды. Жеті жылдық жоспар ауыл шаруашылық өнімін одан әрі ұлғайту жоспарын қойды. Сонымен қатар, совхоздарда егістік жерлердің көлемі де ұлғайтылды. Осындай табыстарға қарамастан, жеті жылдықтың алғашқы екі жылында ауыл шаруашылығының өсуі талапқа сай болмады. Оның себептерінің қатарына: 1956-1960 – жылдарда халықтың санының өсуі және еңбек ақының ұлғаюына байланысты, халықтың азық-түлікті сатып алу мүмкіндігінің артуы да жатты. Осыған байланысты, Одақты негізгі азық-түлікпен қамтамасыз ететін бірден-бір республика Қазақстан болып табылды.

1960 жылдың жазынан бастап республиканың Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары Н.С. Хрущевтың волонтаристік республиканы өлкелерге бөлу саясатынан туындаған тың өлкесінің құрамына енгізілді. 1960 жылы республикада 104 - астық, 31-қой, 8-көкөніс, жеміс-жидек өсіретін, 16-ет, сүт өсіретін 161 жаңа совхоздар құрылды. 1961 жылы қазан айында өткен КОКП Орталық Комитетінің XXII съезінде ауылшаруашылығын дамыту және коммунистік қоғам орнату үшін ауыл шаруашылығында совхоздардың рөлін көтеру қажет деп көрсетті.

Ауылшаруашылығындағы алға жылжулар үлкен көлемде күрделі қаржы жұмсауға байланысты болды. Егер 10 жыл (1953-1963 жж.) ішінде Қазақстанның ауылшаруашылығына 13 миллиард сом күрделі қаржы бөлінсе, 1966-1970 жылдары экономиканың бұл саласына 11 миллиард сом көлемінде күрделі қаржы бөлінді. Сол сияқты минералдық тыңайтқыштар мен өсімдіктер дүниесін қорғауға қажетті химиялық заттар өндірісіне де күрделі қаржы көлемі арттырылды. Совхоздардың негізгі қор құны 1970 жылы 8 миллиард сомға жетті. Олардың материалдық-техникалық базасы ойдағыдай нығайды. Атап айтқанда, Қазақстанның тракторлар паркі 1965 жылы 194,9 мыңнан, 1976 жылы 233 мыңға, астық комбайндары тиісінше 113,6 мыңнан 98,6 мың болып, жүк машиналарының паркі автоцистернадермен қоса есептегенде 1,2 есеге өсті. Ауылшаруашылығы ғылымы мен техникасының дамуы, совхоздар мен колхоздардың өндірістік қызметінің кеңеюі шаруашылық мамандары мен басшыларына жаңа талаптар қойды. Сегізінші бесжылдықтың аяғында 17 орта арнаулы және жоғары ауылшаруашылығы оқу орындарының жанынан колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларын даярлау мақсатында екіжылдық бөлімдер ашылды. Олардан 1970 жылы 111 мың маман даярланып шықты. Ауылшаруашылығында осы жылы 56,8 мыңға жуық жоғары және орта арнаулы білімі бар агрономдар, зоотехниктер, мал дәрігерлері жұмыс істеді [7].

1960 жылдың екінші жартысында ауыл шаруашылығын қолдауға арналған іс-шаралардың арасындағы ірі жетістікке колхозшыларға кепілдік берілген еңбек ақысын төлеу кірді. КОКП ОК және КСРО Министрлер Кеңесінің «Қоғамдық өндірісті дамытуға арналған материалдық-техникалық қызығушылықты жоғарылату туралы» қаулысы 1966 жылы 1 маусымда колхозшыларға кепілденген еңбек ақысын төлеуді енгізді. Зерттеуші В.Наухацкийдің есептеуі бойынша, 1965-1970 ж.ж. кезеңінде КСРО-да ауыл шаруашылығының әр түрлі мәселелері бойынша КОКП ОК және КСРО Министрлер Кеңесінің 80 ге жуық қаулысы қабылданған. Олардың 20-ы – совхоздар мен колхоздардың шаруашылықты жүргізуінің экономикалық жағдайының жақсаруына, 40-қа жуық шаруашылық мәселесін шешуде, 20-ға жуық әлеуметтік мәселені шешуге арналған. Қазақстанда ауылшаруашылығын дамыту мәселелерін қарастыруға КОКП ОК 1965 ж. Пленумы арналды. Онда «КСРО-ның ауыл шаруашылығын ары қарай дамыту бойынша кезек күттірмес шаралар туралы»

КОКП ОК наурыз айындағы Пленумының шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар туралы қаулы қабылданған.

1950-ші және 1960-шы жылдардағы аграрлық сектордағы реформаларды салыстыратын болсақ, Н Хрущев кезеңіндегі реформалардан 1965-1970 жж. Л. Брежнев және А. Косыгин басшылықта болған кезеңіндегі реформалардың айырмашылығы соңғысының үлкен ұйымшылдықта, жоспарлы өткізілгендігінде жатты. Республикада 1965-1970 жж. ауыл шаруашылығына деген капитал салымдары 2 есеге өсті. Егер 1965 жылы олар 776 млн.сомды құраса, 1970 жылдары – 1146 млн.сом болған, яғни КСРО ауылшаруашылығының барлық капитал салымдарының 22% құраған.

1965-1966 жж. республикада ауыл шаруашылық органдарын қайта құрулар жүргізілді. Ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау және өндіру министрлігі, ауыл шаруашылық министрлігі, ҚР-ның егін және су шаруашылығы министрліктерінің базасында бірыңғай кеңестік-республикалық ҚазССР ауыл шаруашылығы министрлігі құрылды, бұл ведомство барлық колхоздар мен колхоздардың жұмысына басшылық жүргізді. Қазақстанның барлық 15 облысында ауыл шаруашылығының облыстық басқармалары, ал республиканың 151 ауданында – ауыл шаруашылығы өндірісінің аудандық басқармалары құрылды [8].

1965 жылы басталған реформа, оған жағдай жасалмағандықтан аяқталмай қалды. Іс жүзінде экономикалық әдістер әкімшілік әдіспен алмастырылды. Аграрлық саланың артта қалуының басты себебі, кеңестік жүйе кезінде жүргізілген реформалардың интенсивті негізде емес, орасан зор қаржыны талап ететін экстенсивті мазмұнда жүргізілуінде жатты. Реформа кредиттік-финанстық жүйемен, материалдық-техникалық жабдықтаумен байланыстырылмады. Осының салдары аграрлық аймақтарды өндіріс құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ететін салалардың экономикалық алмасуындағы тепе-теңдіктің бұзылуына әкелді. Сонымен қатар, басқару жүйесінде өндірісті ұйымдастырудың экономикадан тыс әкімшіл тәсілінің үстемдік етуі материалдық ынталандыруды екінші қатарға ысырды, осыдан барып еңбекшілер белсенділігі төмендеді. Адам факторын бағаламау, еңбекшілерге жоғарыдан берілген бұйрықты орындаушы ретінде ғана қарау ауыл шаруашылығының өркендеуін айтарлықтай тежеді.

Қорыта келгенде, 1965 жылы Пленум қабылдаған шаралар ауыл шаруашылығындағы экономикалық қатынастарды түбірімен өзгерте алмады және айтулы жетістіктерге жеткізбеді. Экономикалық ынталандыруды жоққа шығара отырып, қалыптасқан жүйе экономиканы экстенсивтік даму жолында ұзақ ұстап қалды. Еңбекақы төлеу жүйесі еңбектің нәтижесімен байланыстырылмады. Ауыл шаруашылығына бөлінген күрделі қаржыны көбейту совхоздардың материалдық-техникалық базасын нығайтқанымен, терең экономикалық өрістеуге жеткізбей, халықтың тұрмыс дәрежесінің жақсаруын қамтамасыз ете алмады. Әрине, КСРО үкіметі осы жағдайда қол қусырып қарап отырды деу қисынсыз болады, олар проблемаларды шешудің жаңа жолдарын үнемі іздестіру үстінде болды. Ауыл шаруашылығын нығайту бағытындағы эксперименттер жалғаса берді. Ең бастысы бүкіл жүйені түбегейлі өзгертетін қадамдар жасалынбады.

Әдебиеттер

1. Байгілен С.А. Кеңес мемлекетінің Қазақстандағы аграрлық саясаты: ауыл шаруашылығындағы экстенсивті бағдар және дағдарыс (1965-1990 жж.)// Т.ғ.д. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2000. – 27-28 бб.
2. Сүлейменов Б.С. 1965 ж. аграрлық реформа негізінде Қазақстанда жаңа аграрлық саясат жолдарын қалыптастырудың көріністері. // ҚазҰУ хабаршысы.– 2007.– № 4
3. Байсарина К.К. Кеңес өкіметінің Қазақстандағы аграрлық саясаты: тарихы мен тағлымы (1946-1965 жж.). – Семей, 2005.
4. ШҚО ҚЗТҚО 410 қ.– 1 т.– 24 іс.– 35 п.
5. Народное хозяйство Казахской ССР в 1960 и 1961 гг.: Стат.сборник.– А., 1963.– 218-219 с.
6. ШҚО ҚЗТҚО 410 қ.– 1 т.– 24 іс.– 18 п.
7. Народное хозяйство СССР за 70 лет: Стат.сборник. М., 1987.– 391 с.
8. Сактаганова З. Г. Экономическая модернизация Казахстана 1946-1970 гг. – Караганда, 2012. – 365 с.

ИСТОРИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ РЕФОРМ В КАЗАХСТАНЕ В 60-70-Х ГОДАХ XX ВЕКА

А.Р. Ботабекова

В статье рассматриваются важные аспекты социально-экономических реформ Советского правительства в Казахстане в 60-70-х годах XX века. А также было детально исследовано

социально-экономические реформы проведенные советским государством в Казахстане. В статье дается характеристика на общую экономическую ситуацию в СССР. Автор рассказывает каким образом правительство сосредоточилось на передаче сельского хозяйства в промышленную базу, производстве колхозов и совхозов, специализирующихся в специализации и интенсификации всех секторов экономики. В исследовании подчеркиваются достижения и недостатки сельского хозяйства в укреплении материально-технической базы этого периода. Также, в этой статье излагается о том, что реформы Казахской ССР 1965 года осуществлялись как в аграрном, так и в промышленном секторе.

HISTORICAL PECULIARITIES OF SOCIAL AND ECONOMIC REFORMS IN KAZAKHSTAN IN THE 60-70-YEARS OF THE XX CENTURY

A.R. Botabekova

The article examines important aspects of social and economic reforms of the Soviet government in Kazakhstan in the 60-70s of the 20th century. In the article were studied in detail the socio-economic reforms carried out by the Soviet state in Kazakhstan. The autor describes the characteristics of the economic situation in the USSR. The author tells how the Government focused on the transfer of agriculture to the industrial base, the production of collective and state farms, specializing in the specialization and intensification of all sectors of the economy. The reasearch highlights the achievements and shortcomings of agriculture in agrocultura and the material and technical base of this period. Also, in this article you can find about the reforms of the Kazakh SSR in 1965 were carried out in the agrarian and industrial sectors.

FTAXP: 03.20

Б.Ж. Атангаева, Н.А. Махметова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

XIX ҒАСЫРДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА НАРЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЛКЕ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫНА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

***Аңдатпа:** Ұсынылып отырған мақалада XIX ғасырда Шығыс Қазақстанда нарық қатынастарының дамуы және өлке тұрғындарының этникалық құрамы қарастырылады. Аймақ халқының саяси, экономикалық және мәдени дамуы нәтижесінде болған әлеуметтік құрамындағы өзгерістер, оның өзгерісіне ықпал еткен факторларды айқындап, кешенді түрде зерттеліп ашып көрсетілді. Көшіріліп келген өзге ұлт өкілдерінің шығыс өңір халқының демографиялық құрамына әсерін анықталып, олардың шаруашылық түрлері өңір тұрғындарына ықпалы, өлкедегі сауда-тауар айналымы, нарық қатынастарының Шығыс Қазақстанда дамып, өңір өміріне жаңа серпіліс әкелуі баяндалды. Шығыс Қазақстан тұрғындарының этникалық құрамындағы өзгерістер тарихи көзқарас тұрғысынан талдау жасай отыра, ғылыми тұрғыда ашылады. Өңір тұрғындарының әлеуметтік-этникалық жағдайы мұрағат деректері негізінде талданып, сараланды. Мұрағат қорларынан алынған деректерді сараптаудан өткізе отырып, қорытындылар жасалды.*

***Түйін сөздер:** қоныстандыру, шаруа, этникалық құрам, губерния, нарық қатынасы, сауда, көпес.*

Түрлі кезеңдердегі ел тарихын тереңірек зерттеуді қолға алғанда халықтың құрамы, оның шаруашылығы, сауаттылық деңгейі сияқты мәселелерге қатысты деректер құнды болатыны белгілі. XIX ғасырдың басынан бастап патша үкіметі Шығыс Қазақстанның және бүгінгі Алтай өлкесінің жерлеріне Ресейдің ішкі аудандарынан шаруаларды көшіріп, қоныстандыруға басымдылықпен көңіл бөле бастады. Сонымен бірге, бұл кезеңдегі алда тұрған міндеттердің қатарына аймаққа орыс шаруаларын қоныстандыра отырып, Қытаймен екі арадағы даулы шекаралық және өлке байлығын толық игеру сияқты мәселелерді де өз пайдасына шешу болды. Осы мақсатта жергілікті халықтың есебін алу, шаруашылық жағдайларын зерттеу, салық жүйесін енгізу, олардың тұрақты мекен ету жерлерін анықтау қажеттігі туындады [1, 89].

XIX ғасырдың бірінші жартысында сол кездерде Батыс Сібірдің бір бөлігі деп есептелінетін Қазақстанның Ертіс өңіріндегі шаруашылықтың дамуына сырттан келіп қоныстанушылардың, яғни переселендердің әсері үлкен болды. 1824 жылғы 22 наурыздағы үкімге сәйкес мемлекеттік

шаруаларға 8-ден 15 десятина жер бере алатын барлық губернияларға оларды қоныс аударуға рұқсат берілді [2, 178]

Өзі меншік иесі және өзі еңбекші болып табылатын шаруаның жағдайы оны өнім өндіру, жұмыс мөлшері, салығына байланысты болатыны белгілі. Шаруа қожалықтарының ыдырауына әсер ететін факторлардың бірі – салықтың жоғары болатыны жататыны белгілі. Сонымен бірге орталық губернияларда жердің тапшылығы, осының және т.б. жағдайлардың жеке шаруалардың бірталайының ауыл шарушылық жүйесіне ілесе алмауына себеп болды. Титықтаған ауыл шаруашылығының қайта жандануына, жеке шаруа қожалықтарының көтерілуіне тек қоныс аудару (переселение) септігін тигізери анық болды [3, 20].

1820-1840 жылдары Омбы облысы аумағында, XVIII және XIX ғасырдың бірінші ширегінде қоныстандырылған орыс шаруалары мен казактар тұрған территорияда төрт ішкі округ – Омбы, Петропавл, Семей және Өскемен, ал Орта жүз қазақтарының көшпелі аймақтарында сегіз сыртқы округтар құрылды [1, 89-90]. 1836 жылы Ертістің оң жағында 40 мыңдай адам тұрды. Олардың 24 мыңы орыс және басқа да еуропалық ұлт өкілдері, қалғаны 16 мың қазақ және 100-дей татар бар. Ресейден келген қоныстанушы переселендер әлеуметтік жағдайына қарай барлық Ертіс халқының құрамында: әскерилер мен Сібір казактары – 37,8% (15095 адам), шаруалар - 12% (1628 адам), мещандар – 4,1% (1628 адам) және жергілікті әкімшілік шенеуніктері – 3,9% (1580 адам) болды [4, 352].

XIX ғасырдың бірінші жартысында Орынбор және Сібір шекара шебінде әскери адамдар санының көбеюімен неміс-лютерандардың саны өңірдің батыс, солтүстік және шығыс жақтарында баяу болғанымен де, тұрақты түрде өсіп отырды. 1836 жылғы Батыс-Сібір генерал-губернаторының есебімен Солтүстік-Шығыс Қазақстан өңірінің ішкі аймақтарында, қалаларында (Семейде – 26, Өскеменде – 1) барлығы 27 лютеран тұрды. Ал, XIX ғасырдың орта тұсы, 60 жылдарға қарай, губернаторлықтың есебі бойынша осы өңірде неміс-лютерандардың саны 54-ке жеткен [5,54].

1846 жылдан бастап билік өкілдері орыс-казактарын шекара бойымен мәжбүрлеп көшіруге шектеу қойды. Мұның себебінде, казактар ішіндегі осы саясатқа наразылықта жатты. Казактар енді тек тағайындау бойынша көшетін болды. Осы өзгеріске сәйкес, 1848 жылы жанұялары, оның ішінде жесірлері, жетімдері бар 9 полк көшірілді. Олармен бірге Сібір, Еуропалық Ресей әскерлерінің төмен шенділері мен Сібірдің мемлекеттік шаруалары да көшірілді [6, 91]

Казактардың ішінде арғы тектері қазақ, қалмақ, башқұр және мордва және т.б. болып келетіндері де аз емес еді. Олардың бет-әлпеті орыстықтан гөрі монғолдыққа жақындау тұрды. Бұл сонымен бірге, шекара бойында орыс әйелдерінің аз болғандығымен және казактардың түземдік қыздарға үйленулерімен де түсіндіріледі. XVIII ғасырда және XIX ғасырдың бірінші жартысында орыс шаруалары негізінен Кенді Алтай аймағын мекендесе, ал Ертістің басқа аймақтарында оның ішінде, Қазақстанның Ертіс өңірінде казактар, яғни Сібір казактары тұрып жатты (кесте 1).

Кесте 1 – XIX ғасырдың ортасындағы Шығыс Қазақстан жеріндегі тұрғындардың бір бөлігінің этникалық және әлеуметтік құрамы [6, 81-82].

Жылдар	Халық құрамы %				
	Қазақтар	Казактар	Шаруалар	Мещандар мен көпестер	Барлығы
1855	81	16,3	0,1	2,6	100
1856	84,7	13	0,1	2,2	100
1857	82	15	0,5	2,5	100
1858	81,8	16	0,7	2,5	100
1859	83	13,1	1,4	2,5	100
1860	82,9	12,7	1,7	2,7	100

1-кестеден көріп отырғанымыздай, 1850-1860 жылдары Шығыс Қазақстанда халықтың басым бөлігі әлі де казактар болғанын көреміз. Олар 81% құраған. Сол сияқты аймақтағы саны жағынан екінші көп тұрғындар Сібір казактары болды, олар 16,3% құрады. Ал, тұрғындардың қалған бөлігі село немесе қала тұрғындары орыстардан және т.б. ұлт өкілдерінен тұрды. Сауданың жандануы өлкеге сырт өңірлерден келетіндердің де көбеюіне әсер етті.

1858 жылы Том губерниясының Семилужный болысындағы Маринск ауылының шаруалары Иван Галаев және Андрей Ледаев 19 жолдасымен қазақ даласына көшу туралы өкіметке өтініш білдіреді. Шаруашылық бөлімінің кеңесшісі Н. Абрамов оларды Семей облысына қабылдау туралы шешімді облыс басшылығына жолдайды [7].

XIX ортасында Қазақстанның Шығыс өңірлерін, оның ішінде Алтайды аралаған зерттеуші П.И.Чихачев қазақтар тұрмысына мынандай қорытынды жасаған: « Бізге бірнеше қазақ үйлерінде болу мүмкіндігі туды. ... олардың барлығы байлығымен, тазалығымен ерекшеленеді. Мен оларда ... бірінші рет түйе табындарын көрдім. ... Бұл өңірдегі олардың негізгі кәсібі – мал шаруашылығы». Ал, И.Завалишин өз зерттеулерінде: «Қырғыз даласындағы мал санының мөлшерін анықтау мүмкін емес. ... Жылқының жалпы саны мөлшермен 1 миллион бас, ал сиыр мен қойды 4 миллион деп есептеуге болады»- деп жазады [1, 91].

Қазақтың ірі қарасының саны толық тіркемеген күннің өзінде, орыс халқының ірі қарасынан артық болды. 1841 жылы бүкіл Батыс Сібірде 2250 бас ірі қара болған, ал 1853 жылғы деректері бойынша, казактарда 4245 бас ірі қара болған, яғни бұл көрсеткіштің екі есе артқандығын көрсетеді [2, 196]

Трофимов құрастырған «Қазақтар туралы толық ведомоста»: Қазақ шаруашылықтарының 7,9%-ында – жылқы, 7,4%-інде – ірі қара, ал 35%-да қой болмады. Бұл әбден титықтаған шаруашылықтар еді. Ал бұларға таяу жалғыз аты бар 10,3%, 5-10 қойы бар 6,5% , 1-5 бас ірі қарасы бар 25,6% шаруашылықтар болды [6, 101].

Орыс шаруаларында көбінесе ірі қара мен жылқыны өсірді. Екінші шаруалар жылқыны егістікте пайдаланды. Сондай-ақ, жылқы малы тауар тасымалдауда да септігін тигізді. 1851 жылы 29407 тауар тиелген арба, ал 1852 жылы 31150 тауар тиелген арба Кяхтаға жіберілді. 1854 жылғы мәлімет бойынша, 1 миллион пұт тауар тиеу үшін 50 мың жылқы қажет болды. Жүк тасумен орыс атқосшылары мен татарлар айналысты. Сол себепті де, жылқы малы барлық этникалық тұрғындар үшін маңызды рөл атқарды [2, 201].

Бұл келтірілген мәліметтерден көретініміз нарық сұранысына қарай, шаруашылықтардың белгілі бір кәсіпке қарай бейімделулері. Орыс шаруаларының шаруашылықтары негізінен егіншілік бағытында дамығанын көреміз. Ал қазақ шаруашылықтары дәстүрлі мал шаруашылығының негізінде дамыды. Зерттеуші Н.В.Алексеенконың мәліметтерінде қойы аз, 25,6% құрайтын шаруашылықтар айтылғанымен олардағы басқа түліктердің саны көрсетілмейді. Қалай болғанда да, қазақ шаруашылықтарының жағдайға қарай бейімделгенін байқаймыз.

Осы кезеңде Ертіс өңірінде тауарлы егіншілік және ауылшаруашылық, оның ішінде мал өнімдерін өңдеу кәсіпорындары ашылып дами бастады. Қалалар кеңейіп, жаңа елді мекендер бой көтерді. Семей облысында 64 поселкенің – 55-і Ертіс бойымен орналасты [8, 3].

Қалыптасқан жағдайда нарық қатынастарының тереңдей енуі өлке тұрғындарына жағымды әсер етті. Оны көп жағдайлардан байқауға болады. Сол кездегі Семей өңірі және Семей қаласы ертеден-ақ Орталық Азиядағы сауда ісінің жүруімен белгілі болды. Мал тауарға айналды. Оның тауарға айналуына өлкедегі дамып отырған капиталистік, яғни нарық қатынастары тікелей ықпал етті. Мал шаруашылығы оның иелеріне экономикалық табыс әкеле бастады. Қазақ арасынан да бүкіл малын нарыққа негіздеп өсірген, содан үлкен пайда тапқан кәсіпкерлер шықты. Жалпы мал қарапайым қазақтарға да өздерінің бүкіл өмір қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік берді.

Аягөз және Қарқаралы бағыттарынан Семейге қой терісі, түйе, қой жүндері, есілген жіп және т.б. өнімдер тиелген түйе керуендері жазда, шаналы керуендер қыста келіп жататын. Көпестер қайтарларында тауарларының орнына астық, ұн, темекі, мата, қант сияқты керекті заттарды және тұрмыс бұйымдарын алып кетіп отырды. Қыс мезгілінің өзінде ғана Семей қаласына көлемі 1000-нан аса түйесі бар керуендер келіп, олар он бес мың пұттан астам астықты тиеп алып кететін болған. Семей қаласындағы ішкі сауданы татар көпестерімен қатар ташкенттіктер де жүргізіп отырды. Олар өз тауарларын қазақ даласының Ташкентпен, Түркістанмен жапсарлас аймақтарына және Шәуешекке жіберіп отырды. Тауар жоғары сапалы былғары, шыт, сиса, барқыт, парша сияқты мануфактуралық маталардан және сағат, айна, шойын және темір бұйымдардан тұрды. Олардың ішінде өңделмеген темір де, мыс та болды. Ал қазақ даласы болса айырбасқа мал және мал өнімдерін шығарды. Ташкенттен мақта өнімдері, өңделмеген және өрілген мақта, кілемдер және басқа бұйымдар әкелінді. Құлжа және Шәуешек аймақтарынан шәй, фарфор, күміс құймалар, жібек, тері, айна және т.б. әкелінді. Осы тауарлардың біраз бөлігі Семейде сатылып, қалғаны ары қарай Тюмень және Ирбит жәрмеңкесіне, тіпті одан әрі Қазан мен Мәскеуге әкетіліп отырды. Батыс-Сібір аймағы әскерінің қолбасшысы, генерал-лейтенант Глазенап (1808-1819 ж.ж.) өлкенің батыс Қытаймен сауда қатынасының дамуына көп үлес қосты. Ол сауда керуендерінің аман болуына көп көңіл бөлді. Орын алып жататын керуен тонаушылықты тию үшін 10 жаяу әскер полкын және 9 артиллерия құрамаларының сарбаздарын пайдаланды. Генерал Глазенаптың қолбасшылығы кезінде тауар артқан керуендер Қоқанға, Бұхарға шекарадағы Қытай қалалары Шәуешекке, Құлжаға жетіп, ары қарай Қашқар және Кашмирге аман-есен жетіп жатты [9, 69-76].

Сауданың дамуы өлкенің экономикалық қозғалысына серпін беретіндігін жақсы түсінген жергілікті билік орындары оны жандандыруға барынша қолдау жасады. Соған сәйкес, түрлі заңнамалар мен ережелер қабылданды. Облыстық басқарма Семей қаласында 1846 жылдан кейін жеке тұлғалармен базар алаңында тұрғызылған дүкендер мен дүңгіршектер туралы мәселені қарастырып, барлық дүкендер мен дүңгіршектер 29 наурыз 1846 қоғамдық шешімге күшімен, сондай-ақ 30 қыркүйек 1858 жылғы шешіммен байланысты қала қажеттілігі мақсатынды иелеріне қалдыруға шешім қабылдады [10].

1887 жылы қалалық басқармаға өз қаражатымен жаңа құрылыс алаңдарын тасты дүңгіршектер салуға рұқсат ету туралы өтініш түсті. Өтініш қалалық басқармаға енгізіліп Қалалық Думаның шешімімен ағымдағы жылдың 23-нен бастап жоғарыда аталған жерлерге дүңгіршектер салуға рұқсат етілді, алайда өтініш білдірген 22 адамның 12сіне ғана құрылыс жасауға рұқсат берілді. Ол көпестер: Попов, Плещеев, Никитин, Лоронин, Алексеев, Армедоксонов, Шитинов, Сайфуллин, Ременников, Невнутимов, Мерилов және Бореницкий. Қалғандарына себебін түсіндірмей өтініштеріне қарсы пікір білдірді [11].

Ертіс өңірінде кәсіппен айналысуға үлкен мүмкіншіліктер болды. Ең бастысы өлкенің географиялық орналасуы, жазғы уақытта су және күре жолдардың болуы сауданың дамуына әсер етті. Саудамен қатар, қолөнер, кәсіпшілік істері де дами бастады. Шығыс Қазақстан аймағында сол кездің өзінде-ақ тұрақты сауда орындарынан бөлек, 20-дан астам маусымдық ірі жәрмеңкелер де жұмыс істеді. Солардың ішіндегі ең әйгілісі Қоянды жәрмеңкесі болды. Кейіннен бұл қатарға, Шар жәрмеңкесі қосылды. Сауда ісінің дамуы осы айналымға қазақтарды кеңінен тартты.

XIX ғасырдың соңында көпестер саны 1033 адам болып, халықтың 0,15 процентіне жетті. Көпестердің 50 проценті татарлардан тұрды, олардан кейін сан жағынан көпестік атағы бар, екінші орында орыстар болды (452 кісі). Қазақтардың ішінде 55 кісіде ғана көпестік атақ болды [12, 38].

Қорыта айтқанда, нарық қатынастарының Ертіс бойындағы өңірге тереңдей енуі бұрын болмаған жаңа леп, жаңа өзгерістерді әкелді. Одан ешкім де сырт қалмады. Дәстүрлі қазақ қоғамына үлкен жаңалықтар енді. Ең бастысы қазақтар нарықтың дәмін татып, орталарынан Тінібай Кәукенов сияқты қазақ көпестерін шығарды. Бұл жағдай өлкедегі этникалық өзгерістерге де әкелгені белгілі.

Әдебиеттер

1. Қарасаев Ғ.М. Қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандырудың алғашқы кезеңі, мақсаты, ерекшеліктері, XVIII ғасырдың басы, XIX ғасырдың ортасы (Қазақстанның Шығыс, Алтай өлкесі бойынша) / Ғ.М.Қарасаев //ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2003. – №4 (31)
2. Аполлова Н.Г. Хозяйственное освоение Прииртышья в конце XVI первой половине XIX в. – М.: Наука, 1976. – 370 с.
3. Русская мысль. – 1894. – №3
4. Этнический национализм и государственное строительство. – М.: Институт востоковедения РАН, 2001 – 423 с.
5. Ерофеева И.В. Конфессиональные процессы среди немецкого населения Казахстана во второй пол. XVIII – нач. XX вв. / И.В. Ерофеева // История немцев Центральной Азии: материалы международной научной конференции. – Алматы: ТОО «Комплекс». – 1998. – 269.
6. Алеексенко Н.В. История Восточного Казахстана в документах и материалах. – Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2006. – 156 с.
7. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚРОММ), 15 – қор. 1 – т. 102 – іс.
8. Мамытова С.Н. XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басындағы Ертіс өңіріндегі кәсіпкерліктің даму тарихы : оқу құралы / С.Н. Мамытова. – Павлодар: Кереку, 2009. – 114 б.
9. Адресь-календарь Семипалатинской области на 1905 г. Семипалатинскъ. Типография Областного Правления. 1905.
10. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚРОММ), 15 – қор. 1 – т. 39 – іс.
11. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚРОММ), 15 – қор. 1 – т. 717 – іс.
12. Игібаев С. XIX ғасырдың соңындағы Семей облысының халқы / С.Игібаев//«Қазақ тарихы». – 1994. – №2

РАЗВИТИЕ РЫНОЧНЫХ ОТНОШЕНИЙ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ЭТНИЧЕСКИЙ СОСТАВ НАСЕЛЕНИЯ В XIX ВЕКЕ

Б.Ж. Атантаева, Н.А. Махметова

В предлагаемой статье на основе документальных источников проанализировано развитие рыночных отношений и этнический состав населения Восточного Казахстана в XIX веке. Изменения в социальной структуре, обусловленные политическим, экономическим и культурным развитием населения региона, были выявлены и исследованы с точки зрения факторов, влияющих на его трансформацию. Переселение народов и их влияние на демографический состав населения Восточного Казахстана. Изменения в этнографической структуре населения Восточного Казахстана научно раскрываются с исторической точки зрения. Социально-этническое состояние населения региона анализировалось на основе архивных данных. Выводы были сделаны из анализа данных из архивных фондов.

DEVELOPMENT OF MARKET RELATIONS IN EASTERN KAZAKHSTAN AND ITS IMPACT ON THE ETHNIC COMPOSITION OF THE POPULATION IN THE XIX CENTURY

B. Atantayeva, N. Makhmetova

The article on the basis of documentary sources analyzes the development of market relations and the ethnic composition of the population of East Kazakhstan in the XIX century. Changes in the social structure caused by the political, economic and cultural development of the population of the region were identified and investigated in terms of factors affecting its transformation. The resettlement of another nation and their impact on the demographic composition of the population of East Kazakhstan and determined their economic impact on the population of the region, the turnover of the region, the development of market relations in East Kazakhstan, reports lead to a serious breakthrough in the life of the region. Changes in the ethnographic structure of the population of East Kazakhstan are scientifically revealed from a historical point of view. The socio-ethnic status of the region's population was analyzed on the basis of archival data. The conclusions were drawn from the analysis of data from archival funds.

ҒТАХР: 03.20

Н.С. Шаймарданова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ТАРИХШЫ КЕҢЕС НҮРПЕЙІСҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа: Бұл мақалада көрнекті тарихшы, ұлағатты ұстаз, академик Кеңес Нұрпейісұлының білім беру саласына қосқан үлесі мен ғылыми-педагогикалық қызметі қарастырылған. Академик Кеңес Нұрпейісұлы А.Н.Нүсіпбеков, С.Н.Покровский, Г.Ф.Дахшлейгер, Т.Е.Елеуов, А.С. Елагин сияқты білімді педагогтардан дәріс алған. Сонымен қоса, академик Кеңес Нұрпейісұлының ұстаздық қызметі мен Қазақстанның бірнеше доктор профессорларын тәрбиелеуге өлшеусіз қосқан үлесі анық көрсетілген. Ұстаздық қызмет ете жүріп, Кеңес Нұрпейісұлы мектептерде тарих пәнін оқытудың әдістемесіне байланысты бірнеше ғылыми-педагогикалық еңбектер жазып, қазірде Қазақстанға танымал тарихшы ғалымдарды даярлауда өзінің өлшеусіз үлесін қосты. Кеңес Нұрпейісұлының ұстаздық қызметінің көп бөлігі Қазақ Қыздар Педагогикалық университетінде өтті. Кеңес Нұрпейісұлы саналы ғұмырын шәкірт даярлауға арнады. Мақалада ғалымның ғылыми -педагогикалық қызметі жақсы қарастырылған.

Түйін сөздер: Академик, тарихшы, педагог, ұстаз, ғалым

Қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде тарих факультетінде оқыған Кеңес Нұрпейісұлының ғалым ретінде қалыптасуында А.Н. Нүсіпбеков, С.Н. Покровский, Г.Ф. Дахшлейгер, Т.Е. Елеуов, А.С. Елагин сияқты кеңестік тарих мектебінің белді ғалымдары үлкен үлес қосты. Бұл кезеңде Қазақстанда кеңес өкіметінің орнауы, большевиктік биліктің нығаюы және кеңестер рөлінің артуы, 1920-1930-жылдардағы аграрлық реформалар сияқты және т.б. мәселелердің өзекті болғаны белгілі. Жас ғалым Кеңес Нұрпейіс осындай мәселелер зерттеліп жатқан ғылыми ортаға түсті. Бұл жағдай оның кандидаттық диссертациясына қажетті тақырыпты таңдауына әкелді.

Кеңес Нұрпейістің екінші бір ерекше қыры ұзақ жылдардағы ұстаздық қызметінен көрінді [1;28]. Ол шын мәнінде ұлағатты ұстаз болды.

Кеңес Нұрпейіс еліміз тарихшы ғалымдарының көшінің басында тұрғандардан болғаны белгілі. Оның ғылыми мұралары ешуақытта құндылықтарын жоймақ емес. Жалпы, Кеңес Нұрпейісұлы өз заманының саяси талаптарынан туындаған тақырыптарды еркін игерді. Кеңес өкіметінің тарихын терең зерттеушілерінің бірі. Оған дәлел ғалымның көптеген ғылыми еңбектері. Оның еңбектері негізінен кеңестік кезеңге арналды. Мысалы: «Қазақстандағы Октябрь революциясы мен азамат соғысының тарихы», «Қазақстандағы Кеңестер билігі үшін күрес», «Қазақстанның шаруалар Советтері (1917-1929)», «Қазақстан – республика менің», «Ұлы октябрь Қазақстанда» және т.б. еңбектері. Педагог - ғалымның еңбектері сол кездің өзінде жоғары баға ие болды [2;10].

Тарих ғылымының докторы Н.Киікбаев пен тарих ғылымының кандидаты Н.Едігеновтің бірігіп жазған «Құнды зерттеу» атты мақалаларында: «Кеңес Нұрпейісұлының «Қазақстанның шаруалар Советтері (1917-1929)жылдар» атты монографиясы, 1917-1929 жылдар аралығындағы қазақ ауылын советтендірудің және сол кездегі ауылдық Советтердің нақтылы қызметінің тарихын зерттеуге арналды. Еңбектің бірінші тарауы қазақ ауылдық советтендіру тарихын зерттеу мәселелерінен басталады. Онда В.И.Лениннің шаруалар советтері жайындағы қағидалары капиталистік емес даму жолы туралы маркстік-лениндік ілімнің ажырамас бөлігі екендігі тұжырымдалған.

Монографияның құнды жақтарының бірі – онда қазақ ауылдарында социалистік экономика мен мәдениеттің қалыптасуына, ауылдық советтердің қосқан үлесі нақты деректерге негізделіп баяндалуында. Еңбекте қазақ ауылын советтендіру ісінде КПСС-тің оның Қазақстандағы отрядының және Совет үкіметінің басшылық рөлі байсалды баяндалған. Қорыта келгенде, К.Нұрпейісовтің «Қазақстанның шаруалар Советтері (1917-1929)жылдар» деген монографиясы Қазақстандағы советтік құрылыс тарихын зерттеу жөніндегі тағы бір бағалы еңбек» қорытынды жасаған [3;4].

Көрнекті тарихшы, академик Кеңес Нұрпейістің бүкіл еңбек жолы отандық тарих ғылымының қара шаңырағы – Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтында өтсе де, оның ұстаздық қызметінің үлкен бөлігі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті және Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық университеті сияқты еліміздің бетке ұстар жоғары оқу орындарымен тығыз байланысты болды. Кеңес Нұрпейісұлы осы аталған жоғары оқу орындарында әркездерде сабақ бере жүріп, республикамыздың шалғай аймақтарынан білім іздеп келген қазақ жастарына, әсіресе болашақ тарихшыларға дәріс бере жүріп, тәлім-тәрбие беру ісіне де зор үлес қосты.

Кеңес Нұрпейісұлының Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетіндегі ұстаздық қызметі 1973 жылдан басталады. Ол сонда қызмет жасап жүріп, студент жастардың ұлағатты ұстазы, қамқор әкесі, ұжымның ақылшысы да бола білді. Тәуелсіздік алғаннан кейін де осы университеттің «Жалпы тарих» деп қайта аталған кафедрасында өмірінің соңына дейін қызмет істеді. Кеңес Нұрпейіс тек қазақстандық студенттерге ғана емес, сонымен бірге шетелдік студенттерге де дәрістер оқыды.

Кеңес Нұрпейіс Алаш тарихын бірден бір зерттеуші ретінде, алаш қайраткерлерінің ұлағатты істерін қоғамда насихаттауда ерекше еңбек етті. Ұлағатты ұстаз, білікті ғалым студенттерге «Алаш және Алашорда» пәнінен арнайы дәріс оқып, оларға Алаш қозғалысының ақиқатын жеткізуде, түсіндіруде көп еңбек сіңірді.

Ғалымның Алаш тарихына байланысты жазған зерттеулері қашанда құндылығын жойған емес. Кеңес Нұрпейісұлы Алаш мәселесіне қатысты баяндамаларын халықаралық симпозиумдарда, конференцияларда және конгрестерде жасады. [4; 63]

Ғалым, ұстаз Кеңес Нұрпейісұлының қатысуымен әзірленген бірқатар еңбектер ағылшын, орыс, ұйғыр тілдеріне аударылды. Мәселен 11 сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы 1993 жылдан бері қазақ тілінде 7 рет, орыс тілінде 3 рет басылып шықты. «Қазақстан тарихы» (1998 ж) эссесі ағылшын тілінде жарық көрді. Қазақ ССР-ның көне заманнан бүгінге дейінгі бес томдық академиялық тарихы авторларының және 12 томдық «Қазақ Совет энциклопедиясы» сияқты іргелі туындылардың авторларының бірі болды. Сонымен қатар ол, тарихи тұлғалар мен оқиғаларға арналған бірқатар телевизиялық құжаттық фильмдер мен радиохабарларын жасауға қатысты. Кеңес Нұрпейісұлы ғылыми-зерттеу, ғылыми-педагогикалық жұмыстармен қатар қоғамда болып жатқан өзгерістерге де белсене араласты. Ғалым өз ғұмырында көптеген ғылым докторлары мен кандидаттар тәрбиелеп шығарды. Солардың ішінде Асқар Сләмұлы, Ерлан Сайлаубай, Айман Селкебаева, Жамал Аширбекова, Ақмарал Қожабекова, Жанат Ахметова, Гулнар Өскембаева сияқты және т.б. ғалымдар бар. [3;31]

Ол шәкірттерінің терең білім алуына аянбай еңбек еткен ғалым. Қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінде ұстаздық қызмет атқара жүріп, студенттердің көптеген курстық жұмыстарына жетекші болды. С. Сексембаева «В.Ленин – Ұлы Октябрь Социалистік революцияның басшысы», А.Бухарбаева «СОКП-ның XXIV съезінде қабылданған бейбітшілік бағдарламасын жүзеге асыру» А.Үсенова «КСРО-ның құрылуы және оның бүкіләлемдік тарихи маңызы», А. Шулакова Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы тарихындағы Сталинград шайқасының орны», М.Битенева «Кеңестік биліктің салтанатты шеруі», Р.Оспанова «Кеңес Одағы Ұлы Отан соғысы жылдарында» сияқты және т.б. еңбектерді мұрағат деректерінен көре аламыз [2;10]

Кезінде Кеңес Нұрпейісте өзінің шәкірттерін ерекше ықыласпен жақсы көре білді. Оны өзінің берген мына бір сұхбатында анық көрсетеді «Бүгінге дейін тоғыз ғылым докторы, жиырма сегіз ғылым кандидатын тәрбиелеппін. Жаман атқа қалған ешқайсысы жоқ, адал еңбегімен жұмыс істеп жүр. Кейбіреулер айтады «бәленбай министрдің баласын ғылым докторы жасапты» деп. Ондай әдетім жоқ. Жетпіс жылдыққа орай еңбектерім мен тәрбиелеген шәкірттерімнің тізімін жасағанда кейбірінің аттарын да ұмытып қалыппын. Қарап отырсам бәрі де қарапайым шаруаның ұл-қыздары. Сол секілді тікелей менің жетекшілігім болмаса да шын көңіліммен көмектесіп, ықыласымды иемденгендер бар. Солардың көпшілігі қазір енді тынысымды кеңейтіп, жігерімнің отын жаққан жағдайлар бар. Осыдан екі жыл бұрын операцияға түсіп қатты ауырып қалдым. Ешкімге хабар бергізбей қойдым. Солар өздері бір-бірінен естіп, бір жағы Орал, екінші жағы Жезқазған, Астана, арғы шеті Қостанайдан келіп жағдайымды сұрап, тілеуімді тілеп жатты. Оларға рахметтен басқа не айтамын. Олардың өздері үлкен қызметтер атқарып, ұстаз тәрбиелеп жатыр» дейді Кеңес Нұрпейіс.

Осыдан шәкірттерінің ұстазға деген құрметтерінің шексіз екенін білуге болады. Ұстазы жақсының ұстамы жақсы дегендей Кеңес Нұрпейістің шәкірттеріне артқан үміті толықтай ақталды десек қателеспейміз. Себебі ұстаздың шәкірттері бүгіндері Қазақстанның түкпір түкпір де әр түрлі қызметті абыроймен атқарып жүр. [6;274] Кеңес Нұрпейіс өзі өмірден озғанымен, артында мол мұра мен білімді шәкірттері қалды.

Академик К.Нұрпейісұлының мектепте тарих пен басқа да қоғамдық пәндердің оқыту сапасын жақсартуға жасаған келесі қызметі, оның осы пәндердің білім стандарттарын, оқу бағдарламалары мен оқулықтарын, оқу әдістемелік құралдарын т.б. дайындап, жарыққа шығаруға белсене қатысуы болды. Оқу министрлігі жанында аталған маңызды құралдарды қарап, талқылап, бекітетін беделді ұйым – Оқу әдістемелік кеңестер жұмыстар істеді. Ол барлық пәндерден құрылды және жүйелі жұмыс істеп тұрды. Біз, Кеңес Нұрпейісұлы тағы басқа ғалымдар бар 1970 жылдан, 2006 жылға дейін (Министрлік Астанаға көшкенге дейін) Тарих пен басқа да қоғамдық пәндердің оқу-әдістемелік кеңесінің мүшесі болдық. Ол Кеңеске 1990 жылға дейін біраз уақыт академик М.Қозыбаев, ал тәуелсіздік жылдарында белгілі тарихшы ғалымдар Ә.Тәкенов, Ж.Қасымбаев басшылық етті. Осы Кеңестің кезекті отырысында академик Нұрпейісұлы тағы бір қырынан көрінді. Оның жұмысына уақытылы қатысып, берілген тапсырманы ойдағыдай орындап келетінін былай қойғанда, оның өзіне тапсырылған оқу құралына берілген айтылған ескертулер мен ұсыныстарға сабырлылық сақтап,қызу қандылыққа салынбай, екінші жақтың пікірін соңына дейін тыңдап, талас тудырған мәселе туралы айтылғандардың дұрысын дұрыс деп, ал келіспесе оның себебін айтып дұрыс бағасын беруші еді. Кеңес Нұрпейісұлы сияқты еліміздің белгілі тарихшысы, қоғамтанушы ғалымдарының салиқалы талқысынан өткен оқулықтар мен оқу құралдары, басқа да еңбектер жүздеген, мыңдаған мектеп жастарын тарихи біліммен қаруландыруда, олардың тарихи санасын, ұлттық санасын, ұлттық намысын қалыптастыруда, ұлттық құндылықтарға, адамгершілікке т.б. тәрбиелеуде маңызды міндеттер атқарғаны даусыз. «Қазіргі Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің ұжымы Кеңес Нұрпейісұлының есімін үнемі құрметпен еске алады: институттың бас ғимаратының 212-бөлмесінің маңдайшасында «Академик Кеңес Нұрпейісов бөлмесі» деп жазулы тұр, бөлменің іші атына сай академикке қатысты мұрағаттардың бәрі бар; мұнда оқу-тәрбие жұмысына қатысты,солардың арасында К.Нұрпейісұлы туралы да көптеген іс-шаралар, ұйымдастырылып тұрады;осы академиктің ғылыми жетекшілігі мен кандидаттық диссертация қорғаған шәкірттері университеттің аудиторияларында лекцияларын оқып жүр» [7; 292-293].

Академик ғылым жолында жүріп, жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін орта мектептер үшін де «Қазақстан тарихы» пәні бойынша жаңа тұрпатты оқулықтар мен оқу құралдарын жазуда белсенділік танытты. Атап айтсақ, жалпы білім беретін орта мектептің 9,11 сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы мыңдаған таралыммен қазақ, орыс, ұйғыр тілдерінде жарияланды.

Кеңес Нұрпейісті мектептерде тарих пәндерінің оқытылуы үнемі алаңдатып отырды. Ол тек министрліктің оқу-әдістемелік бөлімімен ғана емес, тікелей мектептермен байланыста болды.

Оның біршама мақалалары тарихты мектепте оқыту мәселелерін арналып, оларда оқытудың өзекті мәселелерін көтерген. Кеңес Нұрпейісұлы «Мектептерде Қазақстан тарихы дұрыс оқытылып жүр ме?»-деген мақаласында «Тарихшылардың жаңа көзқарастағы мәселелері мектеп оқулықтарына там-тұмдап еніп жатыр. Мен өзімде осы оқулықтар жазуға араласып жүрген адаммын. Оқулық жазу жеке монграфия жазғаннан да әлдеқайда қиын шаруа екен. Оны өзімнің тәжірибем көрсетті. Ол оқулық міндетті түрде әр сыныптың оқушысының жас деңгейіне, қабылдау ерекшелігіне лайықтап жазылуы қажет. Оқулық жазу жеке адамның ғана шаруасы емес, ол ұжымдық еңбек. Оқулық жазуда тек ғалымдар ғана қатынасып қойса, онда ол бір жақты оқулық болады екен, оған қосымша ұстаздың әдістемелік мәселелерінің қыр-сырын игерген педагогтар қатысу керек екен»-деп жазған еді.

Осы пайымдаудан-ақ, ғалымның оқулық жазу ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, жастарға білім беру мәселесіне жанашырлық танытқанын байқауға болады. Жас ұрпақ санасында жаңа тарихи көзқарастарды қалыптастыру мен оны насихаттау барша педагогтардың, оның ішінде тарихшылардың міндеті екендігі белгілі. Жоғары оқу орындары мен мектептерде оқытылатын тарих пәнінің міндеті тарихи оқиғалардың адамзат өркениетіне қосқан қомақты үлесін сипаттау, жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу болып табылады. Сондықтан да ғалым ұстаз мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарға енгізілетін материалдарды іріктеуге мұқият қарау қажеттігіне баса назар аударды.[8;20-21]

Академик Кеңес Нұрпейістің ғылыми-педагогикалық және қоғамдық еңбектері жоғары бағаланды. 1995 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісімен; 1998 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым мен техника қайраткері» құрметті атағы берілді; Қазақстанның 2001 ж. Ғылым қайраткері – «Алтын адам» сыйлығының иегері; 2005 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен «Парасат» орденімен марапатталды [5;31].

Кеңес Нұрпейісов тарих саласында, сонымен қатар ағартушылық, білім беру салаларында өзінің қолтаңбасын айқын қалдыра білді.

Әдебиеттер

1. Мұхатова О.Х. Ғалым, Ұстаз // Азамат «Тұлға. Ғалым. Ұстаз» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы, 2015. – 392 б.
2. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚРОМ), 1-қор, 1-тізімдеме, 701 -іс. 10-б.
3. Киікбаев Н.Едігенов Н. Құнды зерттеу // Социалистік Қазақстан. – 1972, декабрь – 15
4. Ахметова Ж.К. Ұлағатты ұстаз, өресі биік ғалым – Кеңес Нұрпейісұлы «Тұлға. Ғалым. Ұстаз» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы, 2015. – 392 б.
5. Аширбекова Ж.Б. К.Нұрпейісұлы – ғалым, ұстаз «Тұлға. Ғалым. Ұстаз» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы, 2015. – 392 б.
6. Кеңес Нұрпейіс. Шығармалар жинағы/Құраст.:С.О.Смағұлова, Г.Ж.Өскембаева. – Алматы: Елтаным баспасы, 2015. – 344 б.
7. Тұрлығұл Т.Т. К.Н. Нұрпейістің тарих пәнінің оқыту сапасын жақсартуға қосқан үлесі «Дүниежүзі тарихы: зерттеу және оқыту мәселелері» атты «Нұрпейісов оқулары шеңберіндегі» ҚР ҰҒА академигі Нұрпейіс Кеңес Нұрпейісұлының 75-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. – Алматы, 2010. – 446 б.
8. Алаш тұлғалы. Кеңес Нұрпейісұлы туралы естеліктер / Құраст.:Т.Нұрпейісов. – Алматы, 2010. – 352 б.

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИСТОРИКА КЕНЕСА НУРПЕЙИСУЛЫ

Н.С. Шаймарданова

В этой статье рассматривается вклад выдающегося историка, педагога, академика Кенеса Нурпеисовича в сферу образования и его научно-педагогическая деятельность. Академик Кенес Нурпеисович получил образование у талантливых педагогов таких как А.Н. Нусупбеков, С.Н. Покровский, Г.Ф. Дахилейер, Т.Е. Леуов, А.С. Элагин. Кроме того, продемонстрирован вклад академика Кенеса Нурпеисовича в преподавательскую деятельность и в образование нескольких докторов, профессоров Казахстана. Будучи учителем, Кенес Нурпеисов написал несколько научно-педагогических работ связанных с методологией преподавания истории в школах и внес неоценимый вклад в образование известных историков современного Казахстана. Большая часть учебной деятельности Кенеса Нурпеисовича была проведена в Казахском женском педагогическом университете. В статье хорошо изучена научно-педагогическая деятельность ученого.

SCIENTIFIC AND PEDAGOGICAL ACTIVITY OF HISTORIAN KENES NURPEISULY

N.S. Shaimardanova

This article examines the contribution of the outstanding historian, outstanding pedagogue, academician Kenes Nurpeisuly to the sphere of education and scientific, pedagogical activity. Academician Kenes Nurpeisuly was educated from the teachers as A.N. Nusupbekov, S.N. Pokrovsky, G.F. Dakhshleyer, T. Leuov, A.S. Elagin. In addition, the contribution of Academician Kenes Nurpeisuly to teaching and his contribution to the education of several doctors and professors of Kazakhstan was demonstrated. Working as a teacher, Kenes Nurpeisuly wrote several scientific and pedagogical works related to the methodology of teaching history in schools, and made an invaluable contribution to the development of well-known historians in Kazakhstan. Most of Kenes Nurpeisovich's educational activity was conducted at the Kazakh Women's Pedagogical University. The scientific and pedagogical activity of the scientist is well studied in the article.

FTAXP: 03.20

Ғ.М. Қарасаев

Мемлекет тарихы институты, Астана қ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ БҰҰ ЖҰМЫСЫН РЕФОРМАЛАУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ҰСЫНЫСТАРЫ (қажеттігі, маңызы)

***Аннотация:** Автор мақалада БҰҰ реформалау үдерісін, басты Ұйымдастыру ұйымдарды реформалау моделдерін және Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелерінің пікірлерін талдау қарастырылған. Автор БҰҰ реформалау қажеттілігінің себептерін анықтап көрсеткен.*

***Кілт сөздер:** БҰҰ, БҰҰ реформасы, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі, халықаралық ұйымдар, сыртқы саясат, дипломатия, жаңа әлемдік тәртіп.*

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатын негіздеп, оны еліміздің мүддесіне сай бағыттаудағы қызметі өлшеусіз. Қазақстанның басшысының сонымен бірге әлемхалықтары мен мемлекеттері арасындағы орын алып отырған даулы және жанжалды мәселелерді толығымен өзара келісім, түсіністік арқылы шешу, ядролық қарудан толығымен және біржолата аластану, халықаралық ланкестікке қарсы бірлескен күресті ұйымдастыру, әр түрлі діндер арасындағы ұғыныстық пен силастықты жүзеге асыру, т.б. бағыттардағы жаһандық тұрғыдағы келелі бастамалары адамзат қауымдастығынан барынша қызу қолдау тауып келе жатқандығы белгілі.

Осылардың қатарында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың әлем елдерінің түгелге жуығы мүше болып табылатын бейбітшілік, мемлекеттер арасындағы бейбітқатар өмір сүру, адамзаттың дамуының қауіпсіз болашағын іске асыру мақсатында құрылып, жұмыс атқарып отырған Біріккен Ұлттар Ұйымының қабылдаған шешімдерінің тиімділігін арттыру, осы мақсатпен оның қызметін бүгінгі күннің сұранысына сай үнемі жаңартып отыруға арналған ұсыныстары аса маңызға ие.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің осындай әлемдік көлемдегі жанашылдық идеяларын Тәуелсіз Қазақстанның осы ұйымға мүше болып енген мерзімінен бастап жариялай бастағандығы белгілі. Мысалы, ол аталған уақытта көрсетілген ұйымның мінбесінен бірнеше рет сөз сөйлеп, мемлекетіміздің халықаралық саясаттағы ұстанып отырған бағытын жариялады. Дүниежүзі мемлекеттерінің осы халықаралық қауымдастығының негізделген кезінен бастап әлемдік қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтаудағы атқарып келе жатқан қызметіне баға берді. Оның ықпалын арттырудағы ойларын ортаға салды. XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басындағы шетелдік ресми мұрағат деректерінде баяндалғанындай: «Қазақстан БҰҰ реформалау мәселесінде неғұрлым белсенді саясат ұстап келеді» [1].

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басындағы Қазақстанның жаһандық халықаралық ахуалды бейбітшілік талабына сай реттеудегі Біріккен Ұлттар Ұйымының атқарар нақты шараларын айқындаудағы Егемен Еліміздің басшысы Н.Ә. Назарбаевтың: «Біз бүгін барлығымызды XX ғасырдың екінші жартысындағы мүмкін болған әлемдік дәрежедегі апаттардың алдын алудағы БҰҰ-ның жемісті жігерлі қимылдарына ризашылық білдіруіміз керек.

«...Мұның өзі ...жаңартылған БҰҰ негізгі бағыттарын айқындауға күш салуымызға мүмкіндік береді. ...Ал мен БҰҰ-ның міндеті мен мақсаты барлығымызға белгілі деп ойлаймын. Олар – Бейбітшілік, Тұрақтылық, Даму, Адамның Қауіпсіздігі, Халықтар мен Ұлттардың біртұтас жанұясын негіздеудегі жоғары халықаралық ұйымдарды Нақты Демократияландыру болып табылады. ...Ол үшін ... барлық аймақтардағы мемлекеттердің осы ұйымдағы пікірлерін есепке алынуына назар аудару қажет», [2] - деген мәлімдемесі Қазақстанның осы халықаралық ұйымның жұмысына деген көзқарасын паш етеді.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында (1992 жылдың 5 қазаны) сөйлеген ... сөзінде Қазақстан Президенті: «Болашақтың талабы біздің бірлескен қимылдарымызды жаңа тұрғыда жүйелеуді және ұйымдастыруды қажет етеді. Осылармен бірге жұмыс бірнеше деңгейде - бүкіл қауымдастықта, өз құрлығында және өз елінің ішінде жүруі керек деп есептейміз. Ең алдымен, қазіргі халықаралық ынтымақтастық жағдайында «... бірінші кезекте, 1990-жылдардың басында қалыптасқан қазіргі халықаралық жағдай талаптарына сай «Біріккен Ұлттар Ұйымының әлемдегі жаңа орнын» айқындау қажет болды. БҰҰ-ның бейбітшілікті қолдау мен нығайтуға арналған қаржысын арттыру қажет. Қазақстан «барлық үкіметтерге өздерінің еркін ұмтылыстары ретінде «бір қосу бір» талабында Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қамтамасыз ету бағытындағы қызметіне арналған қорды негіздеуге» ұсыныс жасайды. Яғни, әр мемлекет өзінің әскери бюджетінің бір пайызын беруді бастай отыра, жыл сайын оны тағы да бір пайызға өсіруіне болады. Міне осылай, 10 жылдан кейін бұл бейбітшілікке арналған қаржы он есеге артады. Нәтижесінде аталған бастама әлемдік қауымдастықтың әр мүшесінің ұлттық қауіпсіздігін ешқандай да кемітпей, керісінше нығайтады», - [3.105] деген ұсыныс жасады.

Н.Ә. Назарбаев осы баяндамасында «қалыптасқан халықаралық істер жүйесі реформалауды қажет етеді» сондықтан да бұл жұмысты бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдаудағы басты құрылым – Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалаудан бастау керек. Қазақстанның ұсынысы бойынша, «Қауіпсіздік Кеңесі Азия, Африка және Латын Америкасы ... мемлекеттері есебінен кеңейтілуі қажет. Осылармен қатар БҰҰ Бас Ассамблеясының қазіргі заманның ең маңызды мәселелерін шешудегі орнын күшейту керек. Мұның барлығы әлемнің барша елдерінің мүддесі үшін халықаралық қатынастарды демократияландыруға жағдай жасар еді», [3.108] – дей келе бейбітшілік пен тұрақтылықтың тірегіне айналған ұйымдағы мәселелердің толығынан нақты шешілуі, және оның әлемдік тұрғыдағы маңыз алуына, ұйымның барынша дүниежүзілік мәселерді шешу үшін жұмыс істейтіндігін айғақтау мақсатындағы оның Бас Ассамблеясының құрамына жер шарының барлық аймақтарындағы өкілдері болуына мемлекеттер жетекшілерінің назарын аударды.

Міне осылай, «Қазақстан дипломаттарының қызметтік қоржынында Н.Ә.Назарбаевтың БҰҰ БА 47 сессиясында ұсынған бейбітшілікті іске асыруға арналған қор құру туралы (әр мемлекет өзінің жыл сайынға қорғанысқа бөлінетін шығындарын бір пайызға қысқарта отыра қорға қаржы бөлетіндігі туралы) ұсынысы бар», - [4] еді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев бүгінгі күннің шындығына айналған әлемдегі құлашын кеңге жая түскен халықаралық ланкестік әрекеттер, жекелеген елдердің ядролық, химиялық, т.б. жаппай қырып жоятын күшке ие қаруларға ие болуға деген барынша ұмтылыстары, аймақтардағы соңы қарулы қақтығыстар, қирату мен тонаушылық, кінәсіз адамдар шығындарына ұласып отырған саяси, ұлтаралық қатынас және діни сенімдер арасындағы шиеленістердің күшеюіне жол бермеу, орын алған жағдайларды бітімгершілік талабына сай реттеудегі Біріккен Ұлттар Ұйымына жүктелетін жауапкершілікті арттыруға, осындай жағдайдағы оның қызметін айқындап, тиімділігін арттырудағы өз ұсыныстарын жүйелі түрде жариялап келеді. Мысалы, осындай мақсатты іске асыру жолында “ҚР БҰҰ реформалау, оның уақыт талабына сай бейімделуін қалайды. БҰҰ БА 50 – сессиясында баяндама жасай отыра Н.Ә. Назарбаев бірыңғай әлемнің дағдарысқа ұшырауына орай «жаңа ғаламдық тьенгермешілік және күштердің жаңа орталықтарының негізделуі» барысындағы геосаясаттық және экономикалық шындықты есепке ала отыра жаңартылған БҰҰ нақты тұжырымды түрін негіздеуге күш салуға ұсыныс жасады. Қазақстан жетекшісі БҰҰ БА-ның «БҰҰ-ын реформалау – XXI ғасырға лайықты жауап» деген арнайы пункпен сессиясын өткізуге ұсыныс жасады.

Қазақстанның көзқарасы Қауіпсіздік Кеңесінің ролін арттыру және оның сандық құрамын барлық аймақтардың мүдделерін еске ала отыра көбейтуден тұрады. Алматы Германия мен Жапонияның Қауіпсіздік кеңесіне кіруге деген ұмтылыстарын қолдайды. Сонымен бірге ол Кеңесті мөлшерсіз кеңейтуге қарсы”[5] екендігіне назар аударды.

Ал, келесі «БҰҰ БА 52 сессиясында (қыркүйек 1997 ж.) Қазақстан Республикасы сыртқы істер министрлігі осы сессияға қатысушылардың назарын ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2000

жылға дейін Бас Ассамблеяның БҰҰ жан-жақты реформалауға арналған арнайы сессиясын ашуға аударды» [6].

«2005 жылғы 5 шілдедегі Астана қаласында өткізілген ШЫҰ мемлекеттері жетекшілерінің оныншы кездесуінде Н.Ә. Назарбаев БҰҰ әлем мемлекеттері арасындағы беделі туралы мәселені тағы да қойды. Қазақстан Республикасы Президентінің түсінігі бойынша, БҰҰ реформалау «бейбітшілікті нығайтуға бағытталуы тиіс. БҰҰ Бас Ассамблеясын реформалаудағы келіспеушіліктер мемлекеттердің окшаулануларына, онсыз да тұтастықтары толық бекімеген халықаралық қауымдастықтың бірлестігін бұзуға жол бермеуі керек» [3.108] болды.

2015 жылдың 25 қыркүйегіндегі БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-сессиясында жасаған баяндамасында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев дүниежүзінің барша мемлекеттері мен халықтарының назарын жер шарындағы ең ықпалды да жаһан жұртшылығының ортақ бейбітшілікке деген ұмтылыстарының тірегіне айналған осы беделді халықаралық ұйымның өткен 70 жылдағы атқарған қызметіне баға беріп, алдағы атқарар қызметін саралады. ХХІ ғасырдағы адамзат үшін тұрақты бейбітшілікті қамтамасыз етудегі осы ұйым іске асыратын бірінші кезектегі шараларды алға тартты. Осындай жауапты қызметті қамтамасыз етудегі БҰҰ жұмысын бүгінгі күн талабына қоюдың жолдарын көрсетті. Аталған мақсат талабынан шығу жолындағы оны реформалаудың қажеттігіне тағы да тоқтады. Көрсетілген бағыттағы оның ...Біріккен Ұлттар Ұйымының жүз жылдығына Жаһандық Стратегиялық Бастама - 2045 жоспарын әзірлеуді ұсынамын.

Оның мәні – барлық ұлттардың әлемдік инфрақұрылымға, ресурстарға және нарықтарға қол жеткізуінің әділ шарттары негізінде әлемдік дамудың жаңа трендін қалыптастыру, сондай-ақ адамзаттың дамуы үшін жалпыға ортақ жауапкершілікті орнықтыру.

БІРІНШІ. Мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік кеңесін Жаһандық даму Кеңесіне айналдыруды ұсынамын. Оның құрамына Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы сайлаған мүше мемлекеттермен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемелерінің барлық басшылары, соның ішінде Халықаралық валюта қорының да басшылары ене алар еді.

Кеңеске Жаһандық экономикалық реттеушінің міндеттері жүктелуге тиіс. Кеңес жүзеге асыратын бүкіләлемдік жобалар жаһандық экономикалық өсім нүктелеріне айнала алады.

Бұл жаһандық дағдарыстар қатерін айтарлықтай азайтуға, сондай-ақ мемлекеттердің ұлттық экономика және әлеуметтік саясат мәселелеріндегі жауапкершілігін күшейтуге септігін тигізеді. ...

ЕКІНШІ. Хиросима мен Нагасакиді атом қаруымен бомбалаудан соң 70 жыл өткенде ядролық қарусыз әлем қалыптастыру ісін адамзаттың ХХІ ғасырдағы басты мақсаты етуге шақырамын.

Біріккен Ұлттар Ұйымының ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу жөніндегі Жалпыға ортақ декларациясына қабылдауды ұсынамын. Қазақстан - ядролық полигонды жапқан және ауқымды жағынан төртінші ядролық қару-жарақтан өз еркімен бас тартқан, сондай-ақ Орталық Азияда ядросыз аймақ құрған тарихтағы тұңғыш ел. Ядролық қарусыз аймақты әлемнің өзге өңірлерінде, соның ішінде Таяу Шығыста да құрған жөн. Ядролық державалар ядролық қаруға иелік етуден бас тартқан барлық елдерге күш қолданбауға кепілдік беруге тиіс.

ТӨРТІНШІ. Терроризм мен діни экстремизмнің қаупі жаһандық ауқымға жайылып барады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы тұра алатын бірыңғай әлемдік желі құруды ұсынамын. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының терроризммен күрес жөніндегі мәселенің бәрін қамтитын құжатын әзірлеп, қабылдау қажет.

Азияның дамып келе жатқан экономикаларының қуатты серпіні жаһандық үдерістердің жаңа сипатын танытып отыр. Осы үдерісті ескере отырып, мемлекеттердің өзара қарым-қатынасына жаңа серпін беру үшін бұл тарихи мүмкіндікті пайдаланудың маңызы зор. Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтерін Азияға көшіру мәселесін ойластыруды ұсынамын. Қазақстанның бастамаларын ұлттар қауымдастығы қабылдайды деп үміттенемін», – [6] деген сөздері Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйелеп, реттеуші болып отырған әлем мемлекеттерінің ХХІ ғасыр бойындағы барша адамзаттың игілігі жолындағы бірлескен істерінің бағыттарын айшықтады. БҰҰ-ның сараланған жауапты міндеттерді қамтамасыз етудегі жұмыс тәсілін белгілеп, тиімділігін молайтудың жолдарын көрсетті.

Яғни, осындай келелі бастамалары мен ұсыныстары арқылы Н.Ә. Назарбаев өзін тек бір мемлекеттің жетекшісі ғана емес, жер шарының барша халықтарының ХХІ ғасырдағы шиеленіссіз, соғыссыз, бейбіт жолмен дамуын айқындаушы дүниежүзілік тұрғыдағы қайраткер екендігін тағы да паш етті.

Әдебиеттер

1. РФ ССМ, Қор 897, тір 1, папка 1, іс 3.п.19

2. ҚР Президентінің мұрағаты.- Қор.5-Н, тіркеме-1, іс 5048, п.10
- 3.Внешнеполитические инициативы Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева. Историко-документальное исследование /Нурымбетова Г., Кудайбергенов Р. Выступительные статьи: Селиверстов С.В. - Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” 2010.-384 с+8 вкл.
4. РФ ССМ, Қор 897, тір. 3, папка 10, іс 21, п. 139
5. РФ ССМ, Қор 897, тір. 3, папка 10, іс 21, пп.143
6. РФ ССМ, Қор 897, тір. 4, папка 14, іс 12, п. 95]
- 7.25 қыркүйек 2015. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-сессиясының жалпы дебатында сөйлеген сөзі. 2,3,4,66б.

**РЕКОМЕНДАЦИИ НАПРАВЛЕНИЯ РАБОТЫ РЕФОРМИРОВАНИЯ ООН
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАНА Н.А. НАЗАРБАЕВА
(ПОТРЕБНОСТИ, ЗНАЧИМОСТЬ)**

Г.М. Карасаев

В статье автор рассматривает процесс реформирования ООН, анализирует модели реформирования главных органов Организации и мнения постоянных членов Совета Безопасности. Автор определяет причины, которые привели к необходимости реформирования ООН.

**RECOMMENDATIONS AREAS OF WORK OF THE UN REFORM PRESIDENT OF THE
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN N. NAZARBAEV (NEED, IMPORTANCE)**

G. M. Karasayev

In article the author considers the process of UN reform, analyzes the model of reform of the principal organs of the Organization and opinions of the permanent members of the Security Council. The author defines the reasons that led to the need for UN reform.

ҒТАХР: 03.20

А.Е. Туякова

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ЖӘДИТШІЛДІК АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа: Мақалада жәдитшілердің ағартушылық және ұйымдастырушылық қызметі, мұсылмандық бірлік идеясы мәселесі қарастырылған. Авторлар жәдитшілдік анықтамасын талдай отырып, оның қызметін және басқа мектептерге қарағанда жаңашылдықтарын салыстырған. Сонымен қатар жәдитшілдік Орта Азияның мұсылмандары үшін Ресейдегі және дүниежүзіндегі мұсылмандармен өздерінің рухани және мәдени тұрғыда біртұтас сезінуге мүмкіндік ала отырып, толықтай ойларының тоғысқандығын көрсеткен.

Кілт сөздер: жәдит, жәдитшілдік, жәдит мектептері, Маман әулеті, қадим мектебі.

Қазақ елінің егемендігімен қатар тәуелсіздігі ұлғайған сайын еліміздің ұлттық тарихын және ағартушылық қызметін зерттеуге үлкен мән берілуде. Халықтың ұзақ жылдардан кейінгі өзін-өзі тануының жаңа кезеңі ұлттық ғылыми ортаға қоғамның педагогикалық ілімдер тарихының өзектілігі артып, маңызды орынға көтерілді. Қазақ халқының қоғамдық санасындағы түбегейлі өзгерістер тарихи тағдырдың тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен этномәдениетті қайта жаңғыртумен сипатталып, педагогикалық мәселелер халықтың экономикалық, саяси-әлеуметтік және мәдени өмірімен байланысты. Олай болса қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің дамуында, оқу орындарының өрістеуінде XIX ғасырдың екінші жартысынан қазан төңкерісіне дейінгі мерзім ерекше кезең ретінде қаралады.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының ерекшеліктері мынадай факторлардан туындады: біріншіден, өлке халқының полиэтникалық құрамынан туындаған саяси, рухани әралуандық түріндегі ішкі факторлары болса. Ал екінші, Ресейдің қоғамды модернизациялауының қарқынды жүргізілуі түріндегі сыртқы фактор. Алғашқы фактордың ықпалымен ұлт-азаттық қозғалысының идеологиясын қалыптастыруда жәдитшілер басты рөл атқарды және тәуелсіздік идеясы халықтың мұсылмандық,

түркілік, түркістандық түріндегі ортақ атаулармен бірігуіне негізделді. Ал екінші факторға байланысты отарлық биліктің қоғамдық өмірге, экономикаға жасаған өзгерістері өлке тұрғындарының тұрмысы мен санасына елеулі ықпал жасай отырып, шовинистік сипаты арқылы ұлттық наразылықты өршіте түсті. Ұлттық элита қызметінің үлкен жетістігі болған Түркістан Мұхтариятының қуып таратылуынан соң өлкедегі ұлт-азаттық қозғалыс сипаттық өзгеріске ұшырады[1, Б.11].

Түркістанда бірінші орыс революциясының, жастүріктер мен жаспарсылар қозғалыстарының өнегесі тәуелсіздік идеясының орнығуына негіз болса, бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін жәдитшілердің бағдарламалық құжаттарында феодализм мен отаршылыққа қарсы күрестің дәлелдері айқындалып, билік институттарын конституциялық жолмен реформалау идеясы қалыптасты. Мұсылман халықтары үшін бұл кезеңде белгілі бір таптың мүддесін қорғаудан да отарлық тәуелділіктен құтылу қажеттілігі көзделген.

«Шурои Исламия» – Мұсылмандар кеңесі ұйымның атауы оны еуропалық үлгідегі кеңестерден ерекшелендірумен бірге оның діни сипаттағы саяси-әлеуметтік бағытын да байқатты [1, Б.13]. Өлкелік Мұскеңес төрағасы М. Шоқайдың Уақытша үкіметтің Түркістан Комитетінің мүшесі ретіндегі қызметі ұлттық-демократиялық күштердің автономия идеясын саяси күрес тәсілдері арқылы іске асыру әрекетіне кең жол ашып, Мұскеңес алдында ендігі кезекте ұлттық-демократиялық күштердің жікке бөлінуіне жол бермеу міндеттелді. Себебі, Түркістанда ұлттық мемлекеттілік үшін күресте діни негізде орын алған алауыздық қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың бағдарламалық құжаттарында нақты көрініс тауып, одан әрі тереңдей түсті. Түркістандық федералистер демократиялық бағдар ұстап, қоғамдық және мемлекеттік құрылыста батыс-европалық либералдық – демократиялық үлгіні жақтаса, «Шурои Улема» мелекеттік билікте отарлауға дейінгі исламдық басқару түрін таңдады.

Патша өкіметінің жергілікті билік құрылымдарын жасақтау мүделерінің қисынсыздығынан Түркістан мен қазақ облыстарындағы әкімшілік басқару жүйесі тиімділігімен ерекшелене қоймады. Ресейлік билік жүйесі қысқа мерзімде өлке экономикасын метрополия мүддесіне сай қайта құрды Түркістанды рухани отарлау арқылы ұлттық мәдениеттің негізін шайқалту үшін отарлық әкімшілік Түркістанда дәстүрлі мектептерге балама қалалық мектептерін және Ташкент қаласында мұғалімдер семинариясын ашты. Еуропалық үлгідегі оқу орындары әлемдік мәдениет жетістіктерімен танысуға жол ашып, ұлт өкілдерінің ол мектептерге барынша аз тартылуы, оқушыларды қосалқы кеңсе қызметкерлері етіп дайындау бағыты олардың ағартушылық миссиясын шектетіп, өлкедегі элитақалыптастыру үдерісіне тікелей ықпал жасаған жәдитшілердің ағартушылық қызметін отарлық әкімшілік алғашқы сәттен қатаң бақылады. Ішкі істер министрлігі жәдиттік мектептердің дамуына тосқауыл қою бағытын ұстанды. Жәдитшілердің ағартушылық және ұйымдастырушылық қызметі мұсылмандық бірлік идеясын негіздеді.

Жәдитшілік (араб тілінен аударғанда – «жаңа» деген мағынаны білдіреді) – XIX ғ. екінші бөлігінде пайда болған, XX ғ. басында кең тараған қоғамдық-саяси және діни қозғалыс[2, Б.60]. Мұсылман әлемінде, әсіресе Ресей түркі тілдес мұсылман зиялы қауымының озық бөлігінің өкілдері арасында кең тарап, Ресей империясының түркі халықтарының ағарту үдерісіне және жалпы халықтарының дамуына үлкен тарихи рөлін ойнаған. Жәдиттердің халықты ағарту, өзгерістер мен дамыту үшін еңбек ету, демократиялық құқықтар үшін күрес, бір жағынан исламды сақтау, екінші жағынан Еуропаның жақсы жақтарын алу – түркі тілдес мұсылман халықтарының дамытуында үлкен үлесі болса, жәдиттердің еңбегі бекер емес еді.

Жәдитшілікті қолдайтындарды «жәдиттер» [2, Б.60]деп атаған. Жәдиттер өздерін жиі «тараккипаруарлар», немесе «озатын өзгерістердің қамқорлары» немесе «жас», «жаңа» деп атаған еді. Халық ағарту Ысмайыл Гаспыралының жаңа оқу тәсілінің насихаттандыру толқынында пайда болып, әр қарай дамытты және жәдиттердің негізгі ұстанымдарының бірі – мұсылман мектептерінде балаларды жаңа бағдарлама бойынша оқыту болды. Жәдиттердің пікірі бойынша, жаңа тәсілін пайдаланып, әліпбиді үйрену жеңілірек, демек жұрттың көбірек адамы сауатты болу үшін, оқу бағдарламасына тарих, жағрапия енгізілген еді. Шынында да, бұрын тәсілі бойынша сауатын ашу үшін үш жыл керек болса, жаңа тәсілі бойынша соған бір жыл-ақ жеттіп, осындай оқу тәсілін «төте оқу» деп атаған еді. Жәдиттер мектеп жүйесін түбегейлі өзгерткісі келді, бірақ білім беру сипаты діни көзқарастарының негізінде қалдырып, жәдиттер ерлердің мен әйелдердің құқықтарын теңдігі үшін күрескен. Мұсылман қоғамында жеке адамның билігі емес, мәжілістің билігі жөн деп ойлап, жәдиттер Ресейде парламентаризм үшін күресуге басталды, ақырында Ресей патшаның, Османлы империясының сұлтанының, Бұқар әміршісінің езгісіне қарсы болып кетті, тіпті монархияны жойып, республиканы орнатуы жөн деп ойлап, жәдиттер қозғалысы саяси қозғалысына айналып кетті.

Жәдиттердің пікірі бойынша феодалдық тұрмысын өзгеріп, ұлттық буржуазиясын қарқынды дамытуы басталады. Осылайша, большевиктермен көзқарасынан, жәдиттер – «буржуаздық-демократиялық ұлтшылдар» деп саналады.

Жәдиттер ұлттық буржуазиясын қамын ойлаған, феодалдық тұрмысын жойып, буржуазия билеген Еуропадан түркі тілдес халықтары кем еместігін көрсеткісі келген. Шынында да, олар демократтар еді, өйткені, демократия өзгерістері дамыту үрдісіне үлес қосады деп ойлап, жұрттың қамын ойлады. Өз ұлттың сүйіп, оны көтергісі келіп, исламнан да бет бұрмаған, исламды хақ діні ретінде ұстаған. Бірақ та Еуропадағы тұрмыстың жақсы жақтарын өз елінде енгізгісі келген. Жәдиттердің арқасында империяда «бұратана халықтар» есептелетін түркі тілдес халықтарының газеттері, журналдары пайда болған. Кітаптарды басып шығаруының мүмкіндігі туғызып, арабша оқуға үйрену жаңа тәсілінің арқасында көбірек адамдардың сауаты ашып, ұлттық рухы көтерілді. Кейін, жәдиттер саясатқа үлкен үлес қосуын бастады. Мысалы, «Алаш Орданың» азаматтары, Қоқан автономиясында, Бұқар Халық Кеңес Республикасында, Хорезм Халық Кеңес Республикасында, Әзірбайжан Демократиялық Республикасында билігінде тұрған зиялылар не өздері жәдиттер еді, не жәдитшілік әсеріне түсіп, «төте оқудың» арқасында оқып шыққан, білімді адамдар болып кеткен. Жәдитшілік тұраншылық идеясының серігі болса, ал басқалары, керісінше, керітартпа мұсылмандармен қосылып – панисламист, діни экстремист, баспашы болып кетті.

Жәдитшілік ең жарық тұлғасы Ысмайыл Гаспыралы болса, еділдегі татарлардың арасында жәдидизмді Мұса Бигиев, Әбдінәсір Құршауи таратты. Кейін, жәдитшілік идеялары қазақ даласына және Түркістанға, Орта Азияға келген. Мұстафа Оразай, Әлихан Бөкейханов, Халел Досмұхамедұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Шәкәрім, Міржақып Дұлатұлы жәдитшілік толқыны арқасында өз потенциалын көрсете алған. Өзбек халқы арасында М. Бехбуди, А. Авлони, И. Рахматуллаев, М. Расули, Комил Хорезми, Ы. Абиди, З. Фахриддин-заде деген жәдиттердің аттары қалған [3, Б.35]. М. Акмулла, М. Уметбаев, Р. Фахретдинов, З. Расулев та жәдитшілік «жарық жұлдыздары» болып саналанады. Жәдитшілік өзбек коммунисті Ходжаевқа да, Әзірбайжан Демократиялық республикасының мемлекеттік қайраткері Мамед Эмин Расул-задәге де әсер етті. Жәдитшілік «Алаш», «Мұсават» тағы басқа ұлттық партияларының идеологиясына әсер етті. Ал жәдиттердің өз партиясы да еді, бұл «Иттифок-и муслимин» еді.

Жәдиттер түрлі үнжарияларын шығарып, насихаттайтын үнжариясы «Тәржіман» санаса, «Дала уалаяты газеті», «Түркістан уалаяты», «Казан минбере», «Ўрта Осиенинг умр гузорлиги», «Хуршид», «Шухрат», «Азия», «Тиджар», «Турон», «Садои Туркистон», «Кояш», «Ульфат», «Серке», «Қазақ» тағы басқалар да жәдиттердің үнжариялары еді. Қырымда «Ха-Ха» сатирикалық журналы шықса, Әзірбайжанда «Молла Насреддин», Түркістанда «Ойна», «Ал-Ислох», қазақша «Айқап» [3, Б.39] журналдары шыққан еді.

Халыққа білім беру ісінің қазақстанда қалыптасу барысында оқу ісінің мазмұны мен түрі туралы да мәселелер де шешіліп отырды. Бұл үрдіске әлеуметтік-саяси топтардың мүдделері де әсер етті. Қазақстандағы білім беру жүйесінде өз орнын табуға және оның дамуына ықпал етуге тырысқан топты атап өтуге болады. Ол фундаменталдық ислам білім беру жүйесін қалыптастыруға ұмтылған мұсылман дін басыларын жатқызуға болады. Ресейге бағынғанға дейін қазақ арасында ислам діні біркелкі тарамғаны белгілі. Бірақ Ресейге толық бағынғаннан кейін және Орта Азияның Ресей қол астына өтуі жағдайды өзгертті. Отарлық езгінің күшеюі халықтың іштей наразылығын тудырып, өзіне рухани жағынан жақындау мұсылман дініне бет бұра бастады. Ислам дінінің қазақ арасында кеңінен етек алып жайылуынан қатты күдіктенген кісінің бірі- халқымыздың мақтанышы аса дарынды ғалымы, ағартушысы Шоқан Уәлиханов. Ол осы жағдайға байланысты: «Татар молдалары мен Орталық Азия ишандарының әрекеттері арқасында қазақ барған сайын мұсылманшылық жолға түсіп барады. Қазір қазақтың кейбір сұлтандары, байлары әйелдерін оңаша үйде ұстайтын болды; қазақтар Меккеге баратынды шығарды, жырлар айту орнына, пайғамбарлар туралы жыр, ертекттерді айтады, діни хиссаларды оқиды. Тегі еуропалық мәдениетке Ресейдің Византия дәуірін басынан өткізіп жеткені секілді, қазақ халқы татар дәуірін басынан өткізіп жететін болар. Бұл – оның болашағы бұлдыр, қараңғы деген сөз»- деп, аса бір өкінішпен, торығушылықпен жазған еді. Бұл топ көне білім беру жүйесі дамытуға ұмтылды, бірақ бұл жолдың басты кемшілігі адамның еркін дамуын шектейтін жолдың бірі еді. Ал қоғамдағы өзгерістерге байланысты ескі мұсылмандық білім беру жүйесін жанарту қажеттігін түсінген жаңашылдар- жәдиттерді [3, Б.45] жатқызуға болады.

1905 жылдан соң қадим мектептері қазақ даласында азайып, жадит мектептері көбейген еді. Ресей мұсылмандары дін мектептерінің орта ғасырларда қалыптасқан оқу жоспарлары, бағдарламалары, оқулықтары мен оқыту әдістерін сынаған зиялылар өздерін – жадидтар деп, ал, өздерінің оқыту әдісін – «усули иджадид» [4, Б.12] деп атады. Ресейдегі жадид қозғалысын

Бакчасарайда (қырым) шығатын "Тәржіман" (1883) газеті мен оның бас редакторы Исмаилбей Гаспиринский басқарды. Ол 1884 ж. Бакчасарай қаласында ең алғашқы жадид мектебін ашты. Мектеп үйі, оның ішіндегі заттары: парталар, жазу тақтасы, тарихи және жағрафиялық карталар, глобустар, т.б. көрнекті құралдар, сол сияқты оқулықтар, класс журналы, сабақ кестесі Еуропа елдері мектептерінің үлгісімен жабдықталды. А.Коменскийдің кластық-сабақтық жүйесі: шәкірттерді жылдың тек бір мезгілінде ғана мектепке қабылдау, сабақты жаңаша ұйымдастыру жадид мектептерінің оқу-тәрбие жұмыстарының негізіне алынды. Сол сияқты шәкірттерді ұрып-соғып жазалауға да тиым салынып, қысқасы, Гаспиринскийдің мектебі, Ресейді мекендейтін түрік тілдес халықтар үшін, ескі қадими мектептерді қалай етіп замана талабына сәйкес қайта құруға болатындығы жөнінде эксперимент мектебі, үлгі-өнеге оқу орны болды. И.Гаспиринскийдің жолын ұстаған кісілердің мұсылмандар арасындасаны көбейе берді. Мәселен, Татарстанда А.Баязитов, Д.Кильдеев т.б. "Иттифақ әл муслимн" ("Мұсылмандар одағы") құрылды. Орталық Азиядағы жадидтердің басшылары ақындар Абдур-Рауф Фитрати пен Махмуд Бехбудилер, Файзулла Хожаев, Мунауар Абдурашидов өлеңдерінде Шыңғысхан мен Ақсақ Темірдің қаһармандық күрестерін дәріптеп, зиялыларды Тұран елінің бұрынғы беделі мен абырой-атағын қайтадан қалпына келтіру үшін, күреске шақырды. Бір кездерде Орталық Азияны мекендейтін түркі халықтарының бәріне ортақ әдеби тіл болған – ескі шағатай тілін қайтадан жандандыру жадид мектептері мен жас ұстаздардың халық зиялыларының қасиетті міндеті деп түсіндірді. Олар кезінде "шағатай гүріңі" ("Шағатайша әңгімелесу") деген әдеби үйірмелер ұйымдастырды.

Жадит (төте оқу) мектептеріне мамандар даярлауда Уфадағы ғалия, Хусайния медреселері, Орынбордағы Мұхамедия және қазан медреселері елеулі қызмет атқарды. Қадимнің оқуы араб тілінде жүргізіліп, жалаң діни білім берді. Жадит мектептерінде әдебиет, тіл, есеп, тарих, табиғаттану пәндері де оқытылды. Жалпы алғанда, ірі медреселерде төмендегідей пәндерді оқыту ісі жолға қойылған: фараиз – дүние-мүлікті мұраға қалдыру және бөлу туралы заң: усул-фиких—мұсылман заңдарын зерттеу, хикмет-тарих, философия және жаратылыс ғылымдарының энциклопедиясы, наху-араб тілінің грамматикасы, акаид -догматика, монтық-логика. Сонымен қатар, арифметиканың төрт амалы, орыс тілі, сөйтіп медресе де (жоғарғы мұсылмандық оқу орны) жастардың тәрбиесі мен білім дәрежесін, ой дамуының қалыптасуына әсер ететін барлық дерлік негізгі пәндерден сабақ беріліп, құран көп пәннің бірі болып қалды. Ол кезде қазақ даласында орыс мәдениетіне негізделген ұлт мектептері өте аз болғандықтан, Уфа, қазан медреселерін бітіргендер жадит мектептері арқылы қазақтарға оқу-білім таратуда елеулі қызмет атқарды. Алайда, патша ұлықтары, әсіресе, жандармерия қадим мектептерінің азайып, жадит мектептерінің көбеюінен қауіптеніп, Уфада оқып жүрген шәкірттерді де, дала елдерінде көшпелі төте оқу мектептерін ашқан татар мұғалімдерін де қудалаған. Қазақстанда жадид қозғалысы, Орталық Азия елдеріндегідей қадими мектептер өкілдерінің күшті қарсылығына ұшырамаса да жөнді дамыған жоқ. Жадид мектептері сан жағынан өте аз болды және оларды көбісі қазақ арасында емес, қалаларда орналасты. Сондықтан, жай қарапайым халық жадид мектептерінің ескі қадими мектептерден артықшылығын онша ажырата алмады. Соның салдарынан қазақ арасында жадид мектептеріне деген қажеттілік, құмарлық айтарлықтай күшті болмады. Оған қазақ буржуазиясы мен оқыған зиялылардың сан жағынан аздығы, экономикасының мешеулігі және саясат саласындағы үгіт-насихат тәжірибесінің рулық тартыстар дәрежесінен жоғарылай алмағандығы басты себеп болды.

Қазақстандағы жадид мектептерінің саны, олардың оқу жоспарлары, бағдарламалары мен оқулықтарының негізгі ерекшеліктері осы күнге дейін жұртшылыққа белгісіз, өз зерттеушілерін күтіп отырған маңызды мәселелер. К.Е.Бендриковтың мәліметі бойынша 1909 ж. Сырдария облысында 39, Жетісу облысында 18 ғана жадид мектептері болған [4, Б.14]. Ал, қазақстанның басқа облыстарында, қанша жадид мектептері болғанын айту қиын.

Қазақстан жағдайында, біздің ойымызша қадими мектептерді жадид мектептеріне айналдыру жұмысына көбінесе қазақтың жаңашыл "ғалия" медресесі мен оқушылар семинарияларында орысша білім алған зиялылары батыл кіріскен сияқты. Жадид мектептерін ашып, онда сабақты Еуропа педагогикасы жетістіктері негізінде ұйымдастыруға негізінен солар мұрындық болған.

Тіпті, кейбір қазақ оқытушылары жадид қозғалысы күшейсе қуанып, сәл әлсіресе ренжіп отырған. XIX ғасырдың 80-жылдарында III Александрдың керітартпа саясатының кезінде "Тәржіман" газетіне жасалып отырған саяси қысымның күшеюіне өзінің риза емес екендігін газет редакциясына хат жазып, олардың бастамасын өзінің барынша қолдайтындығын айтып, ниеттестік, қамқорлық көрсеткен кісінің бірі- Ақмешіт уезі, қазалы қаласының тұрғыны, оқытушы Әубәкір Салықов болды. Қатардағы оқытушының жадид қозғалысына үн қосуы, оның әлеуметтік-педагогикалық маңызын жоғары дәрежеде, ол қамтыған аймағының кең болғанын көрсетеді. Мұсылманша білім іздеген қазақ

жастарының көбі ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басында "ғалия" және «Хусоиния» медреселерінде оқыды, әсіресе «ғалия» медресесі [5, Б.22] өзінің ұстаған жаңашылдық бағытымен, ол кезде, жастар арасында өте беделді болды.

Уфа қаласындағы «ғалия» (арабша: алла жоғары) медресесін 1872 ж. Зия Камали деген жаңашыл ғалым ашып, оны көп жылдар бойы өзі басқарған. Осы медресенің шәкірті ғайса Тоқтарбекұлы 1913 жылы «қазақ» газетінде жарияланған мақаласында «ғалия» медресесінде қырыққа жуық қазақ жастарының оқып жүргенін хабарлады. Оның ішінде, Семей облысынан–14 шәкірт, Ақмоладан-7, Астраханнан-6, Жетісудан-6, Торғайдан-5 және Сырдариядан-2 жігіттің [5, Б.20] білім алатынын жазады. Сол «қазақ» газеті 1915 ж. «ғалия» медресесінде қазақ қызы – Мағфура Найманқожа қызының оқытынын да жазады. Сонымен Уфа талай қазақ жастарының білім, тағлым алып, башқұрт, татар жастарымен қоян қолтықтасып, достасқан қаласы. Татар, башқұрт жастарының көбісі ол кезде қазақ даласына келіп бала оқытатын.

«Жымысқы» оялардан ада, қазақ баласына тек жақсылық жасауды ойлап, өз қаражатына мешіт салдырған, жәдидше оқытатын мектеп ашқан біздің ата-бабаларымыз болған екен. Олардың бірі - Жетісу өлкесіндегі (қазіргі Талдықорған облысы, Ақсу ауданында, Ақсу ауылында) «Мамания» мектебі. Бұл мектепті ашқандар Маман әулеті. Кей деректерде Есенқұл және Сейітбаттал Мамановтар деп нақтырақ айтылып жүр.

Кейбір зерттеушілер жазып жүргендей бұл ағайынды жігіттерді бір- бірінен бөле жарып, бұл мектепті Есенқұл ашқан деп нүкте қоюдың біздің ойымызша қажеті жоқ сияқты. Өйткені, кейбір деректерде мектеп бұлардың әкесінің, ағасының атымен Маман, Тұрысбек мектебі деп қосарлана аталады (мәселен, «қазақ» газетінде). Әрине, бұл тұста жас та болса, бас болып бастама көтерген Есенқұлдың еңбегін жоққа шығара алмаймыз, сондай- ақ шама-шарқынша жыл сайын мың жарым сом беріп («Айқап»,1914,N1), жәрдем еткен, оның алдында құрылыс жұмыстарына айтарлықтай қаржы бөлген Сейітбаттал қажының да еңбегін жоққа шығаруға болмас. Болыс болған, би болған, тоғыз болыс Матайды бір өзіне қаратқан Сейітбаттал қажының еңбегін тұстастары "Айқап" журналында (1914,N 1) жақсы жазған [5, Б. 15]. Маман ұрпақтары тек мешіт салып, медресе ашумен шектелмей, қазақ әдебиетінің көсегесін көгертуді ойлап, қазақ топырағында тұңғыш роман жарысын жариялап, бәйге тіккен, өз мектептерінен шыққан ынталы оқушылардың қаражатын көтеріп, ірі шаһарларға оқуға жіберген. Бай атаулының бәрін шық бермес Шығайбайға, сараң қарабайға теңеп, «идеологияның» ықпалында өскен бүгінгі ұрпақ үшін мал - жанын халқы үшін садаға қылған байлардың да болғанын білу- тарихтың шынайы бір парағын ашу болып табылады.

Қазақтың талай баласын қанаттандырған білім ордасы - «ғалия» медресесін бетке ұстап, жалау еткен «Мамания» мектебінде дін сабақтармен қатар, есеп, жағырафия, қазақ тілі, тарих, зоология, орыс тілі пәндері жүргізілген. Маман әулеті мектептің қажетіне жыл сайын көп қаржы бөліп отырған. Мектеп иелерінің оқытушы – ұстаздарды талғаммен, талаппен іріктеп алғанын аңғару қиын емес сияқты, себебі, «қазақ» газетінде жарияланған материалдан мектепте бес оқытушы қызмет істегенін байқаймыз. Олар – Мұсағалиев Ғабдолғазиз, Жиһандаров Файызрахман, Малдыбаев Мұстақым, Хасен, Қожаахмет молдалар. Бұлардың ішіндегі Мұсағалиев Ғабдолғазиз, Малдыбаев Мұстақымдар «Айқап» журналының, «қазақ» газетінің белді авторлары болған. Тіпті татар ағайынымыз Жиһандаров Файызрахман да ішінара «Айқапқа» жазып тұрған көрінеді.

Қазақ арасында роман жарысын жариялап, бәйге тіккен Есенқұл Мамановтың игі бастамасы туралы «Айқап» журналында Мұхамеджан Сералин, «қазақ» газетінде Әлихан Бөкейхановтар пікір білдірген. Екі азаматта Есенқұл Мамановты әйгілі швед байы Альфред Нобельге теңеген. Есенқұл бұл жарысқа сыншылыққа қазақтың игі жақсылары -Әлихан Бөкейхановты, Ахмет Байтұрсыновты, Міржақып Дулатовты, Мұхамеджан Сералинді, Райымжан Мәрсековті, Шәкәрім Құдайбердиевті, Жақып Ақбаевты, Нарманбет Орманбетовты, Нұрғали Құлжановтарды ұсыныпты. Жалпы, Маман әулетін қазақтан шыққан алғашқы меценаттар десе болады. Осы қазақтың алғашқы меценаттары ашқан «Мамания» мектебінің ірге тасының қаланғанына жүз жылдан астам.

Қазақтың талай баласын қанаттандырған білім ордасы – «ғалия» медресесін бетке ұстап, жалау еткен «Мамания» мектебінде дін сабақтармен қатар, есеп, жағырафия, қазақ тілі, тарих, зоология, орыс тілі пәндері жүргізілген.

Маман әулеті мектептің қажетіне жыл сайын көп қаржы бөліп отырған. Мектеп иелерінің оқытушы – ұстаздарды талғаммен, талаппен іріктеп алғанын аңғару қиын емес сияқты, себебі, «қазақ» газетінде жарияланған материалдан мектепте бес оқытушы қызмет істегенін байқаймыз. Олар – Мұсағалиев Ғабдолғазиз, Жиһандаров Файызрахман, Малдыбаев Мұстақым, Хасен, Қожаахмет молдалар. Бұлардың ішіндегі Мұсағалиев Ғабдолғазиз, Малдыбаев Мұстақымдар «Айқап»

журналының, «казак» газетінің белді авторлары болған. Тіпті татар ағайынымыз Жиһандаров Файызрахман да (кейіннен Маман әулетіне күйеу болған) ішінара «Айқапқа» жазып тұрған көрінеді.

Біздің зерттеуімізге негіз болғанда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында казак ғұламаларының көзқарастары бірнеше топқа бөлінсе де, қазір біз екі бағытын қарастырамыз. Өйткені зерттеуге негіз болғанда осы екі бағыт. Біріншісі «қадим», бұл терминді зерттеуші ғалым Л.Жұмалиеваның мақаласынан келтірсек. Қадим – діни бағыттағы молда жалдап, сауат аштырған мектепті айтады. Сабақ араб тілінде, феодалдық-сословиялық мазмұнда жүргізіледі. Әсіресе, Әптиек, Құран, Софы Аллаяр, Шарқитаб, Мұхтасар, Қырық парыз негіздері оқытылады. Олардың ең бастылары Бұхара, Самарқан қалаларында ораналасқан. Бір анығы, ірі мешіт жандарында қадим мектептері негіздегі дәрісхана болды. Мұны көбінше молдадан сабақ алдық деген ескінің әңгімесі анықтайды. Мектептер кейде байлардың демеуімен жұмыс жасады. Қатаң тәртіп болды, сондай-ақ сабақ нақты уақытпен жүрген жоқ.

Екіншісі «жәдидизм «усул-ү жәдид» (жәдит тәсілі) алғашқы түрік зиялылық қозғалысы болып табылатын жәдитшілік қозғалысы он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысының басында тіл, оқу-ағарту және дінмен байланысты салалардағы жаңару қозғалысы ретінде басталған болатын. Бұл қозғалыстың лидерлері Абдұлнасыр Курсави (1770-1814), Муһабеддин Маржани (1815-1889), Абдулкаюм Насыр (1824-1907), және Һусейн Феизхани (1826-1866) болды. Жәдитшілік – Ресейдегі түрік халықтарында болған экономикалық өзгерістердің нәтижесінде және осы өзгерістердің ықпалымен жанданған ояну, жаңалық қозғалысы. Кейінірек «Усул-ү жәдид» қозғалысы бүкіл түрік әлеміне тарау жолын іздеді. Бұл қозғалыс ең алдымен ағарту саласында жаңалықтар енгізуді мақсат еткен. Татар мектептерінде жаңа оқу әдісінің қолданылуының талқылануы кезінде ескі әдісті қолдайтын «қадимшілер» жаңа әдісті қолдайтын «жәдитшілдер» арасында бір тартыс басталған болатын» – [2, Б. 58] деп Яшар Шахиноғлы «Жәдитшілік және Исмаил Гаспаралы» деген мақаласында өз ойын ары қарай өрбітеді. Бұл пікірмен бізде толық келісеміз.

Жәдитшілдер мен қадимшілдер арасында тартыс ұзаққа созылған. Бір-бірін үнемі сынап отырған. Бұл талас-тартыста дерлік жәдит бағытын ұстанған ғалымдар жеңіске жетіп отырған. Өйткені жәдитшілдер дін ілімдерімен қатар заманауи пәндерді де медреселерде оқытуды қолдаған. Қадим мектептері 1905 жылдан кейін күрт кеміп кетті. Оның себебі жәдит мектептері маңызы жағынан одан жоғары тұрды. Сабақ төте оқу бойынша жүріп, әдебиет, тіл, есеп, тарих, табиғаттану пәндері қамтылды. Мамандар Уфадағы Ғалия, Хусайния, Орынбордағы Мухамедия мен Қазан медреселерінен келді. Жәдит мектебін бітіргендердің болашағы да болып, одан кейін Уфа, Қазан медреселерінде оқып, тілмаш, хатшы қызметтерін атқаруға мүмкіндік туды. Л.Жұмалиеваның жоғарыдағы пікірін әріптесі ғалым Д.Қыдырәліде қолдайды. Ол өз ғылыми зерттеуінде былай жазады: Жәдитшілдердің пікірінше, мұсылмандардың артта қалуларының негізгі себебі мұсылмандардың дінді, соның ішінде діннің қайнар көзі Құран Кәрім мен хадисті дұрыс түсінбеуінің және ағарту ісінің заман талабына сай жолға қойылмай отыруынан туындаған еді. Ал, ескілікті жақтаушы қадымшыл молдалар болса, жәдитшілдердің бұл пікірімен келіспейтін еді. Міне, сондықтан, жаңашылдар мен қадымшылдар арасындағы алғашқы келіспеушіліктер де дін негіздері мен мектеп медреселер төңірегінде бас көтерген болатын.

Тарихтан белгілі, Ресей қол астындағы мұсылман жұртшылығының тегіс мойындап, бет түзейтін діни орталығы Бұхара болатын. Өйткені, көптеген ғасырлар бойы тек Түркістанның ғана емес, бүкіл мұсылман әлемінің ірі ғылыми және мәдени орталықтарының бірі болған Бұхара қаласы дін ғылымы мен дүнитану ғылымдардың және сопылық өмірдің біте қайнасқан ортасы еді. Медреселерде медицина, математика, химия, астрономия сияқты ғылым салаларымен бірге діни ілімдерді терең оқытатын Бұхараға ислам дүниесінің түпкір-түпкірінен шәкәрттер ағылып жататын. Алайда, уақыт өте келе Бұхарадағы оқу орындары да тоқырауға ұшырап, кері кете бастады. Жәдитшілдік қозғалысының көрнекті өкілі Садриддин Айнидің пікірінше, Бұхара медреселерінің құлдырау XVI ғасырдың соңына қарай, Бұхара ханы Абдолла ханның 1587 жылы Шираздан келген қонақ профессор Мирзажан Ширазиді Шейх ул-улема етіп тағайындаумен бірге басталды. Дерекке сүйенсек, осы уақыттан бастап, М.Ширази, медреселердегі оқу бағдарламаларына дүниелік пәндердің оқытылуына тиым салған көрінеді. С.Айнидің айтуына қарағанда, ескі Бұхара медреселерінде 10-12 жыл бойы білім алатын шәкірттер мұнда тек діни ілімдерді ғана үйренетін, ал, математика, геометрия, тарих, медицина сияқты дүниеуи ілімдер тіптен оқытылмайтын еді. Сондай-ақ, медреселерге басшылық ететін кейбір атаққұмар молдалар да өз аттарын шығару мақсатында медреседегі оқу бағдарламасына өздері жазған шерһ және хашиелерін, яғни түсініктемелер мен қосымшаларын қосып, уақыт өте келе негізгі кітаптардың оқылмай қалуына негіз болды [1, Б.12].

Д.Қыдырәлінің пікірімен үндес келетін пікірлер көп, солардың бірі зерттеуші ғалым Қ.Жамалов. Қ.Жамалов 2003 жыл «Ұлт тағлымы журналында» берген ғылыми зерттеуінде мынадай қызықты дерек келтіреді «Қазақ даласында ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында кең тарай бастаған тағы бір әлеуметтік қозғалыс татар халқының алдыңғы қатарлы зиялы қауымының арасында пайда болған жәдидшілдік «жаңашылдықтың синонимі... оның жақтастарының кертертпалыққа қарсы күресі» болды. Жәдид – қоғамдық өмір жаңаруы, ол араб сөзінен аударғанда «жаңа» дегенді білдіреді.

Жәдидшілдік патша үкіметінің отарлық саясаты негізінде пайда болып, оның негізін қалаушылардың қойған талаптарының Ресей орталығындағы мұсылман халықтарының нақты сұраныстарына сәйкес қалыптасты. Оның қатарына өткен өмір салт-саналарының қарсыластары, алға өрбудің ғылыми негізін қалауға талпынушылар, ағартушылықтың жаңа жолын ұстауды дәріптеушілер бірікті. Тарихи заман қоғамдық санасы туралы деректі «Айқапта» жаңаша оқу туралы жазылған «Көкшетауда көргендерім» деген мақаладан келтіретін болсақ, онда «Енді мұнан былай балаларыңызды орысша, мұсылманша бірдей оқытып, діні мен күндеріне бірдей ие болатындай қылып тәрбиелей көріңіздер...» деген жәдидшілдік оймен қатар Науан қазірет айтты деген қарсы қоғамдық пікірдің болғанын көреміз.

Жастардың тәрбиесі мен сауат ашу мәселелері жәдидшілердің назарында болды. Ескі қадімдік оқу арқылы уақыт талабына жауап беретін мамандар даярлаудың мүмкін еместігін көре білген олар оқу орындарында реформалар жүргізілуін, ана тілі мен орыс тілдерін кіргізуді қолдады» [5, Б.13], – дей келе олардың жаңа бір белесіне Шоқан, Ыбырай, Абай бастаған халық ағартушыларын қосады.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр бас кезеңінде қазақ даласында ғана емес Орта Азия мен Түркияда да жәдит пен қадим өкілдерінің талас тартысы қызыған кез екенін біз айта аламыз. Ал сол заманда өмір сүрген Абай Құнанбайұлының дүниетанымы мен діни көзқарасы да жәдит бағытында болғанын төменде нақты деректермен келтіреміз. Қазақтың бас ақын Абай есімі Мұхтар Әуезовтың зерттеулерінен кейін халыққа кеңінен таныла бастады. Көптеген еңбектер жазып қалдырсада, Абайдың дүниетанымы мен дініне байланысты тұстарын астарлап немесе мүлдем айта алмай кетті. Сол зерттеулердің ішінде Абай жолының орны ерекше екені баршамызға мәлім. Енді сол «Абай жолының» мына бір жеріне назар аударсақ: Абай жолының екінші кітабының «Еңісте» бөліміндегі сюжетте Абай Әйгерімге үйленгеннен соң жаз бен қыс бойы үйде отырып орыс кітаптарын оқып шығып, ерте көктемде елдің барлығы қыстауда отырғанда Әйгерімнің отауын алып Жидебайдан Ақшоқыға көшеді. Өзімен бірге әке-шеше ауылынан жас балаларды және Кішкене молда деген тәрбиеші молдасымен ала келеді. Қора салатын ұсталардың қасында Әйгерім, Ербол жүреді, ал Абай болса былтыр жазда бастаған орыс кітаптарының бірін оқып үйде отырады. Сол кезде Әйгерім, Ербол және Кішкене молда үйге кіреді. Үйде отырған Абайды көре салып Кішкене молда өзінің таңданысын жасыра алмайды[2, Б.60].

ХХ ғасырда Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын жекелеген тақырыптар бойынша зерттеу қолға алынды. Ол зерттеулер жәдитшілік, Қоқан автономиясы, 1916 жылғы ұлт-азаттық және коммунистік қозғалыс деген тақырыптармен өлке тарихын құраған еңбектерде өлкедегі қоғамдық-саяси үдерістердің мәні таптық көзқараспен ашықтан-ашық бұрмаланды. 50 жылдардың ортасындағы саяси жылымық тарихи танымға тың серпіліс берді және мұрағат қорларынан жаңа құжаттық деректерді ғылыми айналымға ұсынған Т. Елеуов, И.К. Додонов, К.Е. Житов, Х. Иноятов, А.А. Гордиенколардың іргелі зерттеу еңбектері жарық көрді.

Қазақ даласында ғана емес Орта Азия мен Түркияда да жәдит пен қадим өкілдерінің талас тартысы қызыған кез екенін біз жоғарыда көптеген мысалдармен келтіріп өттік. Тақырыптың жаңа кезеңі болып есептелетін 60-80 жылдар ұлт-азаттық қозғалыс, соның ішінде әсіресе автономиялық қозғалыс тақырыбын жаңа қырынан көтерген еңбектерде Түркістан қоғамындағы жастүріктер, жаспарсылар, жасбұхарлықтар, жәдитшілер сияқты идеялық ағымдар мен қозғалыстардың ықпал-әсері ресейлік демократиялық күштердің тасасында қалды.

Әдебиеттер

1. Абдулаев Р. Национально-политические организации в Туркестане в 1917 году // Общественные науки в Узбекистане (ОНУ). – 1996.– №11-12. – Б.73
2. Түрккомиссия және Хұсайын Ибрагимов // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршысы. Шығыстану сериясы, 2006. – №1. – Б. 57-60
3. Тұрсұн Хазретәлі МаханұлыТүркістан ұлттық элитасының қалыптасуы мен қызметінің тарихы (1900-1924 жж.) / Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы Алматы, 2007

4. Абдақимова М.К. К истории национально-освободительного движения в средней Азии (на примере Туркистон Мухторияти) «Ерлердің есімі ұрпақтар есінде» атты Олжабай батырға арналған халықаралық ғылыми– теориялық конференция. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. – Б.10-18
5. Алимova Д.А. Джадидизм в Средней Азии. Пути обновления, реформы, борьба за независимость. Т., 2000. – 24с.

ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ДЖАДИДОВ В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

А.Е. Туякова

В статье рассмотрена проблема мусульманского единства, просветительская и организаторская деятельность джадидов. Авторы, анализируя понятие джадидизм, сопоставили ее деятельность и привносимые ими новации с действующими школами. Наряду с этим показано, что джадидизм для мусульман Средней Азии – это возможность духовной и культурной связи и объединения их идей с мусульманами России и всего мира.

EDUCATIONAL ACTIVITY OF JADIDISM IN A HISTORY OF KAZAKHSTAN

A.E. Tu yakova

The article considers the problem of muslim unity, educational and organizational activities of jadids. Authors, analyzing the term of jadidism, compared it's activities and innovations that have been introduced by them to existing schools. Along with this is shown that jadidism for muslims of Central Asia is the possibility to have a spiritual and cultural connection and associate their ideas with the muslims of Russia and the whole world.

FTAХР: 03.20

Ш.Ә. Қауанова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ: САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢІ (1992-2000)

Аңдатпа: Мақалада Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастығының тарихи кезеңдері сипатталды (1992-2000). Бұл зерттеуде Түркия мен Қазақстан елдерінің 1992-2000 жылдардағы сауда экономикалық қатынастары талқыланды. Екі ел арасындағы өзара сауда-экономикалық қарым-қатынастар 1992 жылы басталды, себебі Қазақстан 1991 жылдың аяғында тәуелсіздік алған болатын, 1992 жылдан бастап бауырлас елдердің дипломатиялық және сауда қатынастары жандана түседі. Зерттеуде екі ел арасындағы импорт пен экспорттық тауарлардың негізгі түрлері қарастырылды. Сонымен қатар, Түркия Республикасы кәсіпкерлерінің ел аумағында жеңіл өнеркәсіп орындарын салып, тәуелсіз Қазақстанның еркін нарық қатынастарына қосқан үлесі туралы айтылды. Қазақ-Түрік экономикалық ынтымақтастық комитеттерінің біріккен отырыстары өтетіні, сауда-экономикалық саласындағы ынтымақтастық бойынша түрік үкіметінің бауырлас халықтарға көмек атты бағдарламасының маңыздылығы көрсетілді.

Түйін сөздер: Қазақстан, Түркия, экономика, сауда, ынтымақтастық, серіктестік, қаражат, тауар.

Тәуелсіздік алғаннан бергі ширек ғасыр аралығында Қазақстан мен Түркия сияқты бауырлас елдер ынтымақтастықтарын жарастырып, достықтарын арттырып, тарих сахнасында мемлекетаралық қатынастардың сапалы түрін көрсете білді. Еліміз Түркияның Орталық Азия мен Еуразия кеңістігіндегі ең маңызды стратегиялық саяси және экономикалық серіктесі болып табылады. Олардың арасында әр сала бойынша маңызды қарым-қатынас орнап, бекіген құжаттар өзара сенімнің кілтіне айналды.

Қазақстан мен Түркия Республикаларының арасындағы экономика және сауда ынтымақтастығы 1992 жылы басталған еді. Қазақстан мен Түркия арасында сол кезде қол қойылған

әртүрлі келісімшарттар мен хаттамалар осы қатынастардың негізінде тұрды және өзара сенімнің кепіліне айналды.

“Бүгін Кеңес Одағы – досымыз, одақтасымыз. Алайда, ертең не боларын бүгін ешкім кесіп айта алмайды. Дүние жаңа тепе-теңдікке ұласуы мүмкін. Міне, сол кезде Түркия не істеу керектігін білуі тиіс. Бұл досымыздың қол астында тілі, діні, тегі бір бауырларымыз бар. Оларға қол ұшын созуға дайын болуымыз қажет! Өзір болу – сол күнді үнсіз күту емес. Дайындалған жөн. Халықтар бұған қалай әзірленеді? Рухани көпірлерді сақтай отырып әзірленеді. Тіл – бір көпір... Сенім – бір көпір... Тарих – бір көпір. Тамыр – тегімізге оралып, сан қилы оқиғалармен сөгілген тарихымызда түгенделуге тиіспіз”-, деп кезінде өсиет қалдырған түрік ұлтының көсемі Мұстафа Кемал Ататүрік бауырлас халықтардың келешекте бірігіп, жоғарыда аталған көпірлерді бірге нығайтатындарын көрегендікпен айтып кеткен. Түрік сияқты ұлы халықтың Ататүріктей көсемінің сол кездерде айтқан мағыналы өсиеті ХХ ғасырдың соңына қарай шындыққа айналды.

Еліміз тарихының баға жеткісіз оқиғаларының бірі – Қазақстанның 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін алуы, Түркия халқын үлкен қуанышқа бөледі. Біздің еліміздің тәуелсіздік алғанын ести сала, алғашқы минуттар ішінде-ақ ең бірінші болып қоңырау шалған, құттықтаған бауырлас Түркияның президенті Түрғұт Озал мен премьер-министрі Сүлеймен Демирел болды.

1992 жылы наурыз айында Н.Назарбаев Сыртқы істер министрі Х.Четиннің басшылығымен Алматыға келген Түрік Республикасының үкімет делегациясын қабылдады. Екі жақты келіссөздер өзара тиімді кең көлемдегі саяси және экономикалық мәселелерді қамтыды. Сол кездесуде елбасымыз Н.Назарбаев Қазақстан үшін Түркия елі ерекше маңызды ел екенін баса айтқан болатын.

Қазақстанның өзге елдермен сыртқы саясатын зерттеуші ғалымдар Г.Б.Хан, Л.С.Суворов, Г.Б.Рахмановалардың ұжымдық монографиялық еңбектерінде қазақ-түрік қарым-қатынасының өрбуін, сауда-экономикалық ынтымақтастығының тарихи жандануын нақты сандық дәлелдермен тізбектеп көрсетеді[1]. 1992 жылы 29 сәуірде Түркия Республикасының сол кездегі премьер-министрі С.Демирел Алматыға ресми сапармен келді. Демирельдің келуі екі ел арасында дамып келе жатқан сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстарға жаңа серпін берді. Түркиямен ынтымақтастық Қазақстан үшін аса маңызды қадам еді. Қазақстандағы кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау мен шетелдік инвестицияларды тартуға негізделіп қайта құрылған түрік экономикасының тәжірибесі еліміз үшін аса құнды үлгі болып табылады деп есептелінді[1;240].

Түркия мен Қазақстанның өзара екі жақты қарым-қатынасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастығының маңыздылығы Л.Абжапарованың диссертациялық еңбегінде орын алды. Зерттеуші ең алдымен екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың дамуы алдындағы алғышарттары мен мақсат міндеттеріне тоқталып, елдердің экономикадағы жетістіктері мен кемшіліктеріне сараптамажасайды. 1994 жылдан бастап, көптеген кәсіпкерлердің қатысуымен жыл сайынғы Түрік-Қазақстан және Қазақстан-Түрік экономикалық ынтымақтастық комитеттерінің біріккен отырыстары өтетіні жайлы сонымен қатар, сауда-экономикалық саласындағы ынтымақтастық бойынша түрік үкіметінің бауырлас халықтарға көмек атты бағдарламасын атап көрсетті. «1992 жылы экономикалық, мәдени және техникалық ұйым - Түріктік Халықаралық Кооперация Агенттігі (ТИКА) құрылды. Агенттіктің негізгі мақсаты -аймақтағы елдерге әртүрлі саладағы жобалар мен бағдарламаларға, оның ішінде ауыл шаруашылығы, білім беру, кіші және орта кәсіпкерлік, энергетика, саяхат және т.б. түріктік көмекті тиімді үйлестіру болып табылады[2;135]».

Екі мемлекет арасындағы экономикалық қатынастардың жетістіктері мен кемшіліктеріне сараптама жасалынды. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайта беру мақсатында Түрік Республикасының сыртқы экономикалық байланыстарды жасап отырған ұйымдары мен Қазақстан Республикасы сыртқы экономикалық байланыс министрлігі арасында қазақ-түрік Іскерлік кеңесін құру жөніндегі хаттамаға қол қою туралы шешім қабылданды. Осы шешімнің нәтижесінде 1992 жылы ақпан айында Қазақ-Түрік іскерлік кеңесі құрылды. Іскерлік кеңестің алға қойған мақсаттарын келесі жарғылар құрады:

а) екі ел шаруашылық ұйымдары мен фирмалары арасында ынтымақты қарым-қатынас орнату және оны дамыту;

ә) алдыңғы қатарлы түрік фирмаларының назарын біздің рынокқа аудару, келісілген жоспарға сәйкес өзара тиімді қатынастарды өрістету;

б) Қазақстандағы шет елдердің экономикалық сауда-саттық және іскерлік топтардың, қоғамдық ұйымдардың жеке өкілдерін шақыру, әрі қабылдау;

в) әртүрлі халықаралық экономикалық ұйымдар мен комитеттердің жұмысына қатысу;

г) экономикалық проблемаларға арналған семинарлар мен баяндамалар ұйымдастыру;

д) шет елдерде ұлттық көрмелер ашуға ұйытқы болу, осындай көрмелер мен жәрмеңкелерге қазақ және түрік ұйымдары қатысқан кезде жарнамалық, насихаттық жұмыстарды жүзеге асыру.

Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық, сауда саласындағы ынтымақтастық туралы материалдарды теориялық тұрғыдан талдап зерттеуге, осы халықаралық байланыстың жан-жақты кеңеюіне екі ел мамандары үлкен мүдделілік көрсетті. Екі ел шын мәнінде, сол кездерде-ақ Орта Азия елдерінің ішіндегі сауда-экономикалық қатынастары нығайған, сенімді әріптестерге айнала бастады.

Нарықтық қатынастарға өту жолын таңдаған Қазақстан басшылығы Республика экономикасын тұрақтандыру мен дамыту шараларының жүйесін жасап, экономикалық реформаларда түрік тәжірибесін мұқият зерттеді.

Түркия мен Қазақстан арасындағы экономикалық және басқа салалардағы байланыстар жолға қойылды. Қазақстан мен түрік компанияларының іс қимылдары үшін барынша кең мүмкіндіктер ашылды. Мәселен, 1992 жылы ірі компаниялардың бизнес өкілдерін, басшыларын С.Демирелдің өзі бастап, Алматыға келді. Олар Қазақстанда табиғи шикізаттар мен ауылшаруашылық өнімдерін өңдейтін жаңа технологияларды бірігіп игеруге және құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындар салуға мүдделілік танытты [1].

1992 жылы «Омега» деп аталатын оралдық аспаптық құрылыс заводында «Комтел» атты біріккен қазақ-түрік кәсіпорыны құрылды. Кәсіпорын құрылтайшылары «ТЕЛЕТАШ» түрік компаниясы мен Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігі және «Омега» заводының еңбек ұжымы.

Ел мен елдің арасындағы дипломатиялық тығыз қарым-қатынастың көрсеткіші, екі елдің арасын жалғастыратын негізгі байланыс көзі-сауда болып есептеледі. Сол кезеңде Қазақстанның бұрынғы КСРО елдерімен сауда қарым-қатынасының дәрежесі азайса да, шетелдермен сауда байланысы нығая түсті: 1993 жылы сыртқы тауар шығару 14% өссе, импорттың көлемі 25%-ға дейін өсті [3,101].

Қазақстанның даму институтының мәліметтері бойынша республика шетел мемлекеттерінен негізінен машина, жабдықтар, өнеркәсіп тауарларын, транспорттық көліктерді сатып алады. Сонымен қатар республикамыздан Түркияға азық-түлік (15,1%), химия өндірісінің өнімдері (8,4%), минералды өнімдер (6,7%), қара металлдың жеке түрлері мен одан жасалған бұйымдар (6,8%) шығарылды [3, 102]. Сауда айналымының көлемі жағынан Түркияның ТМД елдерімен саудасында Қазақстан 3-ші орын алады.

Түркия Қазақстанға электр жабдықтарын, химия өнеркәсібінің өнімдерін, өңделген тері, оның өнімдерін, транспорттық көліктерді, оның бөлшектерін, резина өндірісінің әр түрлі тауарларын және темір, болат өнімдерін, ауыл шаруашылық өнімдерін жеткізді [4, 10].

Түркия мемлекеті 1994 жылға дейін біздің ел экономикасына 500 млн. долларға жуық ақша аударды. Бұл ақшаны «Алембанк» әр түрлі өндірістік және коммерциялық жолдарға жұмсады [5,6].

1992 жылы екі ел арасындағы жалпы тауар айналымы 20 млн АҚШ долларын құраса, 1994 жылы 160 млн долларға көтерілді [6, 1].

Түрік компаниялары отын-энергетика кешенінде ірі жобаларды жүзеге асыруға және металлургия өнеркәсібінің бірқатар кәсіпорындарын қайта жарықтандыруға қатынасты. Сол кездерде «Медеу» қонақ үйін қайта жабдықтау аяқталды. «Анкара» қонақ үйі мен Алматыдағы «Әлембанк» ғимаратының құрылыстары бітті. Түрік «Окан Холдинг» компаниясы Астанада бес жұлдызды қонақ үйі құрылысын бастады. Түркияда темекі мен арақ-шарап сусындарын жасаумен айналысатын «Текел» мемлекеттік компаниясы Алматыдағы «Рейналдс Табакко» темекі компаниясының ортақ иемденушілерінің біріне айналды.

Жеті жылда Түркия мен Қазақстан арасындағы сауда қатынастары 15 есеге артты. 1992 жылы сауда көлемі 30 млн долларды құраса, 1998 жылы 11 ай ішінде ол 430 млн. доллар көлеміне жетті. Екі ел үш-төрт жыл аралығында бұл көлемді 1 миллиардқа дейін арттыруды көздеді. Ал Баку-Жейхан жолымен мұнайды тасымалдау негізінде біздің елдіріміз арасындағы сауда қатынасының көлемі 10 миллиардқа дейін артады деп есептелінді [7, 59].

1993 жылы экспорт – 217,0 мың доллар, импорт – 660,3 мың долларды құрап, 1994 жылы экспорт – 204,3 мың доллар, импорт – 1390,6 мың доллар болған 1995 жылы Түркия мен Қазақстан арасындағы сыртқы сауда айналымы 194677,8 мың долларға жеткен [3, 56].

1995 жылы Қазақстан Түркиядан 17,4 т. кофені 68,5 мың АҚШ долларына сатып алған. Сондай-ақ шайдың 448,9 т.-760,9 мың АҚШ долларына, шемішке майының 2168,2 т 2279, 2 мың АҚШ долл, кондитерлік тағамдардың, какао, қосылмаған тағам түрінен 2,2 мың т. – 4161,1 мың долларға, шоколад, какао қосылған тағам түрлерінен 0,8 мың т. – 1369,9 мың доллар, ұн тағамдары

10,3 мың т – 16412,5 мың доллар, автокөлік резиналарын 3,6 мың дана – 108,1 мың доллар, кара металл өнімдерін 0,2 мың т – 229,0 мың доллар, жеңіл автокөліктер т.б. 1904 дана – 11455,3 мың доллар сатып алды [4, 82].

1996 жылғы мәліметтерге қарағанда екі елдің арасындағы сауда айналымының көлемі айтарлықтай өспегенін байқауға болады. Экспорт 1995 жылға қарағанда 28%-ға қысқарған. Оның басты себебі карметкомбинаттық жұмысының уақытша тоқтап қалуынан болды. Бұл жылы бірлескен кәсіпорындардың жалпы тауар айналымы 51597,2 мың доллар құраса, оның ішінде экспорт – 468,7 м.д., импорт – 51128,5 м.д. жеткен.

1997 жылдың наурызында Түркияға Қазақстан Премьер-министрі Ә.Қажыгелдин ресми сапармен барды. Келіссөздер барасында екі тарап та, әсіресе, сауда-экономика саласындағы қарым-қатынастың жемісті жүргізілуін елдер арасындағы тауар айналымында үлкен табысқа қол жеткізілгеніне назар аударды. Екі жүз түрік компаниясы мен бес жүзге тарта фирма бес жыл ішінде Қазақстан экономикасына капитал салуы екі миллиард доллар мөлшеріне жеткен [8,18].

1997 жылдың басында Түркияның ТМД елдерімен тауар айналымының көлемі бойынша Қазақстан Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орынды иеленді [9, 194]. 1995 жылдың тамыз айында Түркия Премьер-министрі Т.Чиллер Қазақстанға іс сапармен келді. Кездесу барысында екі жақты салық салуды болдырмау туралы келісім, ҚР Ұлттық Банкісімен Түркия Республикасы Орталық банкісінің арасындағы келісімшарт және басқалар болды.

Екі жақты сауда қатынастарын дамытуда жеке азаматтардың да тигізген септігі аз емес. Сол кезде туризм ісін ұйымдастырумен айналысатын фирмалардың көмегімен Түркияға 3-4-7 күнге дейінгі аралықта барып-келу ісі жолға қойылған. Қазақстаннан Түркияға 70-120 мың мөлшерінде туристтер барды. Мемлекеттердің арасындағы бір айға дейінгі виза талап етпеу туралы шарттың бұл арада игі рөл атқарғанын атап өтуіміз керек [10, 34].

Қазақстан Республикасының статистикалық агенттігінің мәліметтері бойынша сауда айналымы 1994 жылы 136 миллион АҚШ доллары болса, 1998 жылы 303 миллион АҚШ долларға өскен. Түркия Республикасының мемлекеттік статистикалық агенттігінің көрсеткіштері бойынша сауда айналымы 1992 жылы 30 миллион болса, 1998 жылғы жалпы айналым 468 миллионға жеткен. 1999 жылы сәл төмендеп 393 миллион болған. Екі елде де 2000 жылғы сауда тасымалы қосылмаған, егер қосқан жағдайда 500 миллионнан асары анық еді.

2000 жылы қарашаның соңында билік елдің оннан астам ірі банктеріне қатысты қылмыстық іс қозғаған кезде Түркияда экономикалық дағдарыс басталды. Инвесторларды түрік қаржы жүйесіне деген сенімсіздік жайлап алды, мұның соңы елден миллиардтаған доллардың шетелге ағылуына және түрік компаниялары акцияларының күрт құлдырауына әкеліп соқты. Осы жайттардың барлығы жинала келе түрік іскерлерінің Қазақстандағы белсенділігінің төмендеуіне ықпал етті [1;255].

Түрік іскерлерінің Қазақстан экономикасын дамытудағы ат салысып, көтеруге кіріскен тағы бір сала-ауыл шаруашылығы болды. Түрік іскерлерінің ауыл шаруашылығындағы негізгі инвестицияларын жіберіп отырған салаларының бірі-ежелден өздері маманданып отырған, бір жағынан Қазақстанда негізгі мол қоры бар-тері өңдеу және былғары өнімдерін өндіру еді. Нәтижесінде қазіргі кезде Қазақстанда теріні өңдеу, одан халық тұтынатын тауарлар дайындау мақсатында 14 бірлескен кәсіпорын құрылған. Олардың бірі 1991 жылдың аяғында құрылған «Актюбинсопром» өндірістік бірлестігі мен Түркияның «Стармод Лейзер КО» фирмасының бірлескен кәсіпорны болатын. Алғаш құрылған бірлескен кәсіпорындардың бірі Алматыдағы түріктің «Алаш Дыш Тыжарет» фирмасымен бірлескен «Алмаст» кәсіпорны. Оның өнімдері ТМД елдеріне экспортқа шығарылды. Тері өңдеп, оның өнімдерін шығарумен айналысқан Жамбыл облысындағы ашылған «Корстам» тері заводы «Дермаксан» және «Сайдан Дери» атты екі бірлескен кәсіпорын болды [2;136].

Жамбыл қаласындағы аяқ киім бірлестігі «Замбак» фирмасымен өзара келісімге келіп «Изджам» аяқ киім өндіретін бірлескен кәсіпорын ашты. Қарағанды қаласындағы «Нұра» ет комбинаты түріктің фирмасымен бірігіп «Қара Алтын» БК-ы құрды. Кәсіпорын жылына 50 мың тері өңдеп, сыртқы киім тігуді жүзеге асырды [11;243].

Семей қаласындағы «Сарыарқа» ет комбинаты Измир қаласы түрік өкілдерімен келісіп біріккен «Семмир» кәсіпорнын құрды. 1-ші кезекте әзірге БК Измирге тері шикізатын жіберіп, одан өндірген товар немесе түскен табыстан валютамен үлес алатын болды. Ал кейін түріктер комбинат жанынан теріні жаңа технологиямен өңдейтін цех ашуды жоспарлады [12;17].

Түрік мемлекетінің 1992-2000 жылдар аралығындағы инвестициялық көмегі еліміздің сауда-экономикалық дамуында сол замандағы озық техникалармен жабдықталған, сұранысқа ие өнімдерді өндіретін кәсіпорындардың салынуына бағытталуы әлеуметтік-экономикалық проблемалардың

шешілуіне нақты септігін тигізетіндігі жоғарыдағы атқарылған істерден байқалды. Дамудың осы тенденциясы 2000 жылдың соңына қарай қиындықтарға кездескенімен, кейіннен өз шешімін тапты.

Қазақстан мен Түркия арасындағы екі жақты сауда-экономикалық байланыстарды дамытудың тиімді механизмі ол мемлекетаралық ынтымақтастық. Түрік елімен сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жандануы, тәуелсіздігін енді ғана алған сол кездегі жас мемлекет- Қазақстанның одан әрі дамуына септігін тигізді.

Әдебиеттер

1. Г.Б. Хан, Л.С. Суворов, Г.Б. Рахманова Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты: Монография. – Алматы: ҚазГЗУ, 2003. – 512 б.
2. Абжапарова Л.Ж Халықтық дипломатия – халықаралық гуманитарлық ынтымақтастықтың даму кепілі ретінде(Қазақ түрік қатынасы). – Алматы, 2014. – 185 б.
3. Әбдіраш Ә. Анкара есігін айқара ашты // Егемен Қазақстан. – 1996. – 14 желт.
4. Бюллетень международных договоров Республики Казахстан. А., 1995. – № 2
5. О визите Премьер-Министра Казахстана А.Кажегельдина Турецкую Республику. // Панорама, – 1997.
6. Жансеитов Ш. Иностранные инвестиции: не упустить бы нам свою выгоду // Мысль – 1994. – №1
7. Жансевер Е. Сауда және экономикадағы бауырластық // Заман Қазақстан 1997 – 11 сәуір
8. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары, келісімдері және жеке заң актілерінің бюллетені. 1997. – №5
9. Тоқаев К. Казахстанская дипломатия: первые итоги, новые задачи // Мысль – 1996. – №5
10. Қайыржанов С. Бауырластармен бірге болашаққа қадам: қазақтүрікмұнай ЛТД бірлескен кәсіпорнының жұмысынан // Атырау, 1997. – 12 сәуір
11. Қазақстан және әлем елдері. Кітап-альбом. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. – 304 б.
12. Имашова И. Современные культурные казахско-турецкие отношения и роль Туркестана в их развитии // Отан тарихы, 2001. – № 2

KAZAKHSTAN AND TURKEY: HISTORICAL STAGES OF TRADE AND ECONOMIC COOPERATION (1992-2000)

Sh.A. Kauanova

The article describes historical stages of economic and trade cooperation between Kazakhstan and Turkey (1992-2000). The relationship began in 1992, because Kazakhstan declared independence at the end of 1991 and diplomatic and commercial relations with Kazakhstan started since 1992. Trade relations between the two countries in this period of 8 years were investigated for in some products. Trade between the two countries has tried to understand this basic reality. It was also noted that the entrepreneurs of the Turkish Republic invested in the country's light industry and contributed to the free market relations of independent Kazakhstan. Also, joint meetings of the Kazakh-Turkish economic cooperation committees took place, and the program of the Government of Turkey resumed to assist the brotherhood in trade and economic cooperation.

КАЗАХСТАН И ТУРЦИЯ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ЭТАПЫ ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА (1992-2000)

Ш.А. Кауанова

В статье описываются исторические этапы торгово-экономического сотрудничества между Казахстаном и Турцией (1992-2000 годы). В этом исследовании изучались торгово-экономические отношения между Турцией и Казахстаном в 1992-2000 годах. Взаимные торгово-экономические отношения между двумя странами начались в 1992 году, когда Казахстан обрел независимость в конце 1991 года, а дипломатические отношения и торговые отношения братских стран начали возрождаться с 1992 года. В исследовании рассмотрены основные виды импортных и экспортных товаров между двумя странами. Было также отмечено, что предприниматели Турецкой Республики инвестировали в легкую промышленность страны и способствовали свободным рыночным отношениям независимого Казахстана. Также состоялись совместные заседания казахстанско-турецких комитетов экономического сотрудничества, и возобновления программа правительства Турции помогать братству в торгово-экономическом сотрудничестве.

МРНТИ: 20.53.21

А.Н. Бидахметов, А.Д. Золотов

Государственный университет имени Шакарима города Семей

ПЛАТФОРМЫ «ІС» ДЛЯ ЛОМБАРДНЫХ ОПЕРАЦИИ

Аннотация: В статье представлено описание проведения ломбардных операций с использованием программы «ІС», выявлены сложности использования данной программы для малых предприятий и предложены решения данной проблемы на основе разработки Многофункциональной программы для ломбарда ПО «Алка». Программный продукт "Алка" – лицензионное решение, которое позволяет автоматизировать операционные процессы ломбардов, включая автомобильные и ювелирные ломбарды. Данный продукт предназначен для автоматизации всех операций, проводимых ломбардами, в частности: операций по оценке и принятию имущества в залог, по предоставлению и возврату ссуды, по начислению процентов за пользование предоставленной ссудой и взиманию платы за хранение залоговых вещей, по проведению торгов и скупке ценностей. Решение ПО "Алка" интегрировано с программой "ІС:Бухгалтерия 8", что дает возможность пользователю вести стандартный бухгалтерский и налоговый учет организации.

Ключевые слова: Ломбард, программное обеспечение, алгоритм работы, «ІС»

Ломбард (по названию Ломбардии, региона Италии) – специализированная коммерческая организация, основными видами деятельности которой являются предоставление краткосрочных займов под залог движимого имущества граждан и хранение вещей.

В зависимости от специализации, в ломбардах принимают драгоценный металл, бытовые вещи, автотранспорт. Оценка стоимости вещей производится по соглашению сторон. Владельцу имущества (заемщику) при заключении договора залога и квитанции хранения (не все ломбарды используют услугу хранения) выдается требуемая сумма, а также именной залоговый билет БСО.

Заемщик, сдавая в ломбард свою вещь, может выкупить её в течение установленного законом или договором периода. При этом цена выкупа определяется как сумма, выданная ломбардом, плюс проценты. Вещь, не выкупленная владельцем из ломбарда вовремя, поступает на торги и реализуется путём аукциона. В мире также распространена практика применения ломбардов в качестве центров скупки драгоценных металлов, притом, что совмещение основной ломбардной деятельности с какой-либо другой (к примеру, скупкой ценностей напрямую, без залоговой формы) в некоторых странах запрещено. Процентные ставки в таких ломбардах фактически являются заградительными, снижая вероятность выкупа обратно владельцем сданной вещи.[1]

Ломбард насчитывает определённые проценты на предоставленную в кредит сумму. В зависимости от ломбарда, в процентную ставку может входить сумма пользования ссудой, хранения и страхования, хотя согласно закону «О ломбардах» страхование заложенного имущества производится за счет ломбарда и выгодоприобретателем остается залогодатель. Ломбарды могут брать проценты только за пользование ссудой/кредитом, за хранение проценты брать запрещено, так как это является отдельной услугой, но ломбарды обходят это требование путём включения данной услуги в стоимость процентов за кредит. Практика хранения имущества (без получения займа, а только хранение) широко используется в Европе и странах Северной Америки, в России особо не прижилась, так как эта услуга попадает под НДС.

В ломбардах нередко применяется практика досрочного взимания процентов, когда при выдаче ссуды с клиента сразу же удерживаются возможные проценты, которые он должен будет заплатить к концу срока залога.

Программное обеспечение для ломбардов предполагает, прежде всего, выполнение учетной функции. Система основана на ведении базы клиентов, информация по которым включает в себя размер займа, залог и сроки выплаты. Таким образом, система регистрации в ломбарде фиксирует все необходимые для дальнейшей работы данные.

Программный продукт ПО «Алка» разработан на платформе 1С: Предприятие 8 как дополнение к типовой конфигурации 1С: Бухгалтерия 8 и предназначен для автоматизации деятельности ломбардов, включая автомобильные (автоломбарды) и ювелирные ломбарды.[2]

В отраслевой специализированной программе ПО «Алка» реализован учет всех операций, проводимых ломбардом: принятие имущества в залог, его оценка, предоставление ссуды, начисление и взимание процентов за пользование ссудой и платы за хранение вещей, возврат ссуды залогодателем, продажа невостребованных вещей с торгов, а также скупка ценностей. Для работы программы требуется установка компоненты «Бухгалтерский учет» системы программ 1С: Предприятие 8.

Программа позволяет совершать операции:

1. выдача кредита под залог имущества;
2. пролонгация;
3. выкуп;
4. реализация заложенного имущества в соответствии с требованиями законодательства.
5. Удобные печатные формы первичных документов.
6. Много настраиваемый модуль расчета процентных ставок.
7. Многообразие отчетов.

"1С Бухгалтерия 8" – новая версия популярной программы для автоматизации бухгалтерского и налогового учета в коммерческих организациях. Она создана на современной технологической платформе "1С:Предприятие 8". Программа вобрала в себя все лучшее, что было реализовано в предыдущих версиях, и то новое, что создано с учетом опыта совместной работы с многочисленными пользователями и партнерами фирмы "1С".

В "1С Бухгалтерии 8" – благодаря своим функциональным возможностям "1С:Бухгалтерия 8" позволяет вести учет в программе предприятиям, осуществляющим любые виды коммерческой деятельности (торговля, производство, оказание услуг), применяющим любую систему налогообложения (ОСН, УСН, ЕНВД, патентную систему налогообложения). При помощи "1С:Бухгалтерии 8" автоматизируется работа не только бухгалтерии предприятия, но и других служб, например, отдела продаж (выписка счетов на оплату, накладных, счетов-фактур).

При помощи "1С:Бухгалтерии 8" автоматизируется работа не только бухгалтерии предприятия, но и других служб, например, отдела продаж (выписка счетов на оплату, накладных, счетов-фактур).

В настоящее время самой распространенной программой для автоматизации бухгалтерского и управленческого учета являются продукты, компании 1С: "1С: Бухгалтерия", "1С: Предприятие", "1С: Управление торговлей". Несмотря на высокую популярность продуктов 1С, отношение пользователей к ним двойственное: много специалистов считают программы 1С лучшими из разработанных средств для автоматизации бухгалтерского учета и управленческого учета, также есть достаточно большое число специалистов, которые считают программы, разработанные компанией 1С "сырым" продуктом, имеющим большое количество недоделок, недостатков и ошибок. Если оценивать программы, серии "1С" объективно, то их нельзя назвать ни плохими, ни хорошими. Давать оценочную характеристику программе "1С" без привязки к конкретно взятому предприятию просто нельзя. Например, для многих компаний «1с бухгалтерия» – это идеальное решение, которое полностью удовлетворяет их требования относительно автоматизации учета. Точно также, для многих компаний данная программа абсолютно не приемлема, поскольку с ее помощью невозможно автоматизировать их бизнес-процессы и решить поставленные задачи. [3]

Существенная разница между понятиями «готовая система» и «платформа». На каждом предприятии используется уникальное решение «1С», реализованное не на строковой конфигурации, а запрограммированное на языке программирования 1С, который встроен в платформу. То есть, при покупке какого либо решения на основе 1С, вы покупаете только "платформу 1С", которую придется до настраивать, дописывать, и дорабатывать под ваши требования. А такие услуги, выливаются в дополнительные затраты, и как правило – незапланированные. Для больших предприятий – это нормальная практика, так как для эффективной работы таких организаций, требуются индивидуально проектируемые продукты по автоматизации бизнес- или техпроцессов. В случае с небольшими предприятиями, такой подход к автоматизации является трудоемким и затратным, как по времени, так и по материальным ресурсам.

1С для Ломбардов специализированная программа для оперативного и бухгалтерского учета в Ломбардах на базе новейшей платформы «1С:Предприятие » для оптимизации затрат на приобретение ПО, с учетом специфики работы малых ломбардов.

Данная программа используется для ломбарда ПО «Алка» и предлагает широкий спектр возможностей:

1. Простота использования. Программа выполнена максимально просто, позволяя экономить время как сотруднику Ломбарда, заносающего информацию в базу данных, так и клиента, ожидающего выполнения этой операции. Программа разработана специально для ломбардных пунктов и рассчитана на пользователей, не имеющих большого опыта работы со специализированными программами.

2. Функциональность решения. Все в программе взаимосвязано и удобно. Для реализации множества связанных операций необходимо выполнить лишь одно действие.

3. «Безошибочная» структура. Программа выполнена с использованием специальных проверочных функций, не позволяющих произвести действие противоречащее сути учета.

4. Прозрачность для руководителя. Список отчетов позволит просмотреть объем прибыли, ее структуру, количество и стоимость залогового имущества, и даже те изменения, которые производились по каждому конкретному залоговому билету, начиная с периода его создания.

5. Интеграция с другими программами. Решение оснащено системой автоматической выгрузки данных в бухгалтерскую программу 1С:Бухгалтерия, что позволяет вести учет в одной базе данных, без необходимости дублирования вводимой информации. По-необходимости, программа может быть интегрирована с собственным интернет-магазином Ломбарда для удобства реализации не выкупленного залогового имущества

ПО «Алка» ориентирован на работу без покупки дополнительного ПО. Это комплексное решение, обладающее обширным функционалом.

Программа для ломбарда «ПО Алка» – это стабильная система управления как одним ломбардом, так и сетью филиалов. Программа объединяет отделения в общую структуру, что ускоряет обмен данными для оперативного анализа и управления.

Благодаря «ПО Алка» учет в ломбарде находится под полным контролем владельца. «ПО Алка» – постоянно совершенствующийся продукт. Регулярные обновления обеспечивают точное соответствие форм и отчетов актуальным нормам действующего законодательства «ПО Алка». Предоставление краткосрочных займов под залог движимого имущества издревле пользуется популярностью у людей. Ломбарды существуют и успешно функционируют вот уже не один век. Основной принцип их деятельности не меняется, а вот система организации труда претерпевают соответствующие времени изменения. В двадцать первом веке уже сложно представить ведение подобного бизнеса без автоматизированных систем.

Программа ломбард от компании «ПО Алка» эффективно выполняет все необходимые функции. При этом являясь, простой и удобной в эксплуатации. Широкий спектр возможностей легко подстраивается под нужды компании при помощи универсальной системе настроек. Благодаря этому ведение дел в ломбарде будет легким и комфортным занятием, а не тягостной волокитной задачей.

Литература

1. Богачева Т.Г. - 1С: Предприятие 8. Управление торговыми операциями в вопросах и ответах / М.Г. Радченко.–Издательство "1С-Паблишинг" 2017. – 979 с.
2. Кашаев С. - Программирование в 1С: Предприятие / Кашаев С.– Издательство "1С-Паблишинг" 2014
3. Николай Селищев - 1С: Бухгалтерия 8.3 для бухгалтера: / Николай Селищев – Издательство "1С-Паблишинг", 2014. – 304 с.

«1С» ПЛАТФОРМАСЫ ЛОМБАРД ОПЕРАЦИЯСЫН БАСҚАРУ

А.Н. Бидахметов, А.Д. Золотов

